

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева,  
Р.А.Абдраимова, М.Н.Диханбаева

# ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып  
мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

# 9



ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.26  
Ж26

Салыхова Б.У. ж.б.  
Ж26 **Жаһандық құзыреттер:** негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбының мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. / Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова, М.Н.Диханбаева. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 88 бет.

ISBN 978-601-201-206-4

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбының мұғалімдеріне арналған «Жаһандық құзыреттер» пәнінің әдістемелік нұсқаулығында пән мазмұны бойынша ұсынылған тақырыптық жоспар үлгісі, қысқамерзімді сабақ үлгілері мен әдістемелік ұсыныстар берілген.

ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.26

ISBN 978-601-201-206-4

© Салыхова Б.У.,  
Акимбаева Ж.Ж.,  
Абдраимова Р.А.,  
Диханбаева М.Н., 2024  
© «Arman-PV baspasy», 2024

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты әріптес!

«Жаһандық құзыреттер» – жаңа леп, заман талабынан туындаған пән. Қоғамда күн сайын қарқынды өзгерістер орын алуда. Жаһандану дәуірінде жаһандық құзыреттер табысты өмір мен мүдделі мақсаттың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл оқулық теориялық біліммен қатар осы құзыреттерді тиімді игеру және қолдану бағдары, жаһандық дағдылар әлеміне бас-тар білім көзі және нұсқаушы болып саналады. Біз мәдениеттердің әртүрлілігіне бейімделу, әлемнің әр бөлігіндегі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау және жаһандық әсерді еске-ре отырып, күрделі мәселелерді шешу қабілеті табыстың негізгі факторына айналатын дәу-ірде өмір сүріп жатырмыз.

«Жаһандық құзыреттер» оқулығының ауқымы кең. Оқулықтағы жұмыс бағыттарын жү-йелі жүргізу мақсатында оқушының жас ерекшелігіне қарай төмендегідей айдарлармен жү-мыс бағыттарын ұсындық.

«Меңгерілетін білім» – сабақтың мақсатынан туындаған талаптар.

«Кел, ойланайық!» – сабақ тақырыбын қозғау алдындағы ойтолғаныс.

Негізгі мәтін ешқандай айдарға тілінген жоқ. Тапсырмалар негізгі мәтін айналасына құ-рылды.

«Түйін сөздер» – сабақ мазмұнына қатысты кілт сөздер

«Талда!» – мәтінге қатысты сұрақтар, ұсынылған ақпаратты талдау.

«Бұл маңызды» – көбіне кілт сөздерге кең түрде түсінік беретін анықтамалар, тақырыпқа қатысты тұжырымдар.

«Ойлан!» – логикалық тапсырмалар.

«Анықта!» – білім-тәжірибеге сүйеніп орындалатын тапсырмалар.

«Жадында сақта!» – маңызды жаднамалар, заңдар, ережелер.

«Зертте!» – зерттеушілік-ізденімдік тапсырмалар.

«Жасап көр!» – АКТ қолданып орындалатын тапсырмалар: жобалар, бейнероликтер т.б.

«Даналардан шыққан сөз» – тақырыпқа қатысты даналық сөздер

«Оқы, қызық!» – тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтер.

«Сәйкестендір!» – ұғымдар мен анықтамаларын, циталар мен авторларын т.б. сәйкестен-діруге арналған логикалық тапсырмалар.

«Ойна да ойла» – ойын түріндегі тапсырмалар: сөзтізбектер, ребустар, сөзжұмбақтар.

«Жағдаяттық тапсырма» – әртүрлі жағдаяттардан шығу жолдарын қарастыратын тапсыр-малар мен іскерлік ойындар.

«Білімінді тексер!» – кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда 9-сыныпқа арналған пәнді оқыту бағытында мұ-ғалімге бағдар болатын әдістемелік және дидактикалық материалдар енгізілген. Үлгі түрінде сабақ жоспарлары ұсынылған.

Нәтижелі табыстар мен шығармашылық серік болсын, әріптес!

## ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары көрсетілген.

Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сыныптың ерекшелігін, жеке ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, оқу тақырыптары мен сабақтың мақсаттарын өзгерісте алады.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
<b>Этика және әдеп</b>			
1	Еңбек мәдениеті	6	Әлеуметтік жобалар Брифингтер Жобалар қорғау Видеожазба дайындау Инфографика
2	Ел игілігіне еңбек ет		
3	Қарым-қатынас мәдениеті және этикет		
4	Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік		
5	Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?		
<b>Азаматтық және патриотизм</b>			
1	Өзгені өзіңдей сыйла	4	Жоба Ситуациялық жағдаяттарды шешу Флешмоб Акциялар
2	Әлеуметтік жауапкершілік		
3	Ертеңгі жастар қандай болмақ?		
4	Ынтымағы жарасқан ел		
<b>Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық</b>			
1	Әлеуметтік желідегі блогерлер	6	TEDx өткізу Жоба Рөлдік ойындар Стартаптар
2	Кибербуллинг		
3	Белсенді және пассивті кірістер		
4	Отбасы бюджетінің түрлері		
5	Отбасы бюджетін жоспарлау		
6	Жинақтарды қалай сақтауға болады?		
7	Қаржы пирамидасы		
8	Қаржылық байлық		
<b>Өмір сүру қауіпсіздігі</b>			
1	Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?	5	Зерттеу жұмысы Ситуациялық жағдаяттарды шешу Рөлдік ойындар Сызбалар құру Конкурстар Видеожазбалар дайындау Пікірталас алаңы
2	Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?		
3	Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?		
4	Жаман әдеттердің алдын алу		
<b>Экологиялық мәдениет</b>			
1	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?	4	Экологиялық акциялар «Біз табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз» тақырыбындағы брифинг «Болашақ Жер» эссе
2	Экологиялық тұрақтылық		
3	Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері		

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
4	Таза экологияға құқылымыз		Жобалар қорғау Макулатура жинау және қайталама шикізатты бөлек жинау «Табиғат дәлсіздіктерге шыдамайды және қателіктерді кешірмейді» тақырыбына видеожазба дайындау
<b>Зайырлылық және дінтану негіздері</b>			
1	Зайырлы мемлекет және дін	10	Жоба Ситуациялық жағдаяттарды шешу Тест тапсырмалары
2	Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі		
3	Діннің құрылымы мен қызметтері		
4	Діннің шығу тегі мен тарихи формалары		
5	Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер		
6	Буддизм. Дін ілімі негіздері		
7	Христиан діні. Дін ілімі негіздері		
8	Ислам. Дін ілімі негіздері		
9	Қазақстан жеріндегі ислам		
10	Ислам мәдениеті		
11	Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі		
12	Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм		
13	Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет. Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты		

## КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Бөлім атаулары	№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
Этика мен әдеп	1	Еңбек мәдениеті	1	
	2	Ел игілігіне еңбек ет	1	
	3	Қарым-қатынас мәдениеті және этикет	1	
	4–5	Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік	2	
	6.	Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?	1	
Азаматтық және патриотизм	7	Өзгені өзіндей сыйла	1	
	8	Әлеуметтік жауапкершілік	1	
	9	Ертеңгі жастар қандай болмақ?	1	
	10	Ынтымағы жарасқан ел		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық	11	Әлеуметтік желідегі блогерлер	1	
	12	Кибербуллинг	1	
	13	Белсенді және пассивті кірістер. Отбасы бюджетінің түрлері	1	
	14	Отбасы бюджетін жоспарлау. Жинақтарды қалай сақтауға болады?	1	
	15	Қаржы пирамидасы	1	
	16	Қаржылық байлық	1	
Өмір сүру қауіпсіздігі	17–18	Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?	2	
	19	Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?	1	
	20	Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?	1	
	21	Жаман әдеттердің алдын алу	1	
Экологиялық мәдениет	22	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?	1	
	23	Экологиялық тұрақтылық	1	
	24	Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері	1	
	25	Таза экологияға құқылымыз	1	

Зайырлылық және дінтану негіздері	26	Зайырлы мемлекет және дін	1	
	27	Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері	1	
	28	Діннің шығу тегі мен тарихи формалары	1	
	29	Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер	1	
	30	Буддизм. Дін ілімі негіздері	1	
	31	Христиан діні. Дін ілімі негіздері	1	
	32	Ислам. Дін ілімі негіздері. Ислам мәдениеті	1	
	33	Қазақстан жеріндегі ислам. Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі	0,5	
	34	Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм	0,5	
	35	Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет	0,5	
	36	Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты	0,5	
<b>Барлығы: 34 сағат</b>				

Біз оқулықта 40 тақырыпты түгел қамтып, 36 параграфқа (33 пен 34-сабақты, 35 пен 36 параграфтарды қосып оқыту ұсынылады) жинақтап бердік. Оның ішінде пән мұғалімінің (сабақты өткізудегі 25 % өзгерту құқығы) өз таңдауы, тақырыптарды қамту, оқушыларға өз материалы мен тапсырмаларын ұсыну еркіндігі бар.

# ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

## I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӨДЕП

### §1. Еңбек мәдениеті


Бөлім:	I бөлім. Этика және өдеп	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§1. Еңбек мәдениеті	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– білім алушы еңбек мәдениеті, адал еңбек, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінеді;</li> <li>– еңбекті қадірлеп, бағалап, еңбектің қуанышын сезіну, іскерлікті жетілдіруе, өз еңбегіннің жемісін сезіну дағдысы дамиды;</li> <li>– ұжым арасындағы татулық, ұжым мүшелерінің бір-біріне сенімі қалыптасып, мәдениеттілікке, шыдамдылыққа үйренеді.</li> </ul>	

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» ойыны.	Шеңбер құрып, қол ұстасып тұрады, қасындағы сыныптасына алғысын білдіріп, кристалды (соған ұқсас зат) табыстайды.	Мейірімді сөздер арқылы кері байланыс жасау: <i>Мен сені жақсы көремін; Құрметтеймін т.б.</i>	Көңілді әуен
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Берілген сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың тақырып төңірегінде өз бетімен жауап іздеу, табу дағдыларын сіңіреті отырып, өзіндік пікір білдіру іскерлігіне үйрету мақсатында сұрақтарды қояды. <b>Түйін сөздер</b> айдарында «еңбек», «мәдениеттілік», «мандай тер», «еңбек ұжымы», «еңбек тәрбиесі» сөздері берілді. Мұғалім бұл сөздерді қалай түсінетіндерін сұрайды. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Еңбек әдептіліктен басталады» мәтінінің мазмұндық желісі бойынша сұрақтарды ұсынып, оқушылармен бірге талдайды. Бұл жұмысты «Парасатты диалог» әдісімен өткізуге болады.	Сұрақтарға жауап беру арқылы өз пікірлерін жүйелі түрде айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Өз ойын дәлелді мысалдармен қорытындылайды. Түйін сөздердің мағынасын « <b>Бұл маңызды</b> » айдарындағы ақпараттан біледі. Еңбек арқылы мінез-құлықты түзетуге болатынына көз жеткізеді. <b>Талдау</b> сұрақтарына жауап береді. Болжалды тұжырым: «Әр адамның еңбек мәдениеті әрқилы, осыдан барып еңбектің нәтижесі де біреуде жоғары, біреуде төмен болады. Еңбек пен мәдениет – адамзаттың негізгі жетістігі, адамның танымдық әрекеті».	<b>Дескриптор:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– ұлттық рухани құндылықтар туралы өз ойын дәлелді жеткізе алады.</li> </ul> <b>Дескриптор:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;</li> <li>– еңбектің адамды қуанышқа бөлейтінін түсінеді;</li> <li>– диалогті парасатты, рефлексивті өткізіп, өз ойлары мен пікірлерін білдіре алады.</li> </ul>	Оқулық Таныстырылым Интербелсенді тақта



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар																																																																
	<p><b>Жадында сақта!</b> Бөлімде берілген Заң баптарын оқып, қысқаша өзіндік ой елегінен өткізіп, есте сақтау керектігін ұсынады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Мұғалім оқушыларды әртүрлі әдіспен топқа бөледі. Берілген тапсырмаларды орындатады. Мұғалім тапсырманы орындауға уақыт бөледі әрі қанша қалғанын хабарлап отырады. Әуезді музыканы баяу қосып қояды.</p> <p><b>Ойна да ойла!</b> Сөзжұмбақты дұрыс шешкенде ерекше жолдан «Еңбеккер» сөзін оқуға болатынын ескертеді. Тапсырма оқулықта берілген.</p> <table border="1" data-bbox="624 1338 963 1785"> <tr> <td>1</td> <td>Е</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td>Ң</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Б</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>Е</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>К</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>Қ</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>7</td> <td>О</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>8</td> <td>Р</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	1	Е							2		Ң						3	Б							4	Е							5	К							6	Қ							7	О							8	Р							<p>2007 жылдың 15 мамырында қабылданған ҚР Еңбек туралы Заңның 1, 4-баптарымен танысады.</p> <p>Ұсынылатын тапсырмалар арқылы балалар өз бетімен оқуға, жұмыс жасауға дағдыланып, салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді. Берілген тапсырмаларды орындай отырып, түсініктерін кеңейтіп, бекітеді. Ойнай отырып, оқушылардың когнитивті дағдылары дамиды, ойнау арқылы балалардың бір сәт бойы мен ойы сергиді.</p> <p><b>Сөзжұмбақтың жауабы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ерекше</li> <li>2. Еңбекші</li> <li>3. Береке</li> <li>4. Егінші</li> <li>5. Кәсіп</li> <li>6. Қайрат</li> <li>7. Оқымысты</li> <li>8. Ризық</li> </ol>	<p>«Мадақтау сөз» әдісі:  <i>Жарайсың!</i>  <i>Жақсы!</i>  <i>Өте жақсы!</i>  <i>Тамаша!</i>  <i>Татын!</i> т.б.</p> <p>Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау</p>	<p>Оқулық  Еңбек Заңы (adilet.zan.kz)  Ак парак, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары  Қанатты сөздер авторлары портреттері</p>
1	Е																																																																			
2		Ң																																																																		
3	Б																																																																			
4	Е																																																																			
5	К																																																																			
6	Қ																																																																			
7	О																																																																			
8	Р																																																																			
Бекіту 5 мин	<p><b>Даналардан шыққан сөз</b> бөлімінде берілген даналардың өсиеттерін оқып, ой түйіндейді.</p> <p><b>Зертте!</b> Инфографика туралы түсінік: Инфографика – оқуды және жариялауды жеңілдету үшін күрделі ақпаратты ұсынудың графикалық тәсілі. Мұғалім тапсырманы орындауға бағыт-бағдар береді. Зерттеу жұмысын жүргізуді үйде орындауды ұсынады.</p>	<p>Даналардың ұлағатты сөздерін оқып, ой түйіндейді.</p> <p>Оқушылар берілген тапсырма бойынша инфографика жасайды. Негізгі мазмұны: Адам ерінбей еңбек етуі арқылы қуанышқа бөленеді. Еңбек шыдамдылыққа тәрбиелейді. Еңбек адамдарын құрметтеу керектігін түсінеді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– адал еңбектің адам өміріндегі мәнін түсінеді;</li> <li>– ақпаратты инфографика арқылы жеткізуді үйренеді.</li> </ul>	<p>Инфографика туралы түсінік (forum.stan.kz)</p>																																																																
Сабақ соңы. 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақ барысында түсінгендерін сұрақтар арқылы тексереді.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.</p>																																																																		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	«Сұрағы бар қорапша» тәсілі. Мұғалім оқушыларға алдын ала дайындалған қорапшаға бүгінгі сабақтан нені түсінгені, нені түсінбегендері туралы парақшаларға жазып қалдыруды өтінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақ туралы пікірлерін парақшаларға жазып, қорапшаға салады.		Қорапша, парақшалар

## §2. Ел игілігіне еңбек ет

Бөлім:	I бөлім. Этика және әдеп		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§2. Ел игілігіне еңбек ет		
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– елге, қоғамға адал қызмет етуді, азаматтық парызды, адам мен қоғам үйлесімділігін түсінуді;</li> <li>– Отан алдындағы жауапкершілікті сезінеді, «Отан», «қоғам» ұғымдарын сүйіспеншілік қасиетімен байланыстыра отырып, тереңірек ұғынады;</li> <li>– сыныптағы бірлескен еңбекте татулыққа, ынтымақ пен бірлікке, адамгершілікке үйренеді.</li> </ul>		

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	1. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 2. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Ал-ғыс» ойыны.	Оқушылар бір-біріне доп немесе жұмсақ ойыншық лақтырып, «Мен саған ... үшін ризамын» деп атайды.	Қолпаштау	Көңілді әуен
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім сабақты түрлендіру мақсатында «Мағынаны тану» т.б. тәсілдерді қолданады. <b>Түйін сөздер</b> айдарында берілген «игілік», «азаматтық парыз», «абырой» сөздерін қалай түсінетіндерін сұрайды, оқушылардың пікірлерін тыңдап, қорытындылайды.	Отан алдындағы азаматтық парыз, ата-ана алдындағы перзенттік парыз, ұстаз алдындағы шөкірттік парыз жөнінде дәлелдер мен мысалдар келтіріп, ойларын тұжырымдайды. Түйін сөздердің мағынасын талдап, « <b>Бұл маньзды</b> » айдарында берілген ақпаратпен танысады. Сөздердің мағынасын ажыратады.	<b>Дескриптор:</b> – ұжымдағы бірлескен еңбек, достық пен татулық қарым-қатынасты бағалау туралы пікір білдіреді; – ел игілігі, қоғам үшін еңбек етудің мәнін біледі; – азаматтық парыз ұғымын түсінеді.	Оқулық Интербелсенді тақта Таныстырылым

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Қоғамға пайдалы азамат болу – парыз» мәтіні ұсынылған. Мұғалім оқушылардың берілген мәтінді қалай түсінгендерін байқау үшін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, әңгімелеседі. «Ел игілігі үшін еңбек ету» ұғымын қалай түсінетінін, ұжымдағы татулық, ұжым мүшелерінің бір-біріне сенімі туралы ойларын біледі. Соңында оқушылармен бірге тұжырым жасайды.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Билл Гейтс пен Илон Масктің табысқа жету формуласын анықтау керек.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз</b> айдарында Абайдың нақыл сөздерін оқып, ой түйіндеуді ескертеді.</p> <p><b>Сәйкестендір!</b> Кестеде ұлы тұлғалар мен олардың игілікті істері туралы мәліметтердің орны ауыстырылып берілген. Оқушыларға ақпаратты сәйкестендіруді ұсынады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> «Жобалық іс-әрекет» әдісін пайдаланады. Жобалау әдісін жүргізерде оқушыларға жобаның мақсаты мен міндеттерін, жоба құрылымын түсіндіреді және орындалатын уақытын анықтауға көмектеседі.</p>	<p>Болжалды тұжырым: «Адам бойында елге, қоғамға деген көзқарас бірден қалыптаспайды. Жүре келе пайда болады. Өзін-өзі үздіксіз жетілдірген адам елі үшін қызмет ете алады. Отан алдындағы, дос пен бауыр, отбасы алдындағы жауапкершілік арқылы қоғамға адал, қалтқысыз қызмет етуіміз керек» немесе осыған ұқсас пікір айтады.</p> <p>Оқушылар олардың ел игілігіне еңбек етіп жүрген тұлғалар туралы ой қорытады.</p> <p>Ақынның жастарды неге шақырғанын саралап, мұғаліммен бірлесіп тұжырым жасайды. Өз пікірлерімен бөліседі.</p> <p>Елі үшін игілікті істер атқарған тұлғалардың есімдерін олар туралы мәліметпен сәйкестендіреді.</p> <p>Тапсырманы сыныпта оқушылар топпен орындап, мәтіндегі әсер еткен ойлар мен ұжымдық еңбек туралы ұсыныстарын жазады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ақпаратты қолданады;</li> <li>– ақпаратты есте сақтайды;</li> <li>– сәйкестендіру кестесін толтырады.</li> </ul> <p>Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау</p>	<p>Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003.</p> <p>Флипчарт, маркер</p> <p>Инфографика бар парақтар</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Өртүрлі мамандық иелері мен олардың қол жеткізген игілікті істері туралы дереккөздерінен ізденіс жұмыстарын жасау. Егер уақыт жетпей жатса, онда бұл тапсырманы үй жұмысы ретінде береді.</p>	<p>Оқушылар «Менің болашақтағы мамандығым» тақырыбына видеожазба жасайды. Келесі сабақта қандай ұқсастықты байқағаны туралы әңгімелейді.</p>		Бірнеше мамандық иелері туралы таныстырылым
Сабақтың соңы. 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақ барысында түсінгендерін сұрақтар арқылы тексереді.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорыту сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.</p>		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	«Сықырлы айна» әдісі.	Бүгінгі сабақ немесе көңіл күйлері туралы бір-біріне сұрақтар қояды, жауап береді. Орындарымен алмасып отырады.		

### §3. Қарым-қатынас мәдениеті және этикет

Бөлім:	I бөлім. Этика және әдеп		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	§3. Қарым-қатынас мәдениеті және этикет		
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қарым-қатынас мәдениеті және этикет туралы білімдерін толықтырады;</li> <li>– сыныпта, еңбек ұжымында сақтауға тиісті қарым-қатынас мәдениеті туралы түсініктерін жетілдіреді;</li> <li>– ынтымақ, сыйластық, сыпайылық, татулықтың адамзат өмірінде алатын орнын түсінеді.</li> </ul>		

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» тәсілі.	Бір параққа өзінің көңіл күйін білдіретін сурет (не смайлик) салады: суретте олар адамның бет-әлпетін келтіру керек (мәселен, күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап т.б). Табиғат құбылысы арқылы да көрсетуіне болады: жарқырап күн шығып тұр, аспан-ды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с. (мұғалімнің қалауына қарай, түрліше өткізуге де болады).	Қолпаштау «Бес саусақ» әдісімен бағалау	Көңілді әуен
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Тақырыптың мазмұнын ашуға негіз болатын сұрақтар арқылы оқушының білім деңгейін саралап, ойларын жеткізіп айта білуге, сауатты сөйлеуге бейімдейді.	Қарым-қатынас мәдениеті және этикет деңгейді қалай түсінетіні туралы пікір алысады.	<b>Дескриптор:</b> – тапсырманы түсініп орындайды;	Оқулық

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<p>«Тында, ойла, болжа» тәсілі арқылы сұрақтарды талдай алады.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «қарым-қатынас мәдениеті», «этикет», «сөйлеу этикеті», «сыпайылық» ұғымдары туралы балалардың түсініктерін тыңдайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Қарым-қатынас мәдениеті де қажеттілік» мәтіні мазмұнын «Блум таксономиясы» әдісімен «Талда!» айдарындағы сұрақтар арқылы талдатады.</p> <p><b>Жасап көр!</b></p> <p>Шығармашылық іс-әрекет арқылы оқушының білімін бекіту тапсырмасын орындатады. Оқушыларды топтарға бөліп, тапсырмаларын бөліп береді және өзі дұрыс орындауға бағыт-бағдар береді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз</b> бөлімінде берілген сөздерді оқып, ой тұжырымын жасайды. Сабақтың тәрбиелік мақсатына көңіл бөледі.</p> <p><b>Ойна да ойла!</b></p> <p>«Қарым-қатынас» сөзінің әрбір әрпінен басталатын адам бойындағы жақсы қасиеттерді сипаттайтын сын есім сөздер жазады.</p>	<p>Бұл тапсырма өз ойларын жеткізе алмайтын, сөзге шорқақтау оқушыларға ойларын жинақтап айтуға жағдай жасайды, сөйлеу этикеті қалыптасады. Оқушылар <b>«Бұл маңызды»</b> айдарымен берілген анықтамаларды оқиды. Өздерінің алып-қосары болса, айтып береді.</p> <p>Оқушылар мәтін мазмұнын талдауға берілген сұрақтарға жауап береді. «Адамдармен дұрыс қатынас жасай білудің пайдасы» туралы ойларын кластерге жинақтайды.</p> <p>Оқушылар берілген тапсырмаларды орындай отырып, түсініктерін кеңейтеді, бекітеді. Алған білім-біліктерін практикалық тұрғыда талдайды, жинақтайды, жалпылайды, дағдыланады.</p> <p>Шәкәрімнің даналық сөзін оқып, ой түйіндейді.</p> <p>Бұл тапсырманы ауызша тез-тез орындау керек. Ойнай отырып, оқушылардың когнитивті дағдылары дамиды, ойнау арқылы балалардың бір сәт бойы мен ойы сергиді.</p> <p>Оқушылар Ақшұтап Бактыгереева ұсынған қарым-қатынас ережелерін оқиды, мағынасын түсініп, есте сақтауға жағтығады. Ереже талаптарын орындау туралы ой түйеді.</p>	<p>– шығармадан өзіне алатын үлгіні саралап айтады;</p> <p>– қарым-қатынас мәдениеті мен этикет туралы білімдерін толықтырады.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>– көпшілік орындарда телефон арқылы сөйлесудің этикеті туралы біледі.</p> <p>– қоғамдық орында мәдениеттілік танытады;</p> <p>– брифинг ұйымдастырып өткізе алады.</p>	<p>Панфилова А. Қарым-қатынас психологиясы. – Мәскеу: «Академия» баспа орталығы. 2014. – 368 б.</p> <p>Флипчарт, маркер</p> <p>Шәкәрім Құдайбердіұлының портреті</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Жадында сақта!</b></p> <p>Мұғалім қарым-қатынас ережелерін есте сақтауға шақырады. Болжалды тұжырым: «Осы тиімді ережелерді өмірінде қолдан және айналаның қаншалықты тез өзгере бастайтынын және өсетінін көресің!».</p>	<p>Оқушылар Ақшұтап Бактыгереева ұсынған қарым-қатынас ережелерін оқиды, мағынасын түсініп, есте сақтауға жағтығады. Ереже талаптарын орындау туралы ой түйеді.</p>		Ақшұтап Бактыгерееваның портреті
Сабақтың соңы. 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b></p> <p>Сабақ барысында түсінгендерін сұрақтар арқылы тексереді.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.</p>		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	«Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын анықтауға болады.	Оқушылар өзін-өзі бағалайды. Стикерді не қима қағазды өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Өз таңдауын түсіндіреді.		Баспалдақ (ватманда, қағаз парағында)


### §4–5. Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік

Бөлім:	I бөлім. Этика және әдеп
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§4–5. Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– «сыбайлас жемқорлық», «пара беру», «пара алу» және «құқықбұзушылық» сөздерінің мағынасын түсінеді және «сыбайлас жемқорлық» ұғымының даму тарихы туралы білім алады;</li> <li>– Отанымыздың байлығын қорғап, ел игілігіне қызмет етуді мақсат ету жөнінде білім-білік дағдыларын және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен күресу жолдары бойынша түсініктерін дамытады.</li> </ul>

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.</li> <li>2. Психологиялық ахуал қалыптастыру.</li> </ol> <p>Сабақтың ұйымдастыру сәтінде психологиялық ахуалды қалыптастыру жағтығуы орындалады. Интербелсенді тактада түрлі бейнежазбалар көрсетіледі.</p>	Бейнежаздағы көріністерді қайталап, оқушылар жағымды күйге енеді. Мысалы: оң қол, ашық алақан бейнесі – амандасу белгісі; күн шуағы – жан-жағына шуақ сыйлау; көңілді смайлик – жан-жағына күлімсіреп қарау; жүрекше суреті – мейірімді сөздер айту.	«Бес саусақ» әдісімен бағалау Жылы сөздермен қоллаптау: Жарайсың!, Тамаша!, Керемет!	Интербелсенді тактадағы бейнежазбалар Көңілді әуен

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар					
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p> <p><b>Кел, ойланайық!</b> «Миға шабуыл» тәсілімен сұрақтарды талдағанды. Сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылық, сыбайлас жемқорлыққа, пара беруге қалай қарсы тұруға болатыны жөнінде әңгімелейді.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «сыбайлас жемқорлық», «пара», «пара алу», «пара беру», «құқықбұзушылық» ұғымдары туралы оқушылардың түсініктерін тыңдайды.</p> <p><b>Оқуға</b> бүгінгі сабақтың тақырыбына сәйкес «сыбайлас жемқорлық» тақырыбында мәтін берілген.</p> <p><b>Талда!</b> «INSERT» немесе түртіп алу стратегиясы» арқылы талдағанды. Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім қосымша түсіндіреді.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Берілген жағдаятты талқылап, брифинг өткізуді ұсынады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу оның өзіндік көзқарасынан, сенімінен, дүниетанымынан, басқа адамдармен қатынасынан, ең бастысы – оның әрекетінен көрінетіндігін айта келіп, жат едетті болдырмау үшін адамның жан дүниесі рухани бай болуы керектігіне назар аударады.</p>	<p>Өз пікірлерін жүйелі түрде айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндайды. Сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылық, сыбайлас жемқорлыққа, пара беруге қалай қарсы тұруға болатыны жөнінде әңгімелейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін қалай түсінетіндерін ортаға салады.</p> <p>Оқушылар <b>«Бұл манызды»</b> айдарында берілген анықтамаларды оқиды. Бұған өздерінің алып-қосарлары болса, айтып береді.</p> <p>Қолдарына қарындаш алып, белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді.</p> <table border="1" data-bbox="786 782 954 1289"> <tr> <td>«V» – білемін</td> <td>«+» – мен үшін жаңа білім (ақпарат)</td> <td>«?» – мені таң қалдырды</td> </tr> <tr> <td>«-» – білмеймін</td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді.</p> <p>Берілген жағдаятты талқылап, брифинг өткізеді. Өз пікірлері бойынша ой қорытындысын жасағаннан кейін «Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолдары» атты қорытындысын сызба түрінде жазды. Ел мүддесін қорғауда табысқа жету сыртқы жағдайлардан гөрі адамның ішкі жан дүниесіне, ниетіне байланысты деген тұжырым жасайды.</p>	«V» – білемін	«+» – мен үшін жаңа білім (ақпарат)	«?» – мені таң қалдырды	«-» – білмеймін			<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сыбайлас жемқорлық туралы түсінеді;</li> <li>– сыбайлас жемқорлықты реттейтін актілер туралы біледі;</li> <li>– сыбайлас жемқорлықтың адам өміріне ықпалы жөнінде әңгімелейді.</li> </ul> <p>«Бес саусақ» тәсілімен бағалау</p>	<p>Оқулық ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы (adilet.zan.kz) «INSERT» тәсілі кестесі сызылған парақшалар</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– брифинг өткізе алады;</li> <li>– сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдарын түсінеді;</li> <li>– адал түрде табысқа жету жолдарын біледі.</li> </ul> <p>Флипчарт, маркер</p>
«V» – білемін	«+» – мен үшін жаңа білім (ақпарат)	«?» – мені таң қалдырды							
«-» – білмеймін									

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Анықта!</b> Ы.Алтынсариннің «Қанағат» әңгімесін түсініп оқып, «қанағат», «сыбайлас жемқорлық» сөздерін талдауды ескертеді.</p> <p><b>Сәйкестендір!</b> Кестедегі нақыл сөздердің жалғасын дұрыс тауып, сәйкестендіреді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөзіндегі түйінді ой-пікірлерді оқушының ұғып алуына, күнделікті өмірінде үлгі-өнеге етуіне, күнделікті өмірде қолдануына бағыттайды.</p>	<p>Оқушылар «қанағат» сөзінің мағынасын анықтайды, бұл сөзді «сыбайлас жемқорлық» ұғымымен салыстыра талдап, кестеге түсіреді.</p> <p>Тапсырманы сергіту сәті немесе ойын түрінде (ауызша) тез-тез орындайды.</p> <p>Абай мен Шәкәрімнің өлең жолдарын оқып, ой түйіндейді.</p>	<p>Қолпаштау арқылы бағалау</p>	<p>Ыбырай Алтынсариннің портреті</p> <p>Абай мен Шәкәрімнің портреттері</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Жадында сақта!</b> Өткен материалдарды жинақтап, тиынақтау мақсатында апаратқа оқушылардың назарын аудартып, бірге талдайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықтың қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне зияны туралы жеке тұлғаның білімі. Ол – индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты тезбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы екенін жете түсіну үшін берілген ақпараттарды оқып, есте сақтау керектігін айтады.</p>	<p>Оқушылар жаднамамен танысады. Есте сақтауға ниет етеді.</p>		
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Мұғалім үй тапсырмасы ретінде «Пара және құқықбұзушылық» тақырыбында дебатқа дайындалуға кеңес береді.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. Дебат өткізуге дайындалады.</p>		
Рефлексия	<p>«Табыс ағашы» әдісі. Жапырақ бейнесіндегі түрлі түсті стикерлер не қиындықтар үлестіреді: жасыл – «барлығын дұрыс істедім», сары – «қиындықтар болды», қызыл – «қателер көп болды».</p>	<p>Әр оқушы өз ағашын сәйкес жапырақтармен безендіреді. Қалауы бойынша жапырақтарға өздерін толғандырған мәселе мен қиындықтарын жазуларына да болады.</p>		<p>«Табыс ағашы» суреті және жапырақ бейнесіндегі стикерлер</p>




## §6. Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?

Бөлім:	I бөлім. Этика және әдеп
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатысушылар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың мақсаты:	§6. Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?
	– «өзіңнен есеп алу» тіркесінің мағынасын, өз ісіне есеп беріп, уақыттың үнемдеудің тиімділігін, нәтижелі іс атқарудың маңызын түсінеді;
	– қоршаған ортаға, қоғамға, өз өміріне пайдалы іс атқарудың мәнін сезініп, ізгілікті, әділеттілікті, уақыттың тиімді пайдалануды үйренеді.

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны.	Барлық оқушы шеңберге тұрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады.	Мейрімді сөздер арқылы: « <i>Сені жақсы көремін</i> », « <i>Сені құрметтеймін</i> » т.б.	Компьютерден көңілді музыка
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім сұрақтар беріп, оны талдау арқылы оқушыларды жаңа сабаққа дайындайды. <b>Түйін сөздер</b> айдарында «әдет», «азаматтық парызы», «өз ісіне есеп беру» ұғымдарының мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды, қысқаша түсініктеме беріп, толықтырады. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> Абайдың он бесінші қара сөзі берілген. Мұғалім түсініп оқып шығуды ұсынады. Қарасөздегі негізгі ой мен оның мәнін ашуды көздейді. Адамның өмірден өз орнын іздеуі барысында жеке адам болып қалыптасу, оның рухани даму кезеңдерін суреттейтін түсіндіреді, мағынасына көңіл бөлуді ескертеді, сөйлемнің мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды.	Оқушылар өз пікірлерін жүйелі айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндай білуге үйренеді. Түйін сөздердің мағынасын талдап, сөздердің мағынасын ажыратады. Білімдерін толықтырады. « <b>Бұл маңызды</b> » айдарындағы анықтамалармен танысады. Сұрақтарға жауап береді. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртөбе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзін есеп ал» деген ақын ойына өз пікірлерін білдіреді. Абайдың тағылымдық сөздерінен ғибрат алады. Адамның қызыққан нәрсені өмірден өзін іздеп, үйрену кезіндегі есті кісі мен есер кісінің парқын ажыратады.	<b>Дескриптор:</b> – өзінің өмірлік ұстанымы туралы сұрақтарға жауап бере алады. <b>Дескриптор:</b> – мәтіндегі негізгі ойды түсінеді; – өзіне өзін есеп берудің маңыздылығын біліп, тақырыптың мәнін ашады; – есті кісі мен есер кісі ұғымдарын ажырата алады. ҚБ. «Мадақтау сөз» әдісімен бағалау.	Оқулық Интербелсенді тақта Таныстырылым Интербелсенді тақта, суреттер, өлеңдер жинағы Таныстырылым Абай. Қара сөз – Книга слов. – Семей: МКА, 2007. – 368 б.

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>«Талда!» Мұғалім сұрақтар бойынша әңгімелесу өткізеді. Алдымен балалардың пікірін тыңдайды «Ой-толғаныс» тәсілімен өткізуді ұсынамыз.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> «Торғайдың үш өсиеті» әңгімесін QR-code-тан тыңдап, ой тұжырымын жасауды ұсынады. Өткен іске өкінбей, өз өмірін мәнді өткізуге тәрбиелейді.</p> <p><b>Сәйкестендір!</b> Кестеде берілген ұғымдарды анықтамаларымен сәйкестендіруді тапсырады. Тапсырманы ойын түрінде немесе бой сергіту тәсілімен де өткізуге болады.</p> <p><b>Ойлан!</b> Тест тапсырмаларын орындатады. Алған білімдерін пысықтайды.</p> <p>Дұрыс жауабы: 1 – А; 2 – Ә; 3 – Б; 4 – А.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Ж.Аймауытовтың «Ең күшті мақсат – бас мақсат» атты шағын мәтінді оқып, ой қорытады. Мәтін мағынасын дұрыс түсінуге бағыттайды.</p>	<p>Уақытын үнемдеудің тиімділігін, нәтижелі іс атқарудың маңызын түсінеді. Пайдалы іс пен әдет, азаматтық парыз, ар-ождан туралы білімдерін толығады</p> <p>Өсиет әңгімесін тыңдап, ой түйіндейді. Торғай мен құшшының әрекетінен түсінгендерін ортаға салады.</p> <p>Ұғымдар мен анықтамаларды сәйкестендіріп, алғырлықтары мен жылдамдықта-рын көрсетеді.</p> <p>Оқушылар тест тапсырмаларын орындап, білімдерін пысықтайды. Жауаптарының дұрыстығын салыстырады.</p> <p>Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсінеді, тұжырым жасайды. Оқушыларда адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік қалыптасады.</p>	<p>Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалайды.</p> <p>Ауызша мадақтау</p>	<p>Оқулық</p> <p>QR-code-тағы тыңдалым материалы</p> <p>Ж.Аймауытовтың портреті</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Сабақ бойы алған білімдері бекітіледі. Абайдың қарасөзі мен Ж.Аймауытовтың мақаласынан түйген ойларын қорытуға бағыттайды.</p>	<p>Берілген инфографикаға ақпаратты маңыздылығына қарай ретімен орналастырып, инфографиканы толтырады.</p>	<p>Өзара кері байланыс жасау</p>	<p>Ақ парақ не вагман</p>
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақ барысында түсінгендерін сұрақтар арқылы тексереді. Адам өмірі туралы философиялық топшылауы, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, ақылды және ақылсыз кісінің айырмасы туралы фило-софиялық көзқарасты түсінуге бағыттайды.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорыту сұрақтарына жауап береді. Өзіне есеп беріп жүрген адам мен өзіне есеп бермейтін адамның әрекетін ажыратады. Адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесін пайымдауға үйренеді.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша бағалауы</p>	
Рефлексия	<p>«Сүйіспеншілік гүлі» әдісі. Балаларға гүл күлтешелері тектес қиылған жапырақшаларды таратып, өз бойындағы жақсы қасиеттерін немесе бүгінгі сабақтан алған әсерлерін, тілектерін жазуды ұсынады.</p>	<p>Әр оқушы жапырақ түрінде кесілген түрлі түсті қағаз алып, жапыраққа өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін (немесе тілектерін) жазады және барлық жапырақтарды тақтаға әдемі гүлдісте түрінде жапсырады.</p>		<p>Жапырақша түріндегі қиынды-лар, гүл суреті салынған вагман</p>

## II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

### §7. Өзгені өзіндей сыйла

Бөлім:	II бөлім. Азаматтық және патриотизм	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§7. Өзгені өзіндей сыйла	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– өзгелердің жеке бас ерекшеліктерін, болмысын қабылдау, қадір-қасиетіне сыйластықпен қарау сияқты мінездерді үйренеді;</li> <li>– адам деген атына, ар-ұяты мен адамгершілігіне сай әрекет етіп, айнала қоршаған ортасына ойымен, сөзімен, ісімен қиянат жасамаудың маңызын түсінеді.</li> </ul>	

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны.	Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы сөздерін айтады.	Мейірімді сөздер: «Сені жақсы көремін», «Мен сені құрметтеймін» т.б.	Көңілді әуен
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Сұрақтар арқылы бірлік, татулық пен келісімге келудің жеке адамға және қоғамға әсерін ұғынуға мүмкіндік жасап, оның маңыздылығы мен мәні туралы әр оқушының ойы мен көзқарасына назар аударлады. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Лұқпан хакімнің ұлына айтқан өсиеттерімен» таныстырады. Күнделікті өмірде ар-ұжданға, адамгершілікке негізделген әрекеттер мен мінез-құлықтар жасау адамды мұратына жеткізіп, жақсылыққа баспайтынын ұғындыруға басымдық беруі тиіс. Талқылауды «Бес сұрақ» немесе «Парасатты диалог» әдісімен өткізуге де болады. <b>Зергіте!</b> Өзгені өзіндей сыйлау үшін адам бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болатынын сөздіктерден тауып, кестені толтыру тапсырмасы беріледі.	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізіп, ойларын баяндап айта білуді үйренеді. Бірін-бірі тыңдау арқылы жаңа нәрсе үйреніп, білімдерін арттырады. Адам қоршаған ортасында еш нәрсеге қиянат жасамау үшін ар-ұжданын басшылыққа алуы керектігіне назар аударып, «Талда!» айдарында берілген сұрақтар негізінде талқылайды. Балалар өз өмірлерінен мысалдар келтіріп айтады. Негізгі түйінді ойлар мен идеяларды іріктеп алып, сараптап, талдап, қорытынды жасайды. Өз көзқарастарын дәлелдеп, сыбаны талқылайды.	Дескриптор: – ұлттық рухани құндылықтар туралы сұрақтарға жауап бере алады.  Дескриптор: – отбасындағы әкенің, ананың рөлі туралы айта алады; – өзінің отбасындағы міндетіне баса назар аударды; – өз өмірлерінен мысалдар келтіреді.	Оқулық Таныстырылым Интербелсенді тақта, Оқулық «Отырар» энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2005. – 449 б.  Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білію». – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б. «Талпын!» т.б.

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	Мұғалімнің мақсаты оқушылардың ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажыратып, өз беттерінше талдап, ойларын қорыта білуге баулу. <b>Даналардан шыққан сөзде</b> Жүсіп Баласағұндың «Құтты білік» кітабынан үзінді берілді. <b>Жасап көр!</b> айдары бойынша өз көзқарастарын дәлелдеп, сыбаны талқылау ұсынылады. <b>Сәйкестендіру</b> айдарында ұғымдарды анықтамасымен сәйкестендіреді.	«Өзгені өзіндей сыйлау» деген сызбадағы мәліметті жұбымен талқылап, өз ойларымен толықтырады. Бұны « <b>Зергіте!</b> » тапсырмасының жалғасы не осы тапсырманы орындауға негіз болатын ақпарат деп қарауға болады. «Толеранттылық», «сабырлылық», «өзімділік» ұғымдарын анықтамаларымен сәйкестендіреді.	<b>Дескриптор:</b> – бірнеше ұқсас идеяны бір топқа біріктіреді; – өз шешімнің дұрыстығын, оның басқа нұсқалардан артықшылығын біледі; – қорытындысын логикалық дұрыс құра алады.	Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары Таныстырылым
Бекіту 5 мин	<b>Ойлан</b> айдарында сөздер мен тіркестерді маңыздылығына қарай орналастырады. <b>Жадында сақта!</b> Толеранттылық туралы мәліметпен таныстырады.	Өз пікірлерін дәлелдей отырып, ұғымдарды маңыздылығына қарай орналастырады. Ақпаратпен өз бетінше оқып танысып, тұжырымының мағынасын ой елегінен өткізеді.	<b>Дескриптор:</b> – жұбының жауабын өз көзқарасымен салыстырады; – толерантты адамға тән қасиеттерді біледі, түсінеді.	
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімді тексер!</b> Сұрақтар қою арқылы бүгінгі сабақтан не үйренді, қандай мәселелер туралы әңгіме болды, нені есте сақтау керек екендігін бекітіп, нақтылайды.	Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.	<b>Дескриптор:</b> – өзгелерді сыйлайтын адамның қасиеттерін біледі; – күнделікті өмірде қолдану артықшылығын түсінеді.	
Рефлексия	Оқушыларға жапырақ түрінде кесілген түрлі түсті қағаздар тарапылады. Оқушылар қағаздарға адамның бойындағы ең жақсы қасиеттерді жазуы тиіс, Оқушылардың пікірі тыңдалғаннан кейін, мұғалім ұқсас тіркестер айту арқылы да қорытуына да болады.	Болжамды тұжырымдар: «Өзгелердің жеке бас ерекшелігін, болмысын қабылдау, сыйластықпен қарау керек, адам деген атына, ар-ұяты мен адамгершілігіне сай әрекет етіп, айнала қоршаған ортасына сөзімен, ісімен қиянат жасамау маңызды».		Жапырақша түріндегі қағаз қиындылары, тақтада гүлдің суреті, макеті немесе жобасы

## §8. Әлеуметтік жауапкершілік

Бөлім:	II бөлім. Азаматтық және патриотизм	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§8. Әлеуметтік жауапкершілік	

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жауапкершілік пен әлеуметтік жауапкершіліктің не екенін біледі;</li> <li>– жауапкершілікті сақтамаудың салдарын түсінеді;</li> <li>– қиын сәтте жауапкершілік танығудың маңыздылығын біледі;</li> <li>– жауапкершілік пен әлеуметтік жауапкершілікті сақтағанда, адам өмірі қандай болатынын саралай алады.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 30 мин	<p>1. Оқушылармен амандау, қағысуын түгендеу.</p> <p>2. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Алғыс» ойыны өткізу.</p> <p><b>Кел, ойланайық!</b> Оқушыларды жаңа сабаққа дайындау мақсатында сұрақтар беріледі, жауаптарын тыңдап, саралайды. Жауапкершілік пен әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын, оларды сақтаудың артықшылығын және адам өмірі мен қоғамға тигізетін әсерін түсіндіріп, қоғамда немесе ұжымда қабылданған құқықтық нормалар мен ережелерді адал, дұрыс орындауға үйретуді мақсағ етеді. Оқушыларға проблемалық мәселелерді шешу, проблемалық жағдай жасау мақсатын да көздейді.</p> <p>«Жауапкершілік», «әлеуметтік жауапкершілік» деген <b>түйін сөздердің</b> мағынасын түсіндіріп, оның іс-әрекеттен көрініп, жүзеге асатыны туралы айтады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершілік» мәтінін оқып, талдауға мүмкіндік жасайды. «Жауапкершілігі мықты адам» инфографикасымен таныстырып, оқушыларға сызбаны толықтыруды ұсынады.</p> <p>«Талда!» айдарында берілген сұрақтармен жұмыс ұйымдастырады.</p>	<p>Оқушылар бір-біріне допнемесе жұмсақ ойыншық лақтырып, «Мен саған ... үшін ризамын» деп өз лебізін білдіреді.</p> <p>Оқушылар жауапкершілік пен әлеуметтік жауапкершілікті сақтаудың артықшылығын және оның адам өміріне, қоғамға тигізетін әсерін түсініп, құқықтық нормалар мен ережелерді адал, дұрыс орындау жөнінде нақты дәлелдер мен мысалдар келтіріп, ой-тұжырымдарын жасайды. Күнделікті өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіреді. Оқушылардың өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізіп, ойларын баяндап айта білуге үйренеді.</p> <p>Оқушылар <b>түйін сөздердің</b> мағынасын түсініп, «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамалармен танысады.</p> <p>Мәтінмен жұмыс істейді.</p> <p>Сызбаны толықтырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Ауызша кері байланысы</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– академиялық адалдық ұғымын түсінеді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– әлеуметтік, құқықтық нормалар мен ережелерді, борыштар мен міндеттерді біледі, түсінеді.</li> </ul>	<p>Оқулық</p> <p>Таныстырғылым</p> <p>Әлеуметтік жауапкершілік және этика (орену.kz)</p> <p>Оқулық</p> <p>Инфографика</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Сәйкестендір!</b> Ұғымдар мен анықтамаларын сәйкестендіру тапсырмасы берілген. Оқушыларды сергіту мақсатында ойын түрінде ұйымдастыруға да болады.</p> <p><b>«Жасап көр!»</b> айдарында «Жауапкершілік – өмірлік ұстанымым» тақырыбында өтетін флэшмобтың жоспарын жасау тапсырмасы берілген. Бұл тапсырмада оқушылардың шығармашылығына басымдылық берілуі маңызды.</p> <p><b>Зертте!</b> Оқушылардың сабақтағы теориялық білімді өмірде қолдана білуінің көрсеткіші ретінде сауалнама жүргізу тапсырмасы берілген. Үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> «Адамның бақыты жауапкершілікпен байланысты ма?» сұрағына жауаптарын тыңдайды.</p>	<p>Оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді, тапсырманы орындайды тапсырманы үй тапсырмасы ретінде үйде жалғастырады.</p> <p>«Жауапкершілік – өмірлік ұстанымым» тақырыбында өтетін флэшмобтың жоспарын жасайды.</p> <p>Оқушылар нақты адамдар тобына (сыныптастары) сұрақтар қою арқылы ақпарат жинайды, алынған ақпаратты өңдеп, қорытынды шығарып, кесте толтырады.</p> <p>«Жауапкершілік деген – өміріңе ұқыптылықпен қарау» мәтінін QR-code-тан тыңдап, өз шешімі мен ой тұжырымын айтады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– негізгі түйінді ойлар мен идеяларды іріктеп, талдап, қорытынды жасайды.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоспарлайды;</li> <li>– іс-әрекет қадамдарын жасайды;</li> <li>– жоспар бойынша әрекет етіп, нәтижесін шығарады.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– нақты адамдар тобына сұрақ қою арқылы ақпарат жинайды;</li> <li>– ақпаратты өңдеп, қорытынды шығарады;</li> <li>– кестені толтырады.</li> </ul>	<p>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары</p> <p>Оқулық</p> <p>QR-code-та берілген тыңдалым материалы</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Анықта!</b> Мұғалім берілген ой тұжырымдарды оқып, дұрыс/бұрысын анықтау тапсырмасын орындатады.</p>	<p>Оқушының өз шешіміне мұқият болуға, сондай-ақ теорияны өмірмен салыстырып қарауға дағдыланады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– шешімнің дұрыс/бұрыстығын анықтайды;</li> <li>– өмірмен байланыстырады.</li> </ul>	
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Карастырылған мәселені меңгерген білімдерімен, алынған жауаптарымен байланыстыра қарап, талқылайды. Білім-біліктерін жинақтап, талдауға бағыттайды.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау мақсатында қойылған сұрақтарға жауап береді. Ой қорытады. Өз әсерлерімен бөліседі.</p>	<p>Ауызша кері байланыс</p>	
Рефлексия	<p>Сабақтың соңында әр оқушыға кластер құрғызады. Парақтың ортасындағы шеңберге есімдерін жазып, одан таратылатын шеңберлерге «Мен неліктен өзімді жауапкершілігі зор адамдар санатына жатқызамын?» деген сұраққа бес жауап жазады.</p>	<p>Оқушылар жұмыс аяқталғаннан кейін өз жазғандарын топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді.</p>		Таныстырылым

## §9. Ертеңгі жастар қандай болмақ?

Бөлім:	II бөлім. Азаматтық және патриотизм	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§9. Ертеңгі жастар қандай болмақ?	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Жастар елдің басты байлығы екенін, еліміздің үміті, жарқын болашағы жастардың жауапкершілігінде екенін біледі;</li> <li>– әртүрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес конструктивті шешіп, ізгілікті қарым-қатынас жасай алады;</li> <li>– қоғамға қызмет етудің маңызын түсінеді.</li> </ul>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандау, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» әдісі.	Оқушылар бүтінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады.	«Қолпаштау» тәсілімен бағалау	
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Оқушыларға проблемалық мәселелерді қою және оны шешу, проблемалық жағдай жасау мақсатын көздей отырып, сұрақтарды қояды. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> Жастардың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымын тереңірек түсіндіру мақсатында Ә.Ысқақтың шығармасынан үзінді берілген. Мұғалім оқушылар назарын жастардың іс-әрекеттерін, мінез-құлқын жақсылыққа қарай жетілдіретін кеңестерге аударуы тиіс. Мәтінді талқылау үшін «Талда» айдарындағы сұрақтарды пайдаланады. <b>Бұл маңызды</b> айдарында сабақ тақырыбы мен оқу мақсатына сәйкес дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалар берілген. <b>Зертте!</b> Жастар арасындағы негізгі мәселені анықтау мақсатында ұстанатын құндылықтарын анықтап, олардың портретін (бейнесін) жасау тапсырмалары берілді.	Оқушыларға сұрақтарға жауап береді. Мәтін бойынша сұраққа жауап береді, жоспар жасайды, бірнеше бөлімге бөліп оқиды, мәтіндегі негізгі, жанама ойды тауып, қорытынды жасайды. Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. Берілген ақпаратты оқушылар оқып, есте-ріне сақтап алып қана қоймай, өз ой тұжырымдарымен салыстырып, қосымша бол-жам жасап, нақты қорытындылар жасайды. Шығармашылық жұмыстарды орындауда сабақта алған білімдерін көрсетеді. 2-тап-сырмада сауалнама жүргізіп, нәтижесі бо-йынша қорытынды шығарады.	<b>Дескриптор:</b> – еліміздің ертеңі жастардың жауапкершілігіне байланыс-ты екенін біледі; – негізгі құндылықтар мен қасиеттерді біледі. – мәтін бойынша сұраққа жауап береді. – жоспар жасайды; – мәтіндегі негізгі, жанама ойды табады; – қорытынды жасайды <b>Дескриптор:</b> – ақпаратты оқып, есте сақ-тайды, – өз тұжырымымен салысты-рып, қорытынды жасайды. – жастар арасында сауалнама жүргізеді;	Оқулық Таныстырылым Интербелсенді тақта Оқулық ҚР 2015 жылғы 9 ақпандағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы Тақта, ватман, маркер.

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>«<b>Жағдаяттық тапсырма</b>» айдарында берілген тапсырма оқушыларға біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйретеді. Мұғалім оқушыларды топтарға бөледі.</p> <p><b>Жасап көр!</b> айдарында мұғалім сыныпты 3 топқа бөліп, проблемалық тапсырмалар орындатады. Өткен материалды қайта жаңғыртып, оқушыларды іздендіріп, әр топтың ойлау белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайды.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Отан әр адамда жалғыз, еліміз бен жерімізді қорғау перзенттік парызымыз екені туралы тәлім-тәрбие береді.</p> <p><b>Білімінді тексер!</b> Білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру мақсатында «INSERT» стратегиясы берілген.</p>	<p>Түрлі көзқарас, ой-пікірді ортаға салып, талқыға салады. Пікірсайыста қате көзқарасты әділ сынап жеңу көзделеді.</p> <p>Оқушылар тапсырманы топпен орындап, білімдерін, дағдыларын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік туалы. Топтық жұмыста оқушылар өздеріне берілген проблемалық сұрақтарды топ болып шешіп, өз тобының атынан қорғайды.</p> <p>Оқушылар ақпараттармен танысып, есте сақтайды.</p> <p>Ой қорытады. Ой қорытындысын ББҮ кестесіне жазады.</p>	<p>— сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды шығарады;</p> <p>— жастар арасындағы негізгі мәселені анықтайды.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>— сұрақтарға жауап береді;</p> <p>— нақты дәйектер мен дәлелдер келтіріп, пікір алмасады.</p>	<p>Таныстырылым</p> <p>М.Жұмабаевтың портреті</p> <p>Таныстырылым</p> <p>ББҮ кестесі</p> <p>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер</p>
Бекіту 5 мин				
Сабақтың соңы 5 мин				
Рефлексия	<p>Оқушының оқыту процесі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін анықтау және өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру мақсатында мұғалім рефлексия өткізеді.</p>	<p>Оқушы парақтың ортасындағы шеңберге «Ертеңгі жастар қандай болуы керек?» деген сұрақ жазып, оған бес жауап жазады. Өз жазғандарын топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды</p>		


## §10. Ынтымағы жарасқан ел

Бөлім:	II бөлім. Азаматтық және патриотизм	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§10. Ынтымағы жарасқан ел	
Сабақтың мақсаты:	<p>— еліміздің теуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат құндылықтар екенін біледі;</p> <p>— еліміздегі бірлікті нығайту әрбір адамның міндеті екенін түсінеді;</p> <p>— татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде керек екенін біледі, түсінеді.</p>	



Сабақтың барысы

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Пеихологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» әдісі.	Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады.	«Қолпаштау» тәсілімен бағалау	Оқулық
Сабақтың ортасы 30 мин	<p>Проблемалық жағдаят тудыру мақсатында «<b>Кел, ойнайық!</b>» айдарында берілген сұрақтарды қояды. Әр оқушының пікірін тындап, мәселенің шешмін бірге табуды мақсат етуі тиіс. Талқылаудың өзіндік ережесін сақтау, дұрыс пайдалану арқылы оқушының стандартты емес шығармашылық ойлауын дамытады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясында сөйлеген сөзінен үзінді берілді.</p> <p><b>Талда!</b> Мұғалім еліміздегі татулық, тұрақтылық және бірліктің мәні мен мағынасына терең үңіліп, ынтымағы жарасқан қоғам құрамыз десек, заң мен тәртіпке мүлтіксіз бағынуымыз қажеттігін түсіндіруге басымдық береді. Төменде берілген сұрақтар негізінде, талқылау жүргізеді.</p>	<p>Оқушыларға сұрақтарға жауап береді. Ой қорытындыларын жасайды.</p> <p>Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. Мәтін бойынша сұраққа жауап береді, жоспар жасайды, бірнеше бөлімге бөліп оқиды, мәтіндегі негізгі, жанама ойды тауып, қорытынды жасайды.</p>	<p>Ауызша кері байланыс</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтін бойынша сұраққа жауап береді;</li> <li>– жоспар жасайды;</li> <li>– бірнеше бөлімге бөліп оқиды;</li> <li>– мәтіндегі негізгі, жанама ойды табады;</li> <li>– қорытынды жасайды.</li> </ul> <p>«Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау</p>	<p>Таныстырылым</p> <p>Оқулық</p> <p>ҚР Конституциясы, 2-бөлім, 10–19-баптар</p> <p>Тақта, ватман, маркер.</p> <p>Таныстырылым</p>
	<p><b>Жасап көр!</b> 1-тапсырманың мақсаты оқушыларға тақырыптағы түйінді ой немесе идея туралы дайын ақпарат бермей, проблемалық ситуация туғызып, одан өз беттерінше ізденіп, шығармашылықпен дұрыс жауап табуға жетелеу.</p> <p>2-тапсырмада мұғалім оқушылар шығармашылығына басымдық береді.</p> <p>«<b>Сәйкестендір</b>» айдарында «бауырмалдық», «бірлік», «отандас», «ынтымақтастық» ұғымдарын тереңірек түсіндіру мақсатында сәйкестендіру тапсырма берілген.</p>	<p>Сабақ бойы алған білімдерін шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы көрсетеді.</p> <p>Оқушылар түрлі ақпарат көздеріне нақты дәлелдер мен дәйектерге сүйеніп ақпарат жинап, қысқаша видеожазба жасайды.</p> <p>Оқушылар тапсырманы орындағанда әрбір ұғымның өзіне сәйкес келетін анықтамасымен сәйкестендіруі тиіс.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– берілген ақпаратты оқып, естеріне сақтайды,</li> <li>– өз тұжырымын жұбынікімен салыстырып, қорытынды жасайды.</li> </ul> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– берілген ақпаратты оқып, салыстырады;</li> <li>– сөздердің анықтамасын табады.</li> </ul>	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> 1. Берілген тақырыпта зерттеу жұмысын ұйымдастырады. Зерттеу нысанын оқушы өзінің айналасынан, жақын адамдарынан және газет-журналдардан, интернеттен іздейді. 2. «Жерұйық» фильмін (реж. Сламбек Тәуекел) көріп, берілген тақырыпта эссе жазу. Көркем фильмнің үзінділерін көрсетуге, көрсеткім алдында оқушыларға талқылауға сұрақтар беріп, дискуссия өткізуге болады. Егер уақыт жетпей жатса, онда бұл тапсырманы үй жұмысы ретінде беруге болады.	Тапсырма жұмыс дәптеріне орындалады. Оқушылар түрлі ақпарат көздеріне нақты дәлелдер мен дәйектерге сүйеніп ақпарат жинап, қысқаша видеожазба жасайды. Фильм бойынша дискуссияға қатысады, қорытынды шығарады. Пікірталас барысында «Оқиға әрі қарай қалай өрбиді немесе қалай аяқталады?» деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Соңында оқушылармен бірге талдап, қорытындысын шығарады.	<b>Дескриптор:</b> – ақпаратты газет-журналдардан, интернеттен іздейді; – нәтижесін слайд, бейнежазба немесе подкаст т.б. түрінде жасайды.	«Жерұйық» фильмі. Реж. С.Тәуекел
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Ойлан!</b> Оқушылардың сабақта алған білімдерін тексеру мақсатында тест тапсырмалары берілген. Дұрыс жауабы: 1 – А, 2 – А, 3 – Ә. <b>Білімді тексер!</b> Қарастырылған мәселені меңгерген білімдерімен, алынған жауаптарымен байланыстыра қарап, талқылайды. Білім-біліктерін жинақтап, талдауға бағыттайды.	Тест тапсырмаларын орындайды.  Білім алушылар нақты қол жеткізген нәтижелерін оқығудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіреді.	«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау	Таныстырылым
Рефлексия	«Сен бұл ағаштың қай жеріндесің?» атты «Блоб ағашы» рефлексиясы.	Ағаштағы адамдардың көңіл күйі әртүрлі және әрқайсысының өзіне ғана тән орны бар. Оқушы өзіне қай адам ұқсайтынын анықтап, ұқсағысы келетін адамды тандайды және өзін-өзі бағалайды.	Блоб ағашы арқылы бағалау 	Блоб ағашы салынған ватман

### III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

#### §11. Әлеуметтік желідегі блогерлер

Бөлім:	III бөлім. Медиаसाуаттылық және қаржылық сауаттылық	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§11. Әлеуметтік желідегі блогерлер	

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– интернет желісінің құрылу, жұмыс істеу жолдары жөнінде мағлұмат алады;</li> <li>– блогер ұғымының мәнін ашады, блогер қалай қызмет ететінін түсінеді; өз көзқарасын айтады;</li> <li>– медиа мәдениеттің дамуына ықпал етеді; сақтық шараларын есте сақтайды.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Песихологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» тәсілі.	Оқушылар көңіл күйлерін табиғат құбылыстары арқылы көрсетеді: жарқырап Күн шығып тұр, құстар қалықтап ұшып, мез болуда, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с.	Ауызша мадақтау: <i>Жарайсың! Керемет! Көңіліміз көтеріліп қалды!</i>	Интербелсенді тақта, компьютер, әуезді музыка
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесіп талқылайды. Оқушыларда жан-жақты түсінік қалыптастыру үшін блогерлердің кім екенін, әлеуметтік жауапкершілік туралы әңгімелейді.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «блог», «аккаунт», «онлайн-платформа», «инфлюенсер», «стартап» ұғымдарының мағынасын анықтауға бағыт береді.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Егемен Қазақстан» газетінен алынған «Танымал блогерлер Қазақстанды таныстырды» тақырыбымен берілген мәтінді оқып, «блогер» ұғымын меңгереді, «әлеуметтік жауапкершілік», «әлеуметтік капитал», «мінез-құлық шешімдері» жөнінде сауаттылықтарын артырады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Бұл айдардағы тапсырмаларды орындау арқылы «блогер» туралы ізденіс жұмыстарын жасап, түсініктерін толықтырады. Оқушыларды топқа бөліп, 1-топқа тақырып бойынша ақпарат жинап, блогер туралы сызбаны толықтыруды ұсынады. 2-топ тапсырмасының мақсаты – онлайн-платформа туралы занды білу, қолдана алу тәжірибесін есте сақтауға жетелейді. Мұғалім онлайн-платформа және онлайн-жарнама туралы занды қысқаша айтып береді.</p>	<p>Оқушылар «блог», «блогерлер» туралы өз түсініктерін әңгімелейді. Өздері білетін блогерлер, егер өзі блог ашса, қандай тақырыпта жүргізетіні жөнінде пікір алмасады.</p> <p>Оқушылар бұл сөздердің мағынасы туралы өз білетіндерін айтады және <b>«Бұл маңызды»</b> айдарында берілген анықтамалармен анысады.</p> <p>Оқушылар берілген мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. «Блог», «блогер» туралы білімдері кеңейеді және әлеуметтік желіні қолданудан функционалдық сауаттылықтары артады.</p> <p>1-топ тақырып бойынша ақпарат жинап, блогер туралы сызбаны толықтырады. 2-топ алдыңғы бөлімде «Жерұйық» фильмі туралы жазған эссені өңдеп, бір әлеуметтік желіге қазақ халқының бауырмалдығы туралы пост жариялайды. 3-топ инфлюенсерлердің (блогерлердің) құдықтары мен міндеттерін талқылап, сызбаға жазды.</p>	<p>ҚБ «Басбармак» әдісімен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– кілт сөздердің мағынасын ұғалды;</li> <li>– «Блог», «блогер» туралы білімдері кеңейеді;</li> </ul>	<p>Оқулық</p> <p>ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы.</p> <p>Флиппчарт, маркер, ақ парақтар</p> <p>Смайликтер</p> <p>Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы Заң 10.09.2023 ж. күшіне енді. (adilet.zan.kz)</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<b>Зертте!</b> Берілген айдардағы тапсырмалар оқушылардың ізденіс жұмыстарын жасау арқылы бүгінгі сабақтан алған білімдерін пысықтап, бекітуге пайдасын тигізеді.	Әр оқушы алдымен өзі орындайды, көршісімен ақылдасады, топқа түсіндіреді. Екінші тапсырманы үй жұмысы ретінде үйден орындайды.		
Бекіту 5 мин	<b>Жадында сақта!</b> Егер балалар болашақта онлайн-платформа ашатын ойы болса не жарнама бергісі келсе, осы заңның кей тармақтарымен таныс болуды ескертеді.	Оқушылар жаднаманы оқып, есте сақтайды. Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заң жинақтарымен танысады.		
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Сурақтар қою арқылы бүгінгі сабақтан не үйренді, қандай мәселелер туралы әңгіме болды, нені есте сақтау керек екендігін бекітіп, нақтылайды.	Оқу аппаратындағы білім оқушылардың медиа- және қаржылық сауаттылықтарын арттырып, әлеуметтік желідегі блогерлердің жұмысы туралы білімдерін жетілдіреді.	Ауызша кері байланыс	
Рефлексия	Оқушылардың бүгінгі сабақты қалай түсінгендерін байқау мақсатында «INSERT әдісін» қолданады не басқаша түрлендіруіне болады.	Оқушылар кестені толтырып, мұғалімге қалдырады.	«V» «+» «-» «!»	Рефлексияға арналған парақшалар

## §12. Кибербуллинг

Бөлім:	III бөлім. Медиаसाуаттылық және қаржылық сауаттылық
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§12. Кибербуллинг
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– кибербуллинг жөнінде мағлұмат алады; құқығы мен бас бостандығын қорғау туралы білімдерін толықтырады.</li> <li>– кибербуллинг құрбаны болмау үшін не істеу керек екенін зерттеу дағдыларын дамытады;</li> <li>– әлеуметтік желілерде кибербуллингке ұшырамас үшін не істеу керектігін біледі, өзін-өзі қорғай білуге төселеді.</li> </ul>

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру.	Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасады да, қасындағы сыныптасының көзіне қарап	Ауызша мадақтау: <i>Тамаша! Алғысым шексіз!</i>	Кристал тәрізді ойыншық зағ

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	«Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» тәсілі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	тұрып, оған өз алғысын білдіріп, кристалды табыстайды.		Оқулық
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Бұл айдарда ұсынылған сұрақтар сабақ мазмұнының тереңдігін кеңейте түседі. Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесіп талқылайды. <b>Түйін сөздер</b> айдарында «кибербуллинг», «корлау», «қудалау», «TED» ұғымдарының мағынасын анықтауға бағыт береді. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқулықта «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында берілген мәтінді түсініп оқиды. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген сұрақтар арқылы не түсінгендерін талдайды. <b>Жасап көр!</b> Бүгінгі таңда технологиялар біздің өмірімізді түбегейлі өзгертіп, әдеттегі тұрмыс салтына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар цифрлық зорлық-зомбылық деп аталатын жаңа қауіпті де алып келеді. Бұл айдарда оқушыларға кибербуллинг тақырыбында Tech форматында конференция өткізу берілген. <b>Жадында сақта!</b> Бұл айдарда егер бала кибербуллингке тап болса, онда не істеу керектігін есіне сақтауы тиіс.	Жаңа сабаққа кіріспе ретінде берілген сұрақтар балалардың ойлануына жауап беруіне, өз пікірін ашық айтуға төселдіреді.  Оқушылар бұл сөздердің мағынасы туралы « <b>Бұл маңызды</b> » айдарында берілген анықтамалармен танысады. Оқушылар мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. Кибербуллинг туралы білімдері кеңейеді және әлеуметтік желілерде кибербуллингке ұшырағандар үшін не істеуді біліп, өзін-өзі қорғай білуге төселеді. Жәбірлеу мен қудалаудың қандай теріс салдарға алып келетінін түсінеді және балалардың эмоционалдық және психикалық проблемаларына, депрессия мен мазасыздыққа шалдығуы мүмкін екенін де сөз етеді. Оқушыларда кибербуллинг туралы түсінік қалыптасады, жауапкершілігі артады. Оқушылар жаднаманы оқып, есте сақтайды. Әлеуметтік желіні қолдану сауаттылығы дамиды. Шұғыл телефон және психологиялық көмек нөмірлерін есте сақтайды.	<b>Дескриптор:</b> – кибербуллингке ұшырау себептерін біледі; – кибербуллингке ұшыраған адамның көңіл күйін түсінеді; – кибербуллингтің алдын алу дағдылары дамиды. ҚБ «Қолпаштау» әдісімен бағалау	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы бұйрығы (adifet.zan.kz)  Оқулық  Ақ парақ немесе дәптер  Оқулық Смайликтер
Бекіту 5 мин	<b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары қорытылып, тұжырым жасалатын «сауалнама-интервью» стратегиясын қолдануға болады. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушылардың жаңа білімді қабылдауға, игеруге белсенділігін арттыру.	Жаңа білімді меңгеруге үлкен септігін тиістігін тәсіл – сауалнама жүргізіп, жағдаяттық тапсырманы шешіп, инфографиканы толтырады.	ҚБ «Басбармак» әдісімен бағалау	Сызба салынған парақшалар
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімді тексер!</b> Сұрақтар қою арқылы бүгінгі сабақтан не үйренді, нені есте сақтау керек екендігін бекітіп, нақтылайды.	Оқушылардың кибербуллинг туралы білімі толығып, одан қорғануға, өмірде бір-бірімен сыйластықта болуға тырысады.	Ауызша мадақтау	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	Оқушыларға өзі туралы кластер құруды ұсынуға, яғни «Аяқталмаған сөйлем» әдісін қолдануға болады. Оқушы өз тұжырымының себептерін жаздырады.	«Мен өзімді сабырлы, саналы адамдар санатына жатқызамын, өйткені...» деген сөйлемді аяқтайды. Жазғандарын топ ішінде талқылайды, сұрақтарға жауап береді.		Рефлексияға арналған суреттер, ақ парақ т.б.


### §13. Белсенді және пассивті кірістер. Отбасылық бюджеттің түрлері

Бөлім:	III бөлім. Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§13. Белсенді және пассивті кірістер. Отбасылық бюджеттің түрлері
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– отбасындағы белсенді және пассивті кірістер маңызын түсінеді және отбасы бюджетінің түрлерін біледі;</li> <li>– қаржылық жағдайды бақылауға, шығындар мен жинақ ақша жөнінде саналы шешімдер қабылдауға дағдыланады;</li> <li>– отбасы бюджетін құра білуі, оның орындалуын бақылай білуі, яғни қаржылық сауаттылығы артады.</li> </ul>

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Пеихологиялық ахуал қалыптастыру. «Қар көшкіні» тәсілі. Бұл тапсырманы орындағанда оқушыларға мұқият тыңдау мен зейін қою қасиеттерін таныту қажет екені ескертіледі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар шеңбер құрады. Әр оқушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір сын есімін (эпитет) қосады. Мысалы: сүйкімді Сара, ақылды Асан. Келесі оқушы дәл осылай өз есімін атап, оған сын есімді қосады да, алдында айтылған барлық оқушылардың есімдері мен сын есімін (эпитеттерін) қайталап атап шығуы керек.	Ауызша малақтау	Интербелсенді тақта, компьютер, баяу әуен

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Сұрақтарды талдау арқылы жаңа сабақты түсінуге мүмкіндік алады. Оқушылармен бірге тұжырым жасайды: «Отбасы өзінің күнделікті шығыстарының ең кем дегенде 10%-ын үнемдей алады, өйткені шығыстарды жоспарламаған кезде міндетті түрде пайда болатын артық шығындарды байқай алады. Отбасы жалпы табысынан барлық шығыстарды шегергеннен кейін қанша қаржы қалатынын нақты білу қажет. Сонда отбасында береке мен бірлік болады».</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «отбасы бюджеті», «белсенді және пассив кіріс» ұғымдары тақырыптың негізгі ұғымдары болып табылады. Оқушылардан алдымен осы ұғымдарды қалай түсінетіндерін сұрайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Кіріс түрлері» тақырыбында оқуға шағын мәтін берілген. Мәтінде «белсенді және пассив кіріс» туралы ұғымдары түсіндіріледі. Оқушылар түсініп оқып, мәтінді талдайды. «Талда» айдарында берілген сұрақтарды қоюға болады. Мұғалім оқушыларға отбасы бюджетін басқаруда отбасылық өмірдегі ірі шығындармен байланысты кез келген оқиғаны қаржылық мақсаттар деп атайтыны туралы да түсіндіре кетеді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Тапсырманы топта талқылап, сызбаны толықтырады. Бұл тапсырманы мұғалім өзі түрлендіріп, қызықты өткізу үшін түрлі тәсілдерді қолдана алады. Тапсырма дәптерде не парақша бетінде орындалады.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Жағдаяттық тапсырмалар – оқушылардың өздігінен орындайтын шығармашылық жұмысының бір түрі. Оқушыларды топтарға бөліп, жағдаяттық тапсырмаларды ұйымдастырады.</p>	<p>Оқушылар қазіргі нарықтық кезеңде адами капиталдың дамуы үшін отбасы бюджетін дұрыс жоспарлаудың жауапкершілігін түсінеді.</p> <p>Отбасылық бюджеттің бір айға (не жыл) жасалатын, отбасының ақшалай табыстары мен шығындарын реттеу жоспары екені жөнінде білімдері толығады. Бюджетті жүргізудің басты мақсаты – шығындарды бақылау екенін үйренуге бағыт-бағдар алады.</p> <p>Түйін сөздермен танысады. Ұғымдардың мағынасын анықтайды және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтаманы оқиды, есте сақтайды.</p> <p>Мәтінді түсініп оқиды, талдау сұрақтарына назар аударады, өз пікірлерімен бөліседі. Отбасы бюджетін дұрыс құру үшін табыс көзін және шығыстар бабын дұрыс бөлуін маңыздылығын игереді.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақты талқылап, инфографиканы толықтырады.</p> <p>Оқушылар жағдаяттарды шешеді. Мұндағы тапсырмаларды орындай отырып, сабақта алған білімдерін пысықтап, тәжірибемен ұштастырады.</p>	<p>КБ: <i>Керемет жасау! Ұтымды жасау! Жарайсың!</i></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– табыстар мен шығыстардың жоспарын құрады;</li> <li>– отбасылық бюджетті құру және оның орындалуын бақылай біледі.</li> </ul> <p>Өзара бағалау, кері байланыс жасау</p>	<p>Оқулық</p> <p>Құлшыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / – Алматы. Экономика, 2010. – 522 бет</p> <p>Оқулық</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p> <p>Сызба кесте суреті салынған парақшалар</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> Оқушыларға ізденіс жұмыстарын жазап, сауалнама өткізуді тапсырады. Отбасылық бюджет түрлері бойынша берілген мәліметтермен таныстырады. Бірлескен, дербес, аралас бюджеттер туралы білетіндерін толықтыруға бағыт-бағдар беріп, түсініктерін жетілдіруге ықпал етеді. Бүгінгі сабақтан алған білімдерін бекітіп, тиянақтайды.	Зерттеу жұмысын жүргізу үшін сыныптас-тарынан, достарынан сұхбат алады. Қай бюджет түрі тиімді екені туралы өз пікірімен бөліседі. Қай бюджет түрі жиі қолданылатыны туралы сауалнама жүргізеді.	<b>Дескриптор:</b> – бюджет бойынша болжамдар жасайды; – шығындар мен жинақ ақша жөнінде саналы шешімдер қабылдайды. ҚБ «Қолпаштау» әдісімен бағалау	Таныстырылым
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.	Оқушылардың белсенді және пассивті кірістер, отбасылық бюджеттің түрлері туралы материалды қаншалықты түсінгендерін қорытып, тиянақтауға септігін тигізеді.	Ауызша мадақтау	
Рефлексия	Сабақтың соңында мұғалім оқушылармен кері байланыс өткізуіне болады. Ол үшін арнайы дайындаған желкенді қайық суретін тартып береді. Балалар шарт бойынша қайықты бояуы керек.	Егер сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болса, желкенді жасыл түспен; сабақта белгілі бір қиындық кездескен болса, желкенді сары түспен; тапсырмаларды орындау қиын бол, мұғалімнің көмегі қажет болған болса, желкенді қызыл түспен бояп, мұғалімге тапсырады.		Рефлексияға арналған желкенді қайық суреттері

## §14. Отбасы бюджетін жоспарлау. Жинақтарды қалай сақтауға болады?


Бөлім:	III бөлім. Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§14. Отбасы бюджетін жоспарлау. Жинақтарды қалай сақтауға болады?		
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– отбасылық бюджетті жоспарлау және басқару істерінің дұрыс және үйлесімді тұрғыда үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін жинақ жасау және оны сақтау жолдарын үйренеді.</li> <li>– «жоспар», «бюджет» ұғымдары туралы түсініктерін кеңейтіп, толықтырады; отбасылық бюджетті жоспарлау, кірістері мен шығыстарын есептей отырып жасалатын қаржылық жоспар құру дағдыларын дамытады;</li> </ul>		






	– өз бюджеттерін басқара алу қабілеттерін жетілдіріп, ысырапшылдыққа жол бермеу мен үнемшілдікке, әр заттың қадірін білуді үйренеді.
--	--

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қағысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып сөздер» тәсілі (мұғалім өз нұсқасын қолдануына да болады). Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар шеңбер құрып немесе орнында отырып қасындағы парталасына жылы, мейірімді, жүректен шыққан ғажайып сөздер айтып, жақсы тілек тілейді.	Ауызша мадақтау: <i>Жарайсың! Керемет сөз айттың! Көңіліміз көтеріліп қалды!</i>	Интербелсенді тақта, компьютер
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім берілген сұрақтарды талдап, оқушылармен әңгімелеседі. <b>Түйін сөздер.</b> Тақырыптың кілт сөздері – «бюджет», «отбасы бюджетін жоспарлау», «жинақтарды сақтау» ұғымдары туралы не білетінін сұрайды. Мұғалім оқушылармен бірлесіп, қорытынды жасайды. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқу материалы ретінде <a href="http://shynfuq.kz">shynfuq.kz</a> ақпараттық порталынан алынған «Ақысы төленбейтін үй шаруасы» тақырыбында берілген мәтінді түсініп оқып, талдайды. Талдау жұмысын «Балық қаңқасы» тәсілімен жүргізу ұсынылады. Балықтың басына талқыланатын тақырып; оң жақ қабырғасына анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері; сол жақ қабырға сүйектеріне проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер; құйрығына анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындысы жазылады. Мұғалімнің болжалды қорытындысы: «Дамыған мемлекетте әр отбасы міндетті түрде үйге кіретін кірістің 20%-ын жинақтық сақтық қорға аударып отырады. Міне, өркениетті елдерден біздің үйренеріміз көп».	Оқушылар өз жауаптарын айтып, мұғаліммен бірлесе талдап, қорытынды жасайды. Оқушылар ұғымдардың мағынасын қалай түсінгендерін әңгімелеп айтады және « <b>Бұл маңызды</b> » айдарында берілген анықтама-лармен танысады. Оқушылар мұғаліммен бірлесіп, қорытынды жасайды. Мәтінді түсініп оқиды және ақысы төленетін және ақысы төленбейтін еңбектің ұқсастығы мен айырмашылығын талдайды. Білімдерін жетілдіреді.	<b>Дескриптор:</b> – қаралатын мәселені талқылайды; – проблема себептерін анықтайды; – тақырыптың негізгі мазмұнын түсінеді.	Оқулық Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / – Алматы. Экономика, 2010. – 522 б.



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Жасап көр!</b> Бұл айдарда берілген тапсырмалар оқушылардың сабақ бойы алған білімдерін бекітіп, пысықтауға ықпал етеді. Шығармашылық жұмысты орындау дағдыларын қалыптастырады. Топта жұмыс істеу дағдыларының дамытады, бірін-бірі тындауға, болысуға әдет етуге баулиды.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Мұғалім оқушыларға жағдаяттық тапсырмаларды орындау жолын түсіндіреді. Шығындарды нақты қажеттілікке қарай жоспарлауға дағдылану немесе үнемдеу үшін өзі де бір нәрседен бас тарта алу қабілетін ментерудің тиімділігін сөз етеді.</p>	<p>Оқушыларға топтарға бөлініп тапсыраларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, сызбаларды толықтырады.</p> <p>Болжалды тұжырым: отбасы кірістері: тұрақты – жалақы, зейнетақы, шәкіртақы; мерзімді – сыйлықақылар, біржолғы табыстар; маусымдық; уақытша.</p> <p>Жағдаяттарды шешеді. Пікірлерін, өз ойларын ортаға салып, ашық сөйлесуге дағдыланады.</p>	<p>ҚБ:</p>  <p>– өте жақсы – жақсы – қанағатты</p>  <p>Қызыл – мен ештеңе түсінбедім Сары – маған әлі түсінкізеді Жасыл – маған бәрі түсінікті</p>	<p>Оқулық</p> <p>Смайликтер</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Мұғалім оқушыларды ізденіс жұмыстарын жасауға жетелейді.</p>	<p>Зерттеу жұмыстары оқушыларды ізденімпаздыққа, тапқан ақпараттарын өмірде дұрыс қолдануға үйретеді.</p>		
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сабақта алған білімдерін қорытындылап, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Ауызша кері байланыс</p>	
Рефлексия	<p>«Жетістік баспалдағы» әдісі. Баспалдақ (вагонда, қағаз парағында) тақтаға ілінеді.</p>	<p>Оқушылар өздері қалаған баспалдаққа стикерді не кима қағазды орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді.</p>	 <p>Білемін Түсінемін Қолымнан келеді</p>	<p>Рефлексияға арналған сызба</p>

## §15. Қаржы пирамидасы

Бөлім:	III бөлім. Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§15. Қаржы пирамидасы		

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қаржы пирамидасы ұғымын, оның қандай зияны бар екенін түсінеді; қаржы пирамидасының ерекшелігін, тез және оңай ақша табу туралы уәдені зерделей білу жолдарын түсінеді;</li> <li>– қаржы пирамидасына алданып қалмау жолдарын білу және қауіптің алдын алу мәселесіне өз көзқарасын айта алуы үйренеді;</li> <li>– іскерлікті, еңбек ете білуді, қаржылық сауаттылықты меңгереді.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Балалардың белсенділігін арттыру мақсатында «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойынын өткізеді. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</p>	<p>Оқушылар шеңбер тұрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап, «Мен сені жақсы көремін», «Мен сені құрметтеймін» т.б. тіркестер айтады.</p>	<p>Жағымды сөздермен бағалау: <i>Керемет! Ғажайып сөздерің үшін рақмет!</i></p>	<p>Оқулық Интербелсенді тақта</p>
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Оқушыларға өз ойын дәлелді мысалдармен айту ұсынылады. Мұғалім балалардың пікірінің әртүрлі болатынын есінен шығармайды, оларды толықтырып, кері байланыс жасайды. «Ой шақыру» тәсілін пайдаланып сұрақтар арқылы әңгімелесу өткізеді.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> «Пирамида», «қаржы пирамидасы», «криптовалюта» ұғымдарының мағынасын қалай түсінетіндерін сұрайды. Оқушылардың пікірлері тыңдалған соң «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамаларға назар аударуды өтінеді, өз түсініктерімен салыстыртады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Қаржы пирамидасы деген не?» атты оқу мәтіні оқушыларға қаржы пирамидасына алданбау қажеттігін түсіндіреді. Қаржылық білім күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде қоғамның әрбір мүшесіне қажет екенін әңгімелейді. Елімізде қаржы пирамидасының құрығына түскендер, алаяқтардың құрбаны болғандар азаймай тұрғаны, егер әр адам құқықтық, қаржылық жағынан сауатты болса, ешкімге алданбайтыны туралы айтады.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарды талдап, әңгімелеседі. Берілген сұрақтар оқушылардың өз пікірін жүйелі айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге бағыттайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ мазмұнының тереңдігін кеңейтеді. Ұғымдардың мағынасын қалай түсінгендерін айтады және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады.</p> <p>Оқушылар мәтінді түсініп оқып, тұжырымдай, ой қорыту жұмыстарын жүргізеді. Осындай келеңсіз жағдайлардың көбейгені туралы пайымдайды және одан сақтануға дағдыланады. Мәтінде берілген инфографикамен танысады. Қаржылық сауатты болса, алаяқтың құрбаны бола алмайтындығы туралы түсініктері қалыптасады.</p>	<p><b>Дескриптер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– басым тұстарына ой қосады;</li> <li>– 2017 жылғы 29 маусымдағы Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы нормативтік қаулысы</li> </ul>	<p>ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы нормативтік қаулысы</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Талда!</b> Мәтіннің мазмұнын «SWOT талдау» әдісімен іріктеп оқытып, талдатады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар мәтінде айтылған негізгі мәселелер жайлы өз пікірлерін жеткізуге мүмкіндік алады. Мәтіндегі айтылған көзқарастарға оқушылар жеке-жеке талдау жүргізіп, пікірін ортаға сала алады.</p> <p><b>«Оқы, қызық!»</b> айдарында тарихтағы ең үлкен қаржылық пирамида туралы қызық мәліметпен танысып, «Ұрлық түбі – қорлық» екеніне көз жеткізеді.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Оқушыларды топқа бөліп, берілген жағдаяттарды талдайды. Мұғалім топқа бөлнуді түрлі тәсілдермен жүргізе алады. Сабақтан алған білімдерін шығармашылық іс-әрекет арқылы пысықтайды. Тапсырма оқушылардың қаржылық сауаттылықтарын арттыруға септігін тигізеді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Аталған айдар бойынша оқушылар алған білімдерін бекітуге, нақтылауға, пысықтауға мүмкіндік алады. Мұғалім оқушыларды топтарға бөліп, жұмысты ұйымдастырады.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Бұл айдарда электрондық (сандық) ақша туралы «Криптовалюта дегеніміз не?» мәтінімен танысып, сандық ақша туралы білімдері молаяды.</p>	<p>Мәтінді «SWOT» бойынша талдайды. Басым тұстарында мәтіндегі пікірге ой қосады. Әлсіз жақтарына «Мәтінде айтылған ойларға не келергі?» сұрағына жауап іздейді. Даму мүмкіндіктеріне мәтіндегі ойларға өз пікірлерін, ойларды білдіреді. Қауіптілік «Ол үшін не істеу керек?», «Неге бұлай болды?» деген сұрақтар айналасында өтеді. Үгіттеуге ермей, ақылмен шешім қабылдау үшін не істеу керек екенін саралайды, өз болжамдарын айтып, оңай табыс көзіннің жоқ екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Жағдаяттарды «Рөлдік ойындар» тәсілімен орындауға да болады. «Пирамидаға сенбеу керектігін жалпы халыққа түсіндірудің қандай жолдарын ұсынар едің?» сұрағына жауап іздейді.</p> <p>Оқушылар берілген тапсырмаларды орындай отырып, өздерінің сабақта түсінген білімін бекітеді. Эссе жазады, постер жасайды, өз ойларын дәлелдейді.</p> <p>Оқушылар қызықты мәліметті оқи отырып, сандық ақша деген математикалық алгоритмдер арқылы шешілген әріптер мен сандардың жиынтығы екенін білетін болады.</p>	<p>ҚБ Мадақтау сөздері</p>	<p>«SWOT талдау» кестесі</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p> <p>abai.kz ақпараттық порталы <a href="https://abai.kz/post/55359">https://abai.kz/post/55359</a></p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Қаржы пирамидалары қай елдерде көп тарағанын анықтап, жоба дайындап, сыныпта қорғауды ұсынады.</p>	<p>Зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы ізденімпаздыққа үйренеді, мәселенің түйінін шешуге төселеді.</p>	<p>ҚБ «Қошеметтеу» әдісімен бағалау</p>	
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Алған білімдерін қорытындылап, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Ауызша бағалау</p>	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	«Даналық ағашы» әдісі. Оқушыларға жеміс формасындағы стикерлер бөлініп беріледі.	Тақырып бойынша жағымды сөздерді қысқаша сипаттап, қорытып, сабақтан алған әсерлері туралы жазып, ағашқа іледі.		Жеміс формасындағы стикерлер


## §16. Қаржылық байлық

Бөлім:	III бөлім. Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§16. Қаржылық байлық		
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қаржылық байлық ұғымына не кіретінін түсінеді; қаржылық байлықтың қалай қалыптасатынын мысалдар арқылы зерттейді;</li> <li>– «байлық сана» және «кедейлік сана» ұғымдарының айырмашылығын ажыратуды, ақша айналымының маңызын түсінеді;</li> <li>– ысырапшылыққа жол бермей, үнемшіл болуға, адал да таза еңбекке, қаржылық сауаттылыққа ұмтылады.</li> </ul>		

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» тәсілі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасады да, қасындағы сыныптасының көзіне қарап тұрып, оған өз алғысын білдіріп, кристалды (соған ұқсас зат т.б.) келесі оқушыға тапсырады.	Ауызша мадақтау: <i>Жарайсың! Керемет! Көңіліміз көтеріліп қалды!</i>	Кристал тәріз-дес зат
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Бұл кезең жаңа сабаққа кіріспе ретінде және оқушылардың назарын сабақтың негізгі бөлімдерін дұрыс түсінуге бағыттайды. Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесіп талқылайды.	Қаржылық байлық, оның жинақталуы, адамдардың не себепті бай болғысы келетіні туралы өз пікірлерін ортаға салады. Сұрақтарға жауап беріп, байлықтың мұрағ емес, ал кедейліктің ұят еместігі туралы тұжырымдар жасайды.		Оқулық

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>«Түйін сөздер» айдарында «байлық», «кедейлік», «қаржы» сөздері берілген. Мұғалім алдымен оқушылардан осы ұғымдарды қалай түсінетінін сұрайды, оқушылардың жауаптарын тыңдайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқу материалында «Вавилондағы ең бай адам» және «Әлемдегі бай адамдар кімдер?» мәтіндерін түсініп оқытып, мазмұнын талдатады. Жетекші сұрақтарға жауаптарын берген кезде туындаған ой-пікірлерінің нәтижесіне көңіл бөледі. Қосымша ақпарат ретінде келесі тұжырымдарды да ұсынуына болады: «Ақша жинауды нақты мақсат етіп қойған дұрыс. Шығыстарды бақылап, олардың есебін жүргізу де пайдалы. Жұмсағаннан қалған ақшаны жинама, керісінше жинағаннан қалғанды жұмса. Өзіңе және отбасы мүшелеріңе қосымша табыс табу мүмкіндіктерін қарастыр. Тауарлар мен азық-түлікті маусымдық төмен бағамен сатып ал. Газды, электр қуатын, суды үнемдеу мүмкіндігін пайдалан. Ұзақ сақталатын кейбір өнімдерді (ұн, қант, өсімдік майы) көтерме бағада көп мөлшерде сатып алу мүмкіндігін ізде».</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Берілген қызықты мәліметтерді оқып, ояларын саралауға, сабақта берілген басқа да мәліметтермен танысуға қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді.</p> <p><b>Талда!</b> Мұғалім сұрақтар қойып, талқылау жүргізеді. Әлемдік тәжірибені біздің еліміздің экономикасына ендіру мәселесіне қатысты оқушылардың көзқарастарын біледі.</p> <p><b>Ойлан!</b> «Байлық» сөзін қалай түсінетінін, байлыққа тағы нені жатқызуға болатыны туралы пікірлеседі, ой қорытындысын жасағалы.</p>	<p>Оқушылар бұл сөздердің мағынасы туралы өз білігіндерін айтады және <b>«Бұл маңызды»</b> айдарында берілген анықтамалармен танысады.</p> <p>Оқушылар берілген мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. Арқаттың қалай табысқа жеткенін, садақа берудің маңызын түсінеді.</p> <p>Балалар осыған ұқсас тұжырымдар жөнінде өз пікірлерін бидіре алады. Қаржылық байлық қалай қалыптасатынын мысалдар арқылы зерделейді. Байлық, бай болу мәселесіне өз көзқарасын айтады.</p> <p>Ысырапшылыққа жол бермеу мен үнемшіл болуға, адал да таза еңбекке, қаржылық сауаттылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Ақша жинақтарын тиімді басқара алу және алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдылары дамиды.</p>	<p>ҚБ «Басбармақ» әдісімен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі идеяны түсінеді;</li> <li>– ақша үнемдеу жолдарын меңгереді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ақпараттарды салыстыра алады;</li> <li>– бай адамдардың тізімінің өзгеруі туралы біледі;</li> <li>– салықты қалай және не үшін төлеу керектігін түсінеді.</li> </ul>	<p>Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық. – Алматы. Экономика, 2010. – 522 б.</p> <p>Интербелсенді такта</p> <p>Таныстырылым</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<b>Жасап көр!</b> Бұл айдарда оқушылар берілген тапсырмалар ар-кылы алған білімдерін бекітеді.	Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауды, салыстыруды, қорытынды жасауды үйренеді. Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындайды, сабақта түсінгендерін нақтылайды.	ҚБ «Қолпаштау» әдісімен бағалау	Флипчарт, маркер, ақ парақтар
Сабақ со- ны 5 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.	Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.	Ауызша бағалау	
Рефлексия	«Не үйрендім?» Тақтаға үшбұрыш суретін іледі немесе интербелсенді тақтадан көрсетеді және осы мәліметтер туралы жазуларын ұсынады.	Оқушылар мына төмендегі мәліметтерді үшбұрыш бейнесіне толтырады: – Есте сақтау керек болған бір мәлімет: ... – Менің көбірек білім келген екі мәсе- ле: ... – Мен білген үш мәлімет: ... – Мен үйренген төрт мәлімет: ... Жазғандарын тақтадағы үшбұрышқа іледі.		Рефлексияға ар-налған сурет не кескіндеме.

## IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

### §17–18. Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?

Бөлім:	IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§17–18. Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қандай да бір қауіп туындаған жағдайда қажетті ережелерді біледі;</li> <li>– қауіп төнген жағдайда арнайы қызмет орындарына хабар беріп, көмекке шақыруды біледі;</li> <li>– қауіп төнген жағдайда дұрыс әрекет ете алады</li> </ul>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны.	Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады.	Мейрімді сөздер арқылы кері байланыс жасайды: <i>Мен сені жақсы көремін, Мен сені құрметтеймін</i> т.б.	Компьютердегі көңілді әуендер
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім айдарда берілген сұрақтарды қояды. Оқушылардың пікірталаста бір-бірін тыңдау арқылы жаңа нәрсе үйреніп, біліміне білім қосатынын, олар өзінің пікірінен де басқа өзгеше пікірдің болатынын ұғынатын назарында ұстауы тиіс.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Мұғалім танымдық мәтінді оқытуда жер сілкінісі кезінде қауіптен сақтану үшін жасалатын амалдар мен іс-шаралар туралы түсіндіруге басымдық беруі тиіс.</p> <p><b>Талда!</b> Мұғалім берілген кестені толтыру тапсырмасын ұйымдастырады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Мұғалім өрт туралы танымдық ақпаратпен таныстырады.</p> <p><b>Анықта!</b> Өрт кезіндегі сақтық шаралары туралы тапсырманы орындатады.</p> <p><b>Дұрыс/бұрыс тұжырымдарды ажыратады.</b></p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Мұғалім сел туралы танымдық ақпаратпен таныстырады.</p> <p><b>Ойлан!</b> Тест тапсырмалары берілген. Дұрыс жауабы: 1 Ә, 2 Б, 3 А, 4 А, 5 Б, 6 Б.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Мұғалім жағдаяттық тапсырмаларды ұйымдастырады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Тапсырманың мақсаты: материалды оқушының қаншалықты меңгергенін біліп, түсінгендерін, өмірде қолдана білуге үйрету. Оқушыларды топтарға бөліп, жұмысты ұйымдастырады. Нәтижесі: баяндаушының өз жеке пікірін емес, топтың пікірін айтуына қол жеткізу.</p>	<p>Оқушылар өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізіп, ойларын баяндап айта білуді үйренеді. Бірін-бірі тыңдау арқылы жаңа нәрсе үйреніп, білімдерін арттырады.</p> <p>Оқушылар мәтінмен танысып, жер сілкінісі кезіндегі сақтық шараларына көңіл бөледі.</p> <p>Оқушылар кестені толтырып, жер сілкінісі және сақтық шаралары туралы өз білімдерін талдайды.</p> <p>Оқушылар танымдық мәтінді оқып, өрт кезіндегі сақтық шараларымен танысады.</p> <p>Оқушылар берілген шешімді мұқият қарап, оның дұрыс/бұрыстығын шешеді. Мақсат – өрт туралы берілген танымдық ақпаратты талдап, қорытынды шығаруға үйрету. Сел туралы танымдық мәтінмен танысады.</p> <p>Оқушылар тест тапсырмаларын ауызша орындайды.</p> <p>Оқушылар біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді.</p> <p>Оқушылар тапсырманы топпен орындайды, 4–5 адамнан құралған топ болып жұмыс істеуге үйренеді. Топпен жұмыста оқушы әрқашан өзгенің пікірін сыйлауы керек.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– адам өміріне қауіп төнгенде нені білу керек екенін меңгереді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жер сілкінісі туралы біледі;</li> <li>– жер сілкінісі кезінде нені білу керектігін түсінеді;</li> <li>– арнайы қызмет орындарына хабар беріп, көмекке шақыруды біледі;</li> <li>– өрт кезінде дұрыс әрекет етуді үйренеді;</li> <li>– сел кезінде нені білу керектігін түсінеді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– қауіп төнгенде жасалатын сақтық шараларын меңгереді.</li> </ul>	<p>Оқулық</p> <p>Таныстырылым</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы. 2019. – 131 б.</p> <p>Оқулық</p> <p>Ақ парак, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары</p>



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<b>Жадында сақта!</b> Төтенше жағдай ұғымы туралы ақпарат және төтенше қызметтердің телефондары берілген. Мұғалім танымдық ақпараттарды, қызмет телефондарын есте сақтау қажет екеніне назар аудартуы қажет. Мысалы: «мәлімдегі басты тірек сөздерді тап».	Оқу ақпаратымен оқушылар өз бетінше оқып-танысып, есте сақтайды..	<b>Дескриптор:</b> – төтенше жағдай туралы біледі, түсінеді; – төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуді меңгереді.	
Сабақ со- ны 5 мин	<b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылау.	Оқушылар сабақты қорыту сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.		
Рефлексия	«Шагтық шеңбері» әдісі.	Шеңбер құрып, бүгінгі сабақтағы көңіл күйі туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап беруі тиіс.		

### §19. Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?

Бөлім:	IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§19. Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын
Сабақтың мақсаты:	– төтенше жағдайда не істеу керек екенін біледі; – төтенше жағдайда қаған тәртіпке бағынып, дұрыс әрекет ете алады.

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Ал-ғыс» ойыны.	Қатысушылар бірі-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтыра отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді.	Ауызша кері байланыс	Оқулық

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Оқушыларды берілген тақырып төңірегінде өзіндік пікірлерін білдіре алу іскерлігіне үйрету мақсатында сұрақтар қояды. Мұғалім әр оқушының ойы мен көзқарасына назар аударып, кері байланыс жасап, әрі қарай сабақта игеруге тиісті негізгі мәселені анықтап, бағыт-бағдар береді.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Мұғалім оқушылардың тақырыпқа сәйкес пікірлерін толықтыру мақсатында оқулықта берілген танымдық мәтінмен таныстырады. Мұғалім төтенше жағдайда не істеу керек екенін төтенше жағдайда өздерін қалай ұстауы керектігін түсіндіруге басымдық беруі тиіс.</p> <p><b>Талда!</b> Оқушылар танымдық мәтінді оқулықта берілген жетекші сұрақтар арқылы төңірек талқылап, оқу материалын меңгеруге толық мүмкіндік алады.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Бұл тапсырмада оқушыларды түрлі жағдаяттарды конструктивті түрде шеше алуға, оны шешуде дұрыс әрекет жасай білуге үйрету маңызды.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Оқушыларды топтарға бөліп, жұмысты ұйымдастырады.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Сұрақтарға жауап беруде оқушылар тақырыптағы түйінді идеяны тауып, оларды салыстырып, артықшылығы мен ерекшеліктерін білуге, талқылашып отырған мәселенің қажеттігі мен адам өміріндегі рөлін ұғынуға мүмкіндік алады.</p> <p>Оқушылар танымдық мәтінмен танысады. Оқулықтағы сұрақтарға жауап береді. Мәтін бойынша кестені толтырады. Жалпыдан негізгіні таба алуға, ой қорытындысын жасай білуге үйренеді.</p> <p>Сонымен қатар күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдайды.</p> <p>Оқушылар жағдаяттарда шешу барысында біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді.</p> <p>Топтарға бөлініп, тапсырманы орындайды. Оқушылар кестені толтырады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– талқылашып отырған мәселенің адам өміріндегі рөлін біледі.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойды ажыратады;</li> <li>– жалпыдан негізгіні табуды, ой қорытындысын жасауды үйренеді;</li> <li>– мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдайды.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– проблемалық мәселелерді табады және оны шешеді;</li> <li>– негізгі түйінді ойлар мен идеяларды сараптап, талдап, қорытынды жасайды.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жарақат алғандарға көмек беруді меңгереді;</li> <li>– төтенше жағдайдағы іс-әрекет жоспарын нақтылайды.</li> </ul>	<p>Оқулық Таныстырылым Құсайынов А.Б., Нұрғалиева С.Т. Төтенше жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету және құтқарушыларды оңалту негіздері. Оқу құралы. – Көкшетау: Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК КТИ баспасы, 2020. – 132 б.</p> <p>Ақ парак, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Оқушылардың сабақтағы теориялық білімді өмірде қолдана білуінің көрсеткіші ретінде сауалнама жүргізу тапсырмасы берілген. Тапсырманы үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p>	<p>Оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында өзіндік жұмыс істеу дағдылары дамиды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– төтенше жағдайда өзіне және өзгелерге қалай көмектесуді меңгереді;</li> <li>– кестені толтырады</li> </ul>	
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқығудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру мақсатында сұрақтар берілген.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау мақсатында берілген сұрақтарға жауап береді. Ой қорытады. Өз әсерлерімен бөліседі.</p>	<p>Ауызша кері байланыс</p>	

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	Сабақтың соңында әр оқушыға кластер құрғызады. Парақтың ортасындағы шеңберге есімдерін жазып, одан таратылатын шеңберлерге «Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?» деген сұраққа бес жауап жазды.	Парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, сұраққа жауап жазды. Жұмыс аяқталғаннан кейін олар өз жазғандарын топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді.		Таныстырылым

## §20. Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?

Бөлім:	IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§20. Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– адам өміріне, денсаулығына, бостандығына, кадр-қасиетіне төнген қауіптердің қандай болатынын біледі, түсінеді;</li> <li>– еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін түсінеді;</li> <li>– өз өміріне, денсаулығына, бостандығына, кадр-қасиетіне төнген қауіптерден қорғана алу жолдарын біледі.</li> </ul>

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Пеихологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» әдісі.	Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойлары ортаға салады.	«Қолпаштау» тәсілімен бағалау	
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Берілген сұрақтар бойынша әңгімелеседі.	Оқушыларға сұрақтарға жауап береді. Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды.	Ауызша кері байланыс	Оқулық Таныстырылым

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Жеке адамға қатысты қылмыстардың өзара жіктелуімен таныстырады. Мәтін мазмұнын «Талда!» айдарында берілген сұрақтар арқылы жан-жақты, тереңрек талқылауға болады.</p> <p><b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Оқушыларға біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мақсатында жағдаяттарды мұқият оқып, кестені толтыру тапсырмасы берілген.</p> <p><b>Ойна да ойла!</b> Рөлдерді бөліп алып, жағдаяттарды сахналайды. Сонымен бірге мұғалім оқушылардың ондағы мәселені дұрыс заңға сәйкес шешуіне бағыт беруі тиіс.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Халықаралық SOS белгісі туралы танымдық ақпаратпен таныстырады. Ақпаратты есте сақтауға назар аудартады.</p>	<p>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, жоспар жасайды, бірнеше бөлімге бөліп оқиды, мәтіндегі негізгі, жанама ойды таптыру, қорытынды жасау.</p> <p>Оқушылар жағдаяттарда шешу барысында біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді. Кестені толтырады.</p> <p>Рөлдерге бөлініп, жағдаяттарды сахналайды.</p> <p>Берілген ақпаратты оқушылар оқып, есте-ріне сақтап алып қана қоймай, өз ой тұжырымдарымен салыстырып, қосымша бол-жам жасап, нақты қорытындылар жасайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өміріне тәннен қауіптен қорғануды үйренеді;</li> <li>– кімнен көмек сұрауды біледі;</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– проблемалық мәселелерді табады және оны шешеді;</li> <li>– жағдаяттағы мәселені заңға сәйкес шешеді;</li> <li>– жағдаятты сахналайды.</li> </ul> <p>«Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау</p>	<p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000140_">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000140_</a></p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p> <p>«Құқықтану» оқулығы</p> <p>Оқулық</p> <p>Тақта, ватман, маркер</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Мектеп оқушылары арасында қай құқықбұзушылық жиі кездесетіні туралы мәліметтерді тауып, зерттеу жұмысын жазу тапсырылады. 2-тапсырмада жасөспірімдерге интернеттен төнетін қауіптерді анықтап, сызбаны толтырады. Тапсырманы үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p>	<p>Бұл тапсырманы орындау үшін оқушы өзінен не талап етілетінін жақсылап түсініп, өз ортасында зерттеу жұмысын жүргізуі керек. Қылмыстың алдын алу жолдарын ұсынады. Интернеттен төнетін қауіптерді анықтап, инфографиканы толтырады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өз ой тұжырымдарымен өзгенкімен салыстырып, қорытынды жасайды.</li> <li>– ақпарат құралдарынан ақпарат жинайды;</li> <li>– жинаған ақпаратты сызба түрінде береді.</li> </ul>	Таныстырылым
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылау.	Ой қорытады. Ой қорытындысын кестеге жазлады.	«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау.	Таныстырылым
Рефлексия	<p>«Рефлексивті экран» әдісі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бүтін мен сабақта не білдім ...</li> <li>– Маған осы сабақта не қызық болды ...</li> <li>– Мен мыналарды істей алдым ...</li> <li>– Маған не қиын болды ...</li> <li>– Енді мен мынаны істей аламын ...</li> <li>– Мен мыналарды үйрендім ...</li> <li>– Маған мынау жаңалық болды, өйткені ...</li> <li>– Келешекте мыналарды ескерер едім ...</li> </ul>	Оқушылар ауызша немесе жазбаша жауап береді.		

## §21. Жаман әдеттердің алдын алу

Бөлім:	IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§21. Жаман әдеттердің алдын алу	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– алкоголь, психобелсенді заттар, темекі, электрондық темекі, энергетикалық сусындардың адам денсаулығы мен өміріне кері әсерін біліп, түсінеді;</li> <li>– зиянды нәрселерді тұтынудың қайғылы салдарын түсінеді, олардан саналы түрде бас тартуға алады.</li> </ul>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» әдісі.	Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады.	«Қолпаштау» тәсілімен бағалау	Оқулық
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім оқушылардың берілген тақырып төңірегінде өзіндік пікірлерін білдіре алу іскерлігіне үйрету мақсатында сұрақтарды қояды. Оқушылардың тақырыпқа сәйкес пікірлерін толықтыру мақсатында «Жаман әдеттерді білесің бе?» мәтіні берілген. Мәтін мазмұнын <b>Талда</b> айдарындағы сұрақтарға арқылы жан-жақты, тереңірек талқылауға болады. <b>Жағдаяттық тапсырма.</b> Оқушыларға біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мақсатындағы тапсырмалар берілген. <b>Ойна да ойла!</b> Рөлдік ойындарды ұйымдастырады. <b>Жасап көр!</b> Тапсырмаларды топпен орындайды. Топтың әр мүшесінің рөлін анық түсінгенін не көз жеткізу керек.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Ой қорытындыларын жасайды. Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. Мәтін бойынша сұраққа жауап береді, жоспар жасайды, бірнеше бөлімге бөліп оқиды, мәтіндегі негізгі, жанама ойды тауып, қорытынды жасайды.  Оқушылар жағдаяттарда шешу барысында біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді. Оқушылар тапсырмада берілген уәжде қарсы тұрыс жауап айтып, диалогті сахналайды. Тапсырманы топпен орындайды. Топ жұмысының нәтижесін баяндаушы өз пікірін емес топ пікірін айтуы қажет.	<b>Дескриптор:</b> – зиянды заттарды тұтынудың салдарын біледі; – өзгелерге «жоқ» деп айта алуы үйренеді. – сұраққа жауап береді; – мәтіндегі негізгі, жанама ойды табады; – қорытынды жасайды. <b>Дескриптор:</b> – проблемалық мәселелерді шешеді; – жағдаятты талдап, шешеді. «Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау <b>Дескриптор:</b> – тапсырманы оқып, талдайды;	Оқулық Таныстырылым Неменко Б.А. Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. – Алматы, 2002. 344 б. Интербелсенді тақта Оқулық Вагман, маркер Таныстырылым

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	Сынып топ бойынша дағдыланған кезде әркімнің рөлін айқындау қажеттігін (хагшы, уақытты қадағалаушы, баяндаушы, суретші және т.б.) еске салып қана қойған жөн. <b>Жадында сақта!</b> Мұғалім психобелсенді заттарды бас тартудың жолдармен таныстырады. Оқушылардың есінде сақталып, күнделікті өмірде қолдану дәрежесіне жеткізу үшін тапсырманы түрлі шығармашылық әдістермен, түрлендіріп беруге болады. Мысалы: осы берілген ақпаратты графиктер, диаграммалар, сызбалар, кестелерге айналдырындар.	Оқушылар тапсырманы түрлі шығармашылық әдістермен түрлендіріп орындайды.	– әр топ тапсырмаға сәйкес әрекеттерді орындайды. <b>Дескриптор:</b> – ақпаратты оқып, естеріне сақтайды, – өз ой тұжырымдарымен өзгенікімен салыстырып, қорытынды жасайды.	
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> Егер адам өзінің жақсы қасиеттерін жетілдіріп, өз кемшіліктерін жою үшін саналы, мақсатты іс-әрекеттер жасаса, өзін-өзі тәрбиелеп, өзін үнемі жетілдірсе, онда адамның жаман іс-әрекет жасауға уақыты мен мүмкіндігінің болмайтынын түсіндіруі керек.	Оқушылар өз-өзін, айнала қоршаған ортаны зерттей отырып кестені толтырады.	<b>Дескриптор:</b> – жақсы қасиеттерді жетілдіруді, кемшіліктерді жоюды үйренеді; – өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын кестеге жазайды.	Таныстырылым
Сабақтың соңы 5 мин	Білімді тексер! Білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіреді.	Білім алушылар өз қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіреді.		
Рефлексия	«Ашық микрофон» әдісі.	Оқушылар кезектесе отырып, қолдарына микрофон мақетін алып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады.		

## V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

### §22. Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?

Бөлім:	V бөлім. Экологиялық мәдениет	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§22. Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?	

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– табиғи ресурстарын тиімді пайдаланудың теориялық негізі мен оларды сақтау шаралары туралы түсінігін толықтырады;</li> <li>– табиғатты тиімді пайдаланудың табиғат ресурстарын игерумен байланысты проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады;</li> <li>– табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелейді және экологиялық мәдениетін қалыптастырады.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 30 мин	<p>Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» тәсілі.</p> <p><b>Кел, ойланайық!</b> (Жаңа сабаққа кіріспе.) Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесе талқылайды. Соңынан тұжырым жасап, оқушылармен бірге сабақ мақсатын анықтайды.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> «Табиғи ресурстар», «экологиялық мәдениет» ұғымдарының мағынасын анықтауға бағыт береді.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Табиғат ресурстары» тақырыбында мәтін берілген. Мұғалім мәтін мазмұнын түсінуге жетелейді. <b>Талда!</b> Мұғалім балалармен бірге мәтінді талдайды. Мұғалім оқушылардың жетекші сұрақтарға берген жауаптарынан туындаған ой-пікірлерінің нәтижесіне көңіл бөледі.</p> <p><b>Бұл маңызды!</b> Мұғалім оқу мәтіне қосымша берілген табиғи ресурстардың жіктелуі және оларды үнемдеу жолдары туралы ақпаратпен таныстырады.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Табиғи ресурстардың дүниежүзі алпауыт елдері арасында мөлшері бірдей емес екені туралы қызықты мәліметтермен танысады. Темір, вольфрам, уран, фосфор және хромит кендерінің алатын орны жайлы мәлімет алады.</p>	<p>Оқушылар шеңбер құрып, көңіл күйін табиғат құбылыстары арқылы сипаттайды: жарқырап Күн шығып тұр, құстар қалықтап ұшып, мез болуда, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Табиғи ресурстар, олардың түрлері және оларды сақтау жолдары, тұрғылықты жердегі пайдалы қазбалар т.б. туралы пікірлерін айтады. Оқушылар бұл ұғымдардың мағынасы туралы білетіндерін айтады.</p> <p>Оқушылар берілген кестені пайдалану арқылы мәтін мазмұнын талдайды, ақпаратты жүйелейді, түсініктерін кеңейтеді.</p> <p>Мәтінде берілген табиғи ресурстардың классификациясын кластерге түсіреді.</p> <p>Қызықты мәліметтермен танысады. Сұрақтары болса бірге талдайды.</p>	<p>Ауызша мадақтау: <i>Жарайсың!</i> <i>Керемет!</i> <i>Тамаша!</i> <i>Көңіліміз көтеріліп қалды!</i></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– табиғи ресурстарды сақтауды біледі;</li> <li>– қоршаған ортаны сақтау керектігін ұғады.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– тақырыптың мазмұнын мен мәнін ашады;</li> <li>– табиғи ресурстар туралы біледі;</li> <li>– табиғи ресурстарды сақтау жолдарын зерделейді;</li> <li>– ресурстық цикл жөнінде ұғымдары кеңейеді.</li> </ul>	<p>Интербелсенді такта, компьютер, әуезді әуен Оқулық</p> <p>Экология. Оқулық. – Алматы, 2008.</p> <p>Оқулық</p> <p>Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң</p> <p>Табиғи ресурстар туралы кесте</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар					
	<p>Даналардан шыққан сөз. Б. Момышұлының табиғат, табиғатты қорғау туралы өсиетімен таныстырады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Оқушыларды топтарға бөліп, шығармашылық тапсырмалар орындатады.</p>	<p>Оқушылар тәрбиелік мәнге толы осы сөздерді оқып, ой түйіндейді және табиғатқа сүйіспеншіліктерін артару туралы ойларын тұжырымдайды.</p> <p>Топтық жұмыстарды орындайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>табиғаттың жақсылығы мен оған жасалған қиянат туралы ой қорытады;</li> <li>делелді эссе жазуды біледі;</li> <li>брифинг өткізе алады.</li> </ul>	<p>Б. Момышұлының портреті</p> <p>Кесте сызылған парақтар</p> <p>Таныстырылым</p>					
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Мұғалім табиғат ресурстарын сақтау, үнемдеу мақсатында зерттеу жұмыстарын орындатады. Тапсырманы үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p>	<p>Тапсырманы орындау арқылы ізденіс жұмыстарын жасайды. Табиғи ресурстарды сақтаудың маңыздылығын түсініп, ой қорытындысын жасайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>балама энергия түрлерін меңгереді;</li> <li>Күн, жел энергиясын пайдаланудың ел экономикасына әсерін біледі.</li> </ul>						
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Оқу ақпаратындағы білім оқушылардың экологиялық мәдениет, туған табиғаттың әсемдігі туралы білімдерін кеңейтеді, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады.</p>	<p>Оқушылар табиғаттың адамға берілген сый екенін түсініп, оның тазалығынан, мөлдірлігінен үлгі алуға үйренеді және табиғи ресурстарды қорғауға ұмтылыс танытады.</p>	<p>Ауызша кері байланыс жасап, бағалау</p>						
Рефлексия	<table border="1"> <tr> <td>Не үйрендім?</td> <td>Не жасай аламын?</td> <td>Маған не түсініксіз болды?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Не үйрендім?	Не жасай аламын?	Маған не түсініксіз болды?				<p>Оқушылар кестені толтырып, мұғалімге қалдырады.</p>	<p>Рефлексияға арналған парақшалар</p>
Не үйрендім?	Не жасай аламын?	Маған не түсініксіз болды?							


## §23. Экологиялық тұрақтылық

Бөлім:	V бөлім. Экологиялық мәдениет	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§23. Экологиялық тұрақтылық	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>экологиялық тұрақтылық жөніндегі білімдерін жетілдіреді және экологиялық теңсіздік пен қоршаған орта туралы ұғымдарын тереңдетеді; экожүйені сақтаудың маңызды шарттары туралы түсініктерін кеңейтеді;</li> <li>Қазақстандағы «Жасыл ел» бағдарламасының маңызы туралы түсініктерін арттырады;</li> <li>қоршаған ортаны сақтау мен қорғау адам баласының болашақ ұрпақ алдындағы парызы екенін түсінеді.</li> </ul>	



Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Пеихологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып сөздер» ойыны.	Шеңбер құрып тұрып не орнында отырып, парталасына жылы, мейірімді сөздер айтып, жақсы тілек тілейді.	Қолпаштау: <i>Жарайсың! Ғажайып сөз!</i>	Интербелсенді тақта
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Оқушыларға сұрақтар қойып, сабақ мақсатын анықтайды. Сұрақтар сабақтың мазмұнының ашып, оқушылармен бірге сабақ мақсатын анықтауға жетелейді. Қазақстанның және өздері тұратын аймақтың экологиялық ахуалы туралы айта кетеді.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «экологиялық тұрақтылық», «экожүйе», «жасыл ел» ұғымдары берілген. Мұғалім сөздердің мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды және «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген қысқаша анықтамаларға назар аудартады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқулықта «Экологиялық тұрақтылық деген не?» және «Экологиялық кодексе – түбегейлі жаңа құжат» атты танымдық мәтіндер ұсынылған. «<b>Талда!</b>» айдарында ұсынылған сұрақтар тақырыптың мазмұнын, сабақ мақсатында қойылған тәрбиелік мәнін аша түседі. «Екі жақты күнделік» әдісімен талдауды ұсынамыз. Жұмыс аяқталған кезде тұжырымдауға арналған сұрақтарын қояды. Мысалы: – сенің ойыңда не сақталып қалды? – мәтін сені қалай қызықтырады? – мәтін мазмұнын сіз қалай бағалайсың? <b>Оқы, қызық!</b> айдарында қоршаған ортаның ластануы және табиғатты қорғау туралы әлем елдеріндегі түрлі фактілер берілген. <b>Жадында сақта!</b> Еліміздің экологиялық зардап шеккен аймақтары туралы мәліметтермен таныстырады.</p>	<p>Экологиялық тұрақтылық дегенді қалай түсінетінін, экологияны тұрақтандыру үшін қандай шешімдер ұсынаатынын және еліміздегі «Жасыл ел» бағдарламасы туралы не білетінін, сондай-ақ әлемдегі экологиялық тұрақтылықтың әсері туралы әңгімелейді. Оқушылар өз түсініктерімен бөліседі және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады.</p> <p>Оқушылармен тақырып мазмұнын ашағын сұрақтар арқылы әңгімелесе отырып, тіршілік ағауылының қандай өзгеріске ұшырайтынына баса назар аударады.</p> <p>Оқушылар парақты ортасынан вертикаль сызықпен бөліп, өздеріне қатты әсер еткен және жалпы әсер еткен тұстарын бөліп жазады. Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң, жұпта талқылайды, өз көзқарастарын білдіріп, тұжырым жасайды.</p> <p>Қызықты мәліметтер балалардың табиғатты зерттеуге, қорғауға, сүйспеншілікпен қарауға деген қызығушылықтарын оятады. Семей полигоны мен Байқоңыр ғарыш аялағының экологиялық зардаптарымен танысады.</p>	<p>Ауызша кері байланыс <i>Жақсы! Тамаша!</i></p> <p><b>Дескриптор:</b> – қатты әсер еткен тұстарын жазады; – тұжырым жасай алады; – өз көзқарасын білдіреді.</p>	<p>Оқулық Қазақстанның физикалық географиясы, – Алматы: Атамұра, 2008. Таныстырылым</p> <p>Оқулық Таныстырылым Ақ парақтар немесе арнайы дәптер</p> <p>Интербелсенді тақта Таныстырылым</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Ойна да ойла!</b> Сөзтізбекке берілген сандарды сөздермен сәйкестендіріп, дұрыс шешкенде, табиғат туралы нақыл сөзді оқуға болатынын түсіндіреді. Дұрыс жауабы: Адам мен табиғаттың тілдескені – өмірдің үндескені.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Мұғалім «Дөңгелек үстел» әдісімен берілген сұрақтар бойынша пікірлер дайындауды және акция өткізудің мақсатын түсіндіреді. Жұмысты орындауға бағыт-бағдар береді. Қанша уақыт қалғанын хабарлайды.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналықтан үйрену біздің мерейімізді биіктетіп, күшті де кең пейіл ете түседі деген мақсатпен үзінділерді оқытып, талдатады.</p>	<p>Нақыл сөздің мағынасын қалай түсінгендерін айтады. Ойнай отырып ой сергітеді, жауаптарды бірлесе іздейді, бірін-бірі тыңдауға төселеді.</p> <p>Топтарға бөлініп, экологиялық акция өткізеді: 1-топ ыдырамайтын қоқыс түрлерін; 2-топ улы заттарды; 3-топ қайта өңдеуге болатын қоқысты тиісті орынға өткізуге шақырып, акция өткізеді.</p> <p>Ыбырай Жақаевтың өсиетін оқып, ой тұйындайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>көтерілген мәселелер негізінде экологиялық акция өткізе алады;</li> <li>үгіт-насихат жүргізуді біледі;</li> <li>шикізатты қайта өңдеудің тиімділігін түсінеді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>қанатты сөздегі ойды анықтайды;</li> <li>табиғат туралы даналардың айтқан қанатты сөздерінен жинақ құрастырады.</li> </ul>	<p>Музыка қосуға арналған аппарат, компьютер т.б.</p> <p>Ш. Айтматовтың портреті</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Мұғалім табиғат, экология тақырыбында зерттеу жұмыстарын орындағанды. Тапсырманы үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p>	<p>Оқушылар бұл тапсырманы үй тапсырмасы ретінде үйде орындайды. Оқушылар ізденіс жұмыстарын жасайды.</p>	<p>Ауызша кері байланыс жасап, бағалау</p>	<p>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары</p>
Сабақ соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>		
Рефлексия	<p>«Блоб ағашы» әдісі.</p>	<p>Оқушылар ағаштардың қайсысы өзіне көбірек ұқсайтынын анықтайды. Артынша ұқсағысы келетін адамды таңдайды және өзін-өзі бағалайды.</p>		<p>«Блоб ағашы» суреті, стикерлер</p>


## §24. Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері

Бөлім:	V бөлім. Экологиялық мәдениет	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§24. Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері	

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– табиғатта кездесетін апаттың алдын алу мәселелері жөнінде білімдерін жетілдіреді.</li> <li>– экологиялық мәселелерге қызығушылық қалыптастыру, апаттардың алдын алу, табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың себептері мен салдарын біледі;</li> <li>– қоғам алдындағы жауапкершілікке, қоршаған ортаны сақтау мен қорғауға тәрбиелейді.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 30 мин	<p>Оқушылармен амандасу, қағысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Алғыс» ойыны.</p> <p><b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім табиғатта кездесетін апаттардың түрлері, олардың алдын алуды қалай ұйымдастыруға болатындығы, апаттар мен табиғи апаттың қоршаған орта мен ел экономикасына тигізер әсері туралы оқушылармен әңгімелесіп, сабақ мақсатын оқушылармен бірге анықтайды.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарында «төтенше жағдайлар», «табиғи төтенше жағдай», «техногенді төтенше жағдай», «экологиялық апат» ұғымдарын қалай түсінегіндерін сұрайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқу материалы ретінде «Табиғи төтенше жағдайлар» тақырыбында берілген мәтінді оқиды. Мұғалім оқушыларға мәтінді талдатады. <b>Талда!</b> Талқылауды «Блум түймедағы» әдісімен өткізеді басқа тәсіл таңдай алады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қарапайым сұрақтар.</li> <li>2. Анықтаушы сұрақ.</li> <li>3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ.</li> <li>4. Шығармашылық сұрақтар: «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты.</li> <li>5. Бағалау сұрақтары.</li> <li>6. Тәжірибелік сұрақтар.</li> </ol> <p>Мұғалім жұмысты ұйымдастырады.</p>	<p>Қағысушылар бірі-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтыра отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді.</p> <p>Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ мазмұнын ұғынады. Адамзат өзінің рухани жаратылысын ұмыту салдарынан, тек өзінің материалдық қажеттілігін қамтамасыз етуге талпынуынан Планетаға үлкен зиян әкелгені туралы түсініктері толығырақ.</p> <p>Оқушылар түйін сөздердің «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамаларымен танысады.</p> <p>Мәтінде берілген жер сілкіну, зілзала, көшкін, су тасқыны, дауыл, жанартау, цунами, құйындар туралы білімдері кеңейеді, толығырақ.</p> <p>Сұрақтарды қарапайымнан бастап, анықтап, интерпретация жасап, шығармашылық сұрақтарды орындап, бағалайды және теория мен практиканы ұштастырады.</p>	<p>Жағымды сөздермен бағалау: <i>Пікірің тамаша! Мен сенің пікіріңді қолдаймын!</i></p> <p>Ауызша кері байланыс <i>Жақсы!</i> <i>Тамаша!</i></p>	<p>Доп немесе жұмсақ ойыншық</p> <p>Оқулық ҚР Экологиялық кодексі (2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі)</p> <p>ҚР 2014 жылғы 11 сәуірдегі Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы Заны</p> <p>Интербелсенді такта</p> <p>Таныстырылым</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>«Жасан көр!» Тапсырманы сыныпта оқушылар топпен орындайды. Мұғалім түрлі тәсілдермен оқушыларды үш топқа біріктіреді. Тапсырма орындауға уақыт береді және қанша қалғанын хабарлап отырады. Өуезді музыка қосуға да болады.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Оқушылардың танымдық құзиреттіліктерін арттыру мақсатында Арал теңізі туралы мәлімет берілген. Оқушыларға оқып шығуды ұсынғаннан кейін тағы басқа да мәліметтермен танысу үшін дереккөздерінен оқуға ұсыныс жасайды.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Оқушыларға даналық сөздерінен қандай ой түйіндеуге болатынын айтқызады.</p> <p><b>Зертте!</b> Әлемде болып жатқан табиғи апаттар мен олардың зардаптары туралы дереккөздерінен ізденіс жұмыстарын жасау арқылы бейнеузік құрастыруды және оны сыныптастарымен бөлісіп, пікірлесуді тапсырады.</p>	<p>Топтарға бөлініп, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Арал трагедиясы туралы ой қорытады. Ізденуге талпынады. Тығырықтан шығу жолдарын ұсынады.</p> <p>Даналар өсиетімен танысып, пікірлерімен бөліседі.</p> <p>Оқушылар дереккөздерінен ізденіс жұмыстарын жасау арқылы бейнеролик құрастырады және оны сыныптастарымен бөлісіп, пікірлеседі.</p> <p>Бұл жұмысты үйден орындауға болады.</p> <p>Төтенше жағдайда алдымен арнайы SMS хабарлама келетінін және не істеу керектігі туралы пайдалы ақпаратты есте сақтайды.</p>	<p><b>Дескриптер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— болашақты елестетіп жаза алады;</li> <li>— жаднама жаза алады;</li> <li>— жоба қорғайды.</li> </ul> <p><b>Дескриптер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— экологиялық проблемаларды шешуге талпынады;</li> <li>— нақыл сөздің мағынасын түсіндіре алады;</li> <li>— жаһандық проблемалар туралы бейнеузік жасайды.</li> </ul>	<p>Ш.Уәлиханов, Ж.Аймауытов, Г.Галилео портреттері</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Жадында сақта!</b> Берілген ақпараттарды есте сақтау тиіс екенін түсіндіреді. Төтенше қызметтердің номерлерінде жатқа білудің пайдалы түсіндіріледі.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>ҚБ: «Қошемет» әдісімен бағалау</p>	
Сабақ соңы. 5 мин Рефлексия	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p> <p>«Табыс ағашы» әдісі. Оқушыларға жапырақ бейнесіндегі түрлі-түсті стикерлер немесе арнайы дайындалған қиындықтар үлестіріледі. Әрбір жапырақтың өзіне тән түсі бар: жасыл – «барлығын дұрыс істедім», сары – «қиындықтар болды», қызыл – «қателер көп болды».</p>	<p>Әр оқушы өз ағашын сәйкес жапырақтармен безендіреді. Қалауы бойынша жапырақтарға өздерін толғандырған мәселе мен қиындықтарын жазуларына да болады.</p>		<p>«Табыс ағашы» суреті және жапырақ бейнесіндегі стикерлер</p>

## §25. Таза экологияға құқылымыз

Бөлім:	V бөлім. Экологиялық мәдениет	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§25. Таза экологияға құқылымыз	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылардың бойындағы қоршаған ортаның тазалығын сақтауға деген жауапкершіліктерін жетілдіреді;</li> <li>– білім алушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жандық оқиғалар, олардың себептері, салдары туралы түсініктерін, сыни ойлау дағдыларын дамытады;</li> <li>– табиғатпен пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, саналы түрде қорғауға тәрбиелейді.</li> </ul>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып сөздер» ойыны.	Оқушылар шеңбер құрып тұруына да, орнында отырып парталасына жылы, мейірімді, жүректен шыққан ғажайып сөздер айтып, жақсы тілек тілейді.	Жағымды сөздермен бағалау: <i>Керемет!</i> <i>Ғажайып сөздерің үшін рақмет!</i>	Интербелсенді тақта Оқулық
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> «Ой шақыру» тәсілін пайдаланып сұрақтар арқылы әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу барысында экологиялық тұрақсыздықтың қоршаған ортаға тигізер әсері, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау туралы әңгімелеп, сабақ мақсатын оқушылармен бірге айқындайды.	Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ мазмұнының тереңдігін кеңейтеді. Әңгімелесу соңында балалар тұжырым жасайды: экологияны сақтау; ағаш отырғызу мен көгалдандыру жұмысының пайдасы; «таза аула», «таза көше», «таза мектеп», «таза сынып» іс-шараларын ұйымдастырудың маңызы т.б.	<b>Дескриптор:</b> – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы артады; – табиғатқа қамқорлықпен еңбек ұғымдарының арасындағы байланысты анықтайды.	Интербелсенді тақта Таныстырылым Адам мен табиғаттың өзара әсерін реттеудің экологиялық құқық нормалары (Экология. Оқулық. – Алматы, 2008)
	<b>Түйін сөздер.</b> Бұл айдарда мұғалім «экологиялық құқық», «озоносфера» ұғымдарының мағынасы туралы түсініктерін сұрайды. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқу материалы үшін танымдық мәтін ұсынылған. «Галда» айдарында ұсынылған сұрақтар тақырыптың мазмұнын, сабақ мақсатында қойылған тәрбиелік мәнін аша түседі. Мұғалім оқушыларға мәтінді талдатады.	Ұғымдардың мағынасын қалай түсінгендерін айтады және « <b>Бұл маңызды</b> » айдарын да берілген анықтамамен танысады. Оқушылар мәтінмен танысып, экологиялық құқық туралы білімдерін арттырады. Сұрақтарға жауап береді.	<b>Дескриптер:</b> – өмірлік тәжірибемен салыстыра талдайды; – әлсіз тұстарына жауап іздейді; – даму мүмкіндіктерін саралап ой қосады;	Интербелсенді тақта Таныстырылым Адам мен табиғаттың өзара әсерін реттеудің экологиялық құқық нормалары (Экология. Оқулық. – Алматы, 2008)

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Жадында сақта!</b> ҚР Конституциясының 31-бабымен таныстырып, есте сақтау қажеттігіне назар аударады.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Бұл бөлімде оқушылардың танымдық құзыреттері мен қызығушылықтарын арттыру мақсатында қызықты мәліметтерді оқытады. Өздері тағы не білетінін сұрайды.</p> <p><b>Жасап көр!</b> айдарында оқушылардың сабақта алған білімдері негізінде шығармашылық тапсырмалар орындатады. Мұғалім түрлі тәсілдермен оқушыларды үш топқа бөледі. Тапсырма орындауға уақыт береді және қанша қалғанын хабарлап отырады. Әуезді музыка қосуға да болады.</p> <p><b>Сәйкестендір!</b> Кестенің сол жағында мақалдың басқы бөлігі, ал оң жағында жалғасы берілген. Ынтымақтаса орындауға, бірін-бірі тыңдай білуге төселдіреді. Тапсырма ауызша тез-тез әрі ойын түрінде ұйымдастырылса, баланың ойы да денесі де сергиді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> М.Жұмабаевтың өсиеттерімен таныстырады.</p>	<p>Ақпаратты оқып, есте сақтайды, тағы басқа да қызықты мәліметтерді дереккөздерінен табады.</p> <p>Қызықты ақпараттармен танысады. Өзі білетін ұқсас ақпараттармен бөліседі.</p> <p>Оқушылар жағдаяттармен танысып, «Рөлдік ойындар» тәсілімен сахналайды және өз ойларын қорытып, қысқаша әңгімелейді. Тапсырманы сыныпта оқушылар топпен орындайды.</p> <p>Мақалдардың жалғасын сәйкестендіре отырып, ойлау қабілеттері артып, дұрыс/бұрыстығына көз жеткізеді. Оқушылар даналық сөздерді оқып, өз пікірлерімен бөліседі.</p> <p>М.Жұмабаевтың өсиеттерін оқып, ой тұйындайды.</p>	<p>– қауіптілік туралы тұжырымдайды.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– рөлдік ойындар түрінде кейіпкелер бейнесін сахналауды біледі;</li> <li>– проблемалық мәселелердің шешу жолын түсінеді.</li> </ul> <p>Оқушылар бір-біріне өзара кері байланыс жасайды. Топ жұмысын бағалайды.</p>	<p>Мақалдар жазылған кесте немесе қағаз қиықшалары</p> <p>М.Жұмабаевтың портреті</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> айдарында берілген тапсырманы орындай отырып бүгінгі сабақтан алған білімдерін бекітіп, тиянақтайды.</p> <p>2-тапсырманы үй тапсырмасы ретінде беруге болады.</p>	<p>Үй тапсырмасы ретінде орындайды.</p> <p>1. Табиғаттың атынан мекемелерге үндеу жазу. 2. «Табиғат дәлсіздіктерге шыдаймайды және қателіктерді кешірмейді» тақырыбында бейнеролик түсіру.</p>		
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>		
Рефлексия	<p>Сабақ соңында мұғалім оқушылармен рефлексия өткізеді. Алдын ала дайындалған арнайы орында (немесе мұғалім басқа түрін алса да болады) смайликтер дайындап қояды.</p>	<p>Оқушылар өз көңіл күйлерін, сабақ туралы не білгендеріне сәйкес келетін смайликті тандап алып, тақтадағы кестеге іледі.</p>		

## VI БӨЛІМ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

### §26. Зайырлы мемлекет және дін

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлылық және дінтану негіздері	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§26. Зайырлы мемлекет және дін	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар мемлекеттің не екенін, олардың түрлерін біледі;</li> <li>– «зайырлылық» және «зайырлы мемлекет» ұғымдарын түсінеді;</li> <li>– зайырлылықтың қоғамдағы рөлін анықтайды.</li> </ul>	

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Оқушылармен амандасу, қағысуын түгендеу.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» ойынын өткізеді.</p> <p>Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлайды.</p>	<p>Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасады да, қасындағы сыныптағының көзіне қарап тұрып, оған өз алғысын білдіріп, кристалды (соған ұқсас зағ т.б.) келесі оқушыға табыстайды.</p>	<p>Ауызша мадақтау:</p> <p><i>Жарайсың!</i></p> <p><i>Керемет!</i></p> <p><i>Көңіліміз көтеріліп қалды!</i></p>	<p>Интербелсенді такта, компьютер, әуезді әуен</p>
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Мемлекеттің діндерге бейтарап қарауы зайырлылық ұстанымдарының негізін құрайтыны жайында оқушыларға өз ойын дәлелді мысалдармен айту ұсынады.</p> <p>Мұғалім <b>түйін сөздер</b> айдарындағы «мемлекет», «зайырлылық», «дін», «атеизм» ұғымдарын қалай түсінетінін сұрайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқулықта «Мемлекет және дін» тақырыбында мәтін берілген. Мұғалім мәтіннің мазмұндық желісі бойынша сұрақтар қояды. Сұрақтарды оқушылармен бірге талдайды. Талқылауды «Бес сұрақ» немесе «Парасатты диалог» әдісімен өткізуге де болады.</p>	<p>Берілген сұрақтар арқылы оқушылар өз пікірлерін жүйелі айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді.</p> <p>Оқушылар бұл ұғымдар туралы өз білетіндерін айтады және «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамалармен танысады.</p> <p>Оқушылар берілген мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. Сұрақтарды талдау кезінде балалар өз өмірлерінен мысалдар келтіріп айтады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойға көңіл бөледі;</li> <li>– мемлекет түрлерін атайды;</li> <li>– өз ойларын айтады.</li> </ul>	<p>Оқулық Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық.</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Талда!</b>            Ә.Кекілбаевтың сөзін талдатады. Тапсырмаларды орындау арқылы дін және діни нанымдардың тарихы туралы білім алады, рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.</p> <p><b>Ойлан!</b>            Бұл айдарда тест тапсырмалары берілген. Тапсырмалар зайырлылықтың қоғамдағы ролін анықтауға жетелейді. Дұрыс жауабы: 1) Ә, 2) А, 3) Б.</p> <p><b>Зертте!</b>            Берілген тапсырманы орындай отырып, бүгінгі сабақтан алған білімдерін бекітіп, тиянақтайды.</p> <p><b>Жадында сақта!</b>            ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағымен таныстарды. Оқушыларға осыны есінде сақтап, «зайырлы» сөзіннің мағынасын дұрыс түсінуге ықпал етеді.</p>	<p>Жазушының сөзін талдап, өз пікірлерін білдіреді. Дін туралы түсінік алады. Бойларында зайырлылық пен зиялылық, имандылық, салауаттылық, ұлттық дәстүр мен руханилық қалыптасады.</p> <p>Тест тапсырмаларын орындайды.</p> <p>Қосымша ақпарат көздерін қолданып, зерттеу жұмысын орындайды. Тапсырманы үй тапсырмасы ретінде орындауға болады.</p> <p>Оқушылар ақпаратты оқып, есте сақтайды. ҚР Конституциясы баптарын оқып үйренуге талпынады. Еліміздің зайырлылық ұстанымдарын сақтау маңыздылығын түсінеді.</p>	<p>ҚБ «Қошеметтеу» әдісі            «Отпашу» әдісімен бағалау</p> <p>Бір-біріне кері байланыс жасау</p> <p>«Мадақтау» әдісімен бағалау</p>	<p>Теократиялық, атеистік, зайырлы мемлекеттердің карталары</p> <p>Ә.Кекілбаевтың портреті            Дәптер не ак парак            Қазақстан Республикасының Конституциясы</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Жасап көр!</b>            Топтық жұмыс ретінде ұсынылған тапсырмаларды орындатады. Мұғалім түрлі тәсілдер арқылы түрлендіріп жүргізуіне де болады.</p> <p>«Зайырлы мемлекет туралы барлық ұғымды жинақтап, кластерге толықтыр» тапсырмасы берілген.</p> <p>Оқушыларға тапсырмаларды жұппен немесе топпен орындауға кеңес береді.</p>	<p>«Зайырлы мемлекет» атты сызбаны толықтырады. Мына қадамдарды ұстанады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) топтасады.</li> <li>2) зайырлылыққа қатысты баптарды тауып, оқиды.</li> <li>3) зайырлылық сипаттарының еліміздегі көріністерін топ ішінде талқылайды.</li> <li>4) өз пікірлерін жазды.</li> <li>5) автор орындағында пікірлерді оқиды.</li> </ol>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәліметтерді жинақтайды;</li> <li>– сызбаны толтырады;</li> <li>– ақпаратпен бөліседі;</li> <li>– баптардағы зайырлылық сипаттарын талқылайды;</li> <li>– автор орындағында пікір жазды.</li> </ul> <p>«Бағдаршам» әдісімен бағалау</p>	<p>Флипчарт, маркер, ақ парақтар</p> <p>Интерактивті тақта</p> <p><a href="https://www.akorda.kz">https://www.akorda.kz</a></p>
Сабақтың соңы 3 мин	<p><b>Білімді тексер!</b>            Сабақты қорытындылайды. Қорытынды сұрақтар арқылы бүгінгі сабақтан не үйренді, қандай мәселелер туралы әңгіме болды, нені есте сақтау керек екендігін ұғынып, нақтылауға септігін тигізеді.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Ауызша кері байланыс</p>	



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар								
Рефлексия 2 мин	Оқушылардың бүгінгі сабақты қалай түсінгендерін байқау мақсатында «INSERT» әдісін қолдануды ұсынамыз. Мұғалім басқаша түрлендіруіне де болады.	Оқушылар кестені толтырып, мұғалімге қалдырады. <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; text-align: center;">«V» Мен білемін</td> <td style="width: 25%; text-align: center;">«+» Мен үшін жаңа білім</td> <td style="width: 25%; text-align: center;">«-» Мен басқаша ойлаймын</td> <td style="width: 25%; text-align: center;">«!» Мені таңғалдырды</td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	«V» Мен білемін	«+» Мен үшін жаңа білім	«-» Мен басқаша ойлаймын	«!» Мені таңғалдырды						Рефлексияға арналған парақшалар
«V» Мен білемін	«+» Мен үшін жаңа білім	«-» Мен басқаша ойлаймын	«!» Мені таңғалдырды									

## §27. Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§27. Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері		
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар діннің пайда болу тарихымен танысады;</li> <li>– діннің маңызының неде екенін түсінеді және діннің әлеуметтік мақсатын біледі;</li> <li>– діннің жіктелуін, құрылымы мен қызметін меңгереді.</li> </ul>		

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгелдеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Алғыс» ойыны. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар бірі-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтыра отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді.	Ауызша мадақтау: <i>Тамаша!</i> <i>Алғысым шексіз!</i>	Доп тәрізді ойыншық

Сабактың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабактың ортасы 30 мин</p>	<p><b>Кел, ойланайық!</b> (Жаңа сабаққа кіріспе) Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесе талқылайды. Талқылау барысында «мағынаны тану», «миға шабуыл», «ыстық орындық» сияқты тәсілдерінің тиістісін қолдануға да болады.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> «Діннің маңызы», «діннің мақсаты», «діннің жіктелуі» сөздеріне түсінік беру оқушылардың пікірлерін тыңдап, қорытынды жасауға бағыттайды.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқулықта «Діннің пайда болуы», «Діннің жіктелуі», «Діннің әлеуметтік маңызы» тақырыптарында шағын мәтіндер берілген.</p> <p>Мұғалім оқушылардың берілген мәтіндерді қалай түсінгендерін байқау үшін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, балалармен әңгімелеседі. Мұғалім тарапынан мәтіннің желісі бойынша жетекші және мәтіннің тереңдігін ашуға арналған қорыту тұжырымдамасы болуы да мүмкін.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Дін адамды ауыр қылмыстар мен күнәлі істерден сақтайтын ықпалды құбылыстың бірі екені және кез келген дін жеке адамға, қоғамға зиян тигізетін әрекеттерге тыйым салатыны туралы түсінік береді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Мұғалім оқушыларды түрлі тәсілдермен топқа біріктіреді. «Шығармашылық жұмыс» әдісімен мағынаны тану кезеңіндегі ақпараттарға сүйене отырып, сабақ барысында не үйренгенін салыстырғанды.</p>	<p>Жаңа сабаққа кіріспе ретінде берілген сұрақтар балалардың ойланғып жауап беруіне, өз пікірін ашық айтуға төселдіреді. Діннің пайда болуы, маңызы, әлеуметтік мақсаты, қалай жіктелетіні жөнінде пікір алмасады.</p> <p>Оқушылар ұғымдардың мағынасы туралы өз білетіндерін айтады және «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамамен танысады.</p> <p>Оқушылар діннің пайда болуы мен маңыздылығы, адамзат баласының тарихында алатын орны, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі және құрылымы мен қызметі туралы түсінік алады.</p> <p>Діннің пайда болу тарихымен танысады. Діннің маңызының неде екенін түсінеді және діннің әлеуметтік мақсатын біледі. Діннің жіктелуін меңгереді.</p> <p>Оқушылар жаднаманы оқып, есте сақтайды.</p> <p>Оқушылар тапсырмаларды орындай отырып, сабақта алған білімдерін пысықтап, тәжірибемен ұштастырады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b> – мәтіндердегі ақпаратты анықтайды; – діннің таралуы мен жіктелуін, маңызын түсінеді; – діннің адамзат баласында алатын орнын зерделейді.</p> <p>ҚБ «Ауа райы» әдісімен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b> – топ ішінде мазмұнын талқылайды; – берілген тақырып бойынша ізденеді; – жұмыстарын қорытындылап, жоба қорғайды.</p>	<p>Алғашқы қауымдық құрылысты бейнелейтін сурет</p> <p>Оқулық Кенжетәев Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері.</p> <p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық.</p> <p>«Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.) Кәдірқұлова Г.К. Қазақстан тарихы: «Қазақстанның ежелгі тарихы» бөлімі Интербелсенді такта</p>


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<b>Педагогтің әрекеті</b> Даналардан шыққан сөз. Даналардың сөздерін оқытып, тұжырым жасатқызыды.	Өз пікірлерімен бөліседі.	«Қолпаштау» әдісімен бағалау Ауызша мадақтау.	
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> Мұғалім оқушыларға қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, не себепті дін қоғамда идеологиялық, реттеуші қызмет атқаратынын зерттеп, ізденіс жұмыстарын жасауды ұсынады.	Ақпарат көздерінен ізденіс жұмыстарын жасап, білімдерін толықтырып, бекітеді.	Өзара кері байланыс жасау	
Сабақтың соңы 3 мин	<b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды. Бүгінгі сабақтан не үйренді, қандай мәселелер туралы әңгіме болды, нені есте сақтау керек екендігін саралап, нақтылайды.	Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.	Ауызша мадақтау.	
Рефлексия 2 мин	«Сықырлы сандық» әдісі. Бұл әдісті мұғалім әртүрлі деңгейде өткізуіне де болады.	Түрлі мадақтау сөздері жазылған қиындыларды таратады немесе көңіл күйді бейнелейтін кішкентай суреттер т.б. пайдаланады.		Рефлексияға арналған суреттер т.б.

## §28. Діннің шығу тегі мен тарихи формалары

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлылық және дінтану негіздері	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§28. Діннің шығу тегі мен тарихи формалары	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар діннің шығу тегі және тарихи формаларымен танысады;</li> <li>– монотеистік және политеистік діндер туралы түсінік алады;</li> <li>– дін жайлы дұрыс көзқарасы мен түсініктері қалыптасады;</li> <li>– дін тарихымен танысады.</li> </ul>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» әдісі. Мұғалімнің қалауына қарай, түрліше өткізуге де болады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар бір параққа өзінің көңіл күйін білдіретін сурет (немесе смайлик) салады. Көңіл күйді табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге болады: жарқырап Күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с.	Мұғалімнің ауызша мадақтауы	Интербелсенді такта, компьютер, баяу әуен.
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Бұл айларда тақырыптың мазмұнын ашуға негіз болатын, жаңа сабақты бастауға арналған сұрақтар арқылы оқушылардың білім деңгейі сараланып, ойларын жеткізіп айта білуге, сауатты сөйлеу мәдениетіне бейімделеді. Мұғалім дін мәселелері қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды да күрделі болып табылатынын және дін қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер етіп, қоғамдық дамуға зор ықпал ететінін түсіндіре кеткені жөн.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> «Діннің шығу тегі», «діннің тарихи формалары» ұғымдары туралы оқушылардың түсініктерін тыңдайды. Маңызды ақпаратты естен шығармауды ескертеді.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқулықта бүгінгі сабақтың тақырыбына сәйкес оқып, талдау мақсатында «Діннің шығу тегі», «Діннің тарихи формалары» тақырыбында шағын мәтіндер берілген. Мәтіндерді оқылады, мазмұнына сәйкес «Талда!» айдарындағы сұрақтарды береді. Мұғалім мәтін мазмұны тереңірек ұғынуға, дін туралы түсініктері мен білімдерін дамытуға мүмкіндік жасайды. Оқушылардың бойында рухани құндылықтарды терең сіңіріп, дүниеге деген көзқарасын қалыптастыруы тиіс.</p>	<p>Сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақты бастауға бағыт-бағдар алады. Тұжырымды ойларымен бөліседі. Оқушылар дін жайлы дұрыс көзқарас, түсінік қалыптастырады. Дінді зайырлы тұрғыдан талдаудың керек екенін түсінеді.</p> <p>Түйін сөздермен танысады. Бұл сөздердің мағынасын анықтайды және «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген анықтамаларды оқиды, есте сақтайды.</p> <p>Мәтінді түсініп оқиды, талдау сұрақтарына назар аударады, өз пікірлерімен бөліседі. Діннің шығу тегі және тарихи формаларымен танысады. Монотеистік пен политеистік діндердің ерекшеліктері туралы түсінік алады.</p>	<p>ҚБ: <i>Керемет жасап!</i> <i>Ұтымды жасап!</i> <i>Жарайсың!</i></p>	<p>Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық.</p> <p>Оқулық</p> <p>«Таңбалы тастың» суреті</p>


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Жадында сақта!</b> Мұғалім оқулықта берілген берілген жадна-маны есте сақтауға шақырады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Оқулықтағы тапсырмалар шығармашылық іс-әрекет арқылы оқушының алған білімдерін толықтыру үшін қажет. Шығармашылық іс-әрекеттер оқушыларды ізденіс арқылы өз қолдарынан келетін, өздері ұмтылған жақылықты жасауға баулиды.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөздерін саралатып, тұжырым жасатқызады.</p> <p>«<b>Ойлан!</b>» айдарында тест сұрақтары берілген. Бұл оқушылардың сабақта алған білімдерін тиянақтауға пайдасын тигізеді. Оқушылардың көңіл күйін жақсарту мақсатында баяу етіп, жағымды әуен қосып қоюға кеңес береміз.</p>	<p>Жаднаманы оқып, есте сақтайды.</p> <p>Оқушылар сабақта түсінгенін кеңейтеді, бекітеді. Практикалық тұрғыда жағтығып, алған білім-біліктерін талдау, жинақтау, жалпылау, дағдылану іс-әрекеттерінен өткізеді. Өз бойларындағы құндылықтар мен адами қасиеттерді іс жүзінде көрсете алуға мүмкіндік алады.</p> <p>Даналар өсиетін оқып, көкейге тоқиды, түсініктері шыңдалады. Өз пікірлерімен бөліседі.</p> <p>Оқушылар тест тапсырмаларын тез орындайды. Ойын түрінде жауаптарды дәл табуға жағтығады, тапсырманы ауызша орындайды.</p>	<p>«Қоллаштау» әдісімен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– политеистік және монотеистік дін ұғымдарын біледі;</li> <li>– өз ойларын ортаға салады;</li> <li>– діни дәстүрлердің даму тарихы мен заңдылықтарын ұғынады.</li> </ul> <p> Қызыл – мен ештеңе түсінбедім Сары – маған әлі түсінкіздіу Жасыл – маған бәрі түсінікті</p>	<p>Мысыр пирамидаларының суреті</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Оқулықтағы мәтіндердің мәнін зерделеп, діннің рөлі туралы кластер толтырады. Бұл тапсырманы орындау арқылы бүгінгі сабақта алған білімдерін бекітеді. Мұғалім бағыт береді.</p>	<p>Оқушылар мәтінге сүйене отырып, кластер құрастырады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– діннің өркениетке тигізген пайдасын мысалға келтіреді;</li> <li>– ойларын тұжырымдайды</li> </ul> <p>Өзара бағалау, кері байланыс</p>	<p>Флипчарт, маркер, ақ парақтар</p> <p>Пантеон, ертедегі ғимараттардың суреттері</p>
Сабақтың соңы. 3 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Ауызша мадақтау.</p>	
Рефлексия 2 мин	<p>«Ашық микрофон» әдісі.</p>	<p>Оқушылар кезектесе отырып, қолдарына микрофон мәкетін алып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады.</p>		<p>Рефлексияға арналған микрофон мәкеті</p>


## §29. Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатысушылар саны: _____
Сабақтың тақырыбы:	§29. Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар ежелгі сенім жүйесі туралы түсінік алып, білімдерін кеңейтеді;</li> <li>– ежелгі сенімдер мен ұлттық және дәстүрлі діндер жөнінде түсініктерін толықтырады;</li> <li>– өркениеттердің діни мәдениеті мен діни дәстүрлері туралы алған білімдерін мысалдар арқылы ашады.</li> </ul>

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Сабақтың ұйымдастыру сәтінде балалардың көңіл күйін бір арнаға тоғыстыру мақсатында психологиялық ахуалды қалыптастыру үшін арнайы жағтыулар орындағанды.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</p>	<p>Интебелсенді тақтаға көрсетілген бейнелерді қайталап, оқушылар жағымды күйге енеді. Мысалы: оң қол, ашық алақан бейнесі – амандасу белгісі; күн шуағы – жаңа жағына шуақ сыйлау; көңілді смайлик – жан-жағына күліміреп қарау; жүрекше суреті – бір-біріне мейірімді сөздер айту.</p>	<p>Ауыша мадақтау:</p> <p><i>Жарайсың!</i></p> <p><i>Керемет!</i></p> <p><i>Тамаша!</i></p>	<p>Интебелсенді тақта, компьютер</p>
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Кел, ойланайық!</b> (Жаңа сабаққа кіріспе)</p> <p>Мұғалім берілген сұрақтарды талдап, оқушылармен әңгімелесу өткізеді.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> «Дәстүрлі діндер», «тотемизм», «табу» ұғымдарының мағынасын түсіндіріп, оның іс-әрекет арқылы көрініс тауып, жүзеге асатындығы туралы айтады.</p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b> Оқу әрекетін орындау үшін оқулықта «Ежелгі сенім жүйесі», «Ұлттық діндер», «Дәстүрлі діндер» тақырыбында танымдық мәтіндер берілген. Мұғалім мәтінді оқытады.</p>	<p>Сұрақтар оқушылардың ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) жеткізе білуге үйретеді. Оқушылар жауап беріп, мұғаліммен бірлесе талдап, қорытындылайды. Берілген ұғымдардың мағынасы туралы білгендерін айтады және ақпарат көздерінен анықтамалар іздестіреді.</p> <p>Әр тақырыпты жеке-жеке оқып, мұғалімнің жетекші сұрақтарына жауап береді. Өз ойларын айтып, өмірмен байланыстырады. Қысқаша тұжырым жасайды. Мәтінде кездесетін түрлі ақпараттарды менгереді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ежелгі сенімді білдіретін заттардың суреттерімен танысады;</li> <li>– сенімдердің айырмашылығы туралы түсінеді;</li> <li>– ұлттық діндерді біледі;</li> <li>– ұлттық діндердің таралған аймақтарын картадан көрсетеді.</li> </ul>	<p>Оқулық</p> <p>Фетишизм, анизм тақырыбына арналған суреттер</p> <p>Кенжетасов Д.Т. ж.б.</p> <p>Зайырлық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық.</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Талда!</b> Мұғалім сұрақтар қойып, мәтін мазмұнын талдатады. Тақырып бойынша алған білімдеріне сүйене отырып, қоғам және дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша өзіндік пайымдауларын тұжырымдауға және ұстанымдарын дәлелдеуге баулиды.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> «Анимизм» ұғымына берілген түсініктемені есте сақтауды ұсынады.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Ғалымдар көне діни сенім түрлерінде мынадай ерекшеліктердің болғанын анықтағаны туралы бірнеше қызықты деректер берілген.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Топтық жұмыс берілген. Бұл оқушылардың әлеуеттік деңгейлерін көтеруге, алған білімдерін толықтырып, тиянақтауға септігін тигізеді. Топтық жұмысты орындау үшін мұғалім әртүрлі тәсілдермен оқушыларды екі топқа біріктіреді және тапсырманы орындау жолдарын түсіндіреді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөзін оқу арқылы жинақталған, түйінді ой-пікірлерді оқушының ұғып алуына, күнделікті өмірінде үлгі-өнеге етуіне, іс жүзінде қолдануына септігін тигізеді.</p> <p><b>Ойлан!</b> Тест тапсырмаларын орындатады. Тест тапсырмасын ойын түрінде өткізуге де болады. Мысалы: «Кім жылдам?». Дұрыс жауабы: 1 Ә, 2 Б, 3 А.</p>	<p>Оқушылар мәтін мазмұнын талдау ба-рысында өз тұжырымдарын жасауы да мүмкін.</p> <p>Жаднамамен танысып, есте сақтайды.</p> <p>Оқушылар топта қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдарымен алмасуға, барынша белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Оқушы топтық жұмыста тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуына қол жеткізеді: «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «бағалайды». Даналардың нақыл сөздерін оқып, ой қорытады.</p> <p>Оқушылар тест тапсырмаларын орындау арқылы сабақ бойы алған білімдерін қорытып, толықтырып, тиянақтайды. Тапсырма дәптерге орындалады.</p>	<p>«Қолпаштау» әдісімен бағалау.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ежелгі сенімдерді жеке-жеке ажыратады;</li> <li>– қазақ халқындағы фетишизмдерге мысалдар келтіре алады.</li> </ul> <p>КБ </p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өте жақсы</li> <li>– жақсы</li> <li>– орташа</li> </ul> <p>«Мадақтау сөздер» арқылы бағалау</p>	<p>«Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.)</p> <p>Дүниежүзілік саяси карта</p> <p>Интербелсенді тақта, презентация</p> <p>Әлемдік философиялық мұра. Жырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы</p> <p>Смайликтер</p> <p>Дәптер</p>
Бекіту 6 мин	<p><b>Зертте!</b> Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, Орта Азиядағы діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін зерттеп, ізденіс жұмыстарын жүргізуге бағыттайды. Ізденіс жұмыстары арқылы, бүгінгі сабақтан алған білімдері бекітеледі.</p>	<p>Зерттеу жұмыстары оқушыларды ізденімпаздыққа, тапқан ақпараттарын өмірде дұрыс қолдануға жетелейді. Сілтеме арқылы ізденіс жұмыстарын жасайды.</p>		<p>«Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.)</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың соңы 2 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Оқу ақпаратындағы білім оқушылардың ежелгі сенімдер мен ұлттық және дәстүрлі діндер жөнінде ұғымдарын толықтырады.	Діни мәдениеті мен діни дәстүрлері туралы алған түсініктерін бекіту сұрақтарына жауап беру арқылы дәлелдейді.	Ауызша кері байланыс	
Рефлексия 2 мин	«Табыс ағашы» әдісі. Оқушыларға жапырақ бейнесіндегі түрлі түсті стикерлер не арнайы дайындалған қиындықтар үлестіріледі: жасыл – «барлығын дұрыс істедім», сары – «қиындықтар болды», қызыл – «қателер көп болды».	Әр оқушы өз ағашын сәйкес жапырақтармен безендіреді. Қалаулары бойынша жапырақтарға өздерін толғандырған мәселе мен қиындықтарын жазуларына да болады.		Рефлексияға арналған сызба

### §30. Буддизм. Дін ілімі негіздері

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§30. Буддизм. Дін ілімі негіздері
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар буддизмнің қалай пайда болғанын біледі;</li> <li>– дін ілімі негіздерімен танысады;</li> <li>– буддизм іліміне байланысты терминдерді біледі.</li> </ul>

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Менің көңіл күйім» жаттығуы. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Қорашада көңіл күйлерді бейнелейтін смайликтер болады. Балалар ұнатқанын алып, сабақ бойы соны сақтап әрі сабақта белсенділік танытулары тиіс.	Жағымды сөздермен бағалау: <i>Керемет!</i> <i>Жарайсың!</i>	Интербелсенді тақта, компьютер, көңілді әуен



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p>	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Тапсырманы орындауда оқушыларға өз ойын дәлелді мысалдармен айту ұсынылады. Мұғалім оқушылар пікірінің әртүрлі болатынын есінен шығармайды, толықтырып, кері байланыс жасайды. Жаңа сабаққа кіріспе ретінде тақырыптың мазмұнын ашағын сұрақтар беріп, оқушылармен әңгімелеседі. Егер оқушылардың жауабы аз болса, мұғалім өзі толықтырады. «Қызығушылықты ояту» әдісімен өткізуді ұсынамыз. <b>Түйін сөздер.</b> Мұғалім «буддизм», «нирвана» ұғымдарының мағынасын қалай түсінетіндерін сұрайды. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Будда дінінің пайда болуы мен таралуы», «Будда діні ілімінің негіздері» тақырыбымен танымдық мәтіндер берілген. Мәтінді оқу барысында будда дінінің негізін салушы және будда діні мен буддизм туралы түсінік беріп, білімдерін толықтырады. <b>«Талда!»</b> айдарында берілген сұрақтар арқылы талдап, өз пікірлерін айтуға жетелейді. <b>Оқы, қызық!</b> «Чикчи» буддистік құжаты туралы қызықты ақпараттармен танысады. <b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөзін оқу арқылы оқушының ғибратты сөздерді күнделікті өмірінде үлгі-өнеге етуіне, іс жүзінде қолдануына септігін тигізеді. <b>Жасап көр!</b> «Даналардан шыққан сөз» айдарындағы нақыл сөздерді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы талдайды. Оқушыларға шығармашылық жұмыстарды орындату арқылы алған білімдерін пысықтап, жетілдіре түседі.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарды талдап, әңгімелеседі. Берілген сұрақтар оқушылардың өз пікірін жүйелі айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалшылау) баяндап айта білуге үйренеді. Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ мазмұнының тереңдігін кеңейтеді. Оқушылар буддизм, будда дінінің негізін салушы туралы білетіндерін әңгімелейді. Ұғымдардың мағынасын қалай түсінгендерін айтады және <b>«Бұл маңызды»</b> айдарында берілген анықтамалармен танысады. Оқушылар мәтінді түсініп оқып, тұжырымдау, ой қорыту жұмыстарын жүргізеді. Будда діні, буддизм туралы түсініктері қалыптасады. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерін айтады. Қызықты ақпараттармен танысады. Даналардың нақыл сөзін оқып, ой түйіндейді. Бұл айдарда берілген тапсырмалар оқушылардың сабақ бойы алған білімдерін бекітіп, пысықтауға ықпал етеді. Шығармашылық жұмысты орындау дағдылары қалыптасады. Топта жұмыс істеу дағдылары дамытады, бірін-бірі тыңдауға, болысуға әдеттенеді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b> – Будда дінінің пайда болуын біледі; – Будда діні ілімінің негіздерін меңгереді. ҚБ: түрлі стикерлермен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b> – нақыл сөздерді талдайды; – топта постер жасайды.</p>	<p>Будда дінінің негізін салушы С.Гаутама-ның суреті Үндістанның, Шри-Ланка, Қытай, Жапония карталары Интербелсенді тақта Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық «Чикчи» буддистік құжатын ғаламтордан интерактивті тақтадан көрсету «Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.)</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің өрекеті	Оқушының өрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Мұғалім оқушыларды әртүрлі тәсілдермен топқа бөледі. Тапсырманы орындауға уақыт береді және уақыттың бітуіне қанша қалғанын хабарлап отырады. Әдемі сазды әуен қосып қоюға да болады. Әуен арқылы балалардың көңіл күйі көтеріледі. Сабаққа ынтасы артады.</p> <p><b>Зертте!</b> Сызбалардағы мәліметтерді тұтас мәтін түрінде оқып, ондағы ілімдердің таралуын зерттеуді ұсынады. Қосымша едебиеттер мен ғаламтор желісіне сүйеніп, Азия халықтарының арасында будда дінінің қай тармағы таралғанын анықтап, будда дінінің қазіргі жағдайын зерттеу жасауға бағыттайды.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Буддистердің 5 өсиеті мен Будда көрсеткен «Игілікті 8 жолдың» 3 кезеңімен танысады.</p>	<p>Оқушыларға топтарға бөлініп тапсыраларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, сызбаларды толықтырады.</p> <p>Оқушылар шығармашылық жұмысты орындайды. Практикалық тұрғыда жаптығып, алған білім-біліктерін талдау, жинақтау, жалпылауға дағдыланады. Берілген сызбаны толтырады, дереккөздерден ізденіс жұмыстарын жасайды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы ізденімпаздыққа үйренеді, мәселенің түйінін шешуге төселеді.</p> <p>Ақпаратпен танысып, есте сақтайды.</p>	<p>«Қоллаштау» әдісімен бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоба жұмысын дайындау жолын біледі;</li> <li>– будда, буддизм туралы түсінеді;</li> <li>– буддизм мен басқа діндерді ажырата алады.</li> </ul> <p>«Мадақтау сөздер» әдісімен бағалау</p>	<p>Оқулық Презентация</p> <p>Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы</p> <p>Ақ парақтар, маркер, Флипчарт, маркер, ақ парақтар</p>
Бекіту 5 мин	<p>«<b>Ойлан!</b>» айдарында тест тапсырмалары берілген. Тапсырмаларды орындау арқылы сабақ бойы алған білімдерін бекітіп, тиянақтайды. Тест тапсырмасын мұғалімнің қалауымен ойын түрінде өткізуге де болады. Дұрыс жауабы: 1 Б, 2 Ә, 3 А.</p>	<p>Жаднаманы оқып, есте сақтайды. Діни сауаты артады.</p>	<p>ҚБ: «Қошеметтеу» әдісімен бағалау</p>	
Сабақ соңы. 3 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Ауызша бағалау</p>	
Рефлексия 2 мин	<p>«Даналық ағашы» әдісі. Оқушыларға жеміс формасындағы стикерлер таратылып беріледі.</p>	<p>Оқушылар тақырып бойынша жағымды сөздерді қысқаша сипаттап, қорытып, сабақтан алған әсерлері туралы жазып, ағаш бейнесіне іледі.</p>		<p>Жеміс формасындағы стикерлер</p>

## §31. Христиан діні. Дін ілімі негіздері

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§31. Христиан діні. Дін ілімі негіздері	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар христиан дініне анықтама береді, шығу тарихымен, пайда болуымен танысады;</li> <li>– христиан дінінің мәнін, маңызын аша отырып, түсінеді;</li> <li>– бастапқы христиандық қауымның құрамының не себепті өзгергенін талдайды.</li> </ul>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Педагогтің ахуал қалыптастыру. «Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» тәсілі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	Оқушылар шеңбер құрып тұрып, қасындағы сыныптасының көзіне қарап тұрып, оған өз алғысын білдіріп, кристалды (соған ұқсас зат т.б.) келесі оқушыға тапсырады.	Ауызша мадақтау: <i>Жарайсың! Керемет! Көңіліміз көтеріліп қалды!</i>	Кристалл тәріз-дес зат
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Бұл кезең жаңа сабаққа кіріспе ретінде және оқушылардың назарын сабақтың негізгі бөлімдерін дұрыс түсінуге бағыттайды. Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірлесіп талқылайды. Сабақты түрлендіру мақсатында «Мағынаны тану» т.б. тәсілдер қолданады. <b>Түйін сөздер</b> айдарында «христиан діні», «Інжіл», «католиктік», «православтық», «протестанттық» ұғымдары берілген. Оқушылардан ұғымдарды қалай түсінетіндерін сұрайды, жауаптары тыңдалған соң, « <b>Бұл маңызды</b> » айдарында берілген анықтамалармен танысу-ды ескертеді.	Оқушылардың өз пікірін жүйелі айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Христиан дінінің шығу тарихымен, пайда болуымен танысады. Өз пікірлерін ортаға салады.  Оқушылар ұғымдардың мағынасы туралы өз білетіндерін айтады және <b>Бұл маңызды</b> айдарында берілген анықтамалармен танысады.	ҚБ «Отшашу» әдісімен бағалау	Оқулық Христиандық таралған елдердің карталары  «Інжіл» кітабының суреті Оқулық

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Оқу материалы</b> үшін берілген «Христиан дінінің пайда болуы», «Дін ілімі негіздері» атты мәтіндерді оқытып, мазмұнын талдатады. Мұғалім оқушыларға «Талда!» айдарындағы сұрақтарға жауап берген кезде туындаған ой-пікірлерінің нәтижесіне көңіл бөледі. Олардың жауаптары әртүрлі болып келуі де мүмкін. Православиелік, католиктік, протестанттық ағымдарды айта отырып, оның ерекшелігін түсіндіру көзделеді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөзін оқу арқылы жинақталған, түйінді ой-пікірлерді оқушының ұғып алуына, күнделікті өмірінде үлгі-өнеге етуіне, іс жүзінде қолдануына септігін тигізеді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Бұл айдарда топта талқылауға тапсырмалар ұсынылған. Христиан дінінің өз ішінде бірнеше түрге бөлініп кету және өз ішінде көптеген сектаның пайда болу себептерін «Дербес пікір айту» әдісімен талқылауға ұсынады.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Бұл айдарда топта талқылауға берілген. Сабақтан алған білімдерін толықтырып, тиянақтайды. Тест тапсырмасын мұғалімнің қалауымен ойын түрінде, сергіту жаттығуы сияқты өткізуге де болады. Дұрыс жауабы: 1 Б, 2 А, 3 А.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Көне ескерткіштер, тарихи құжаттар мен археологиялық материалдарды зерттеу кезінде христиан дінінің таралғаны туралы айтылған. Мұғалім оқушылардың назарын осы мәліметтерге аударып, есте сақтау керектігін ескертеді.</p> <p><b>Зертте!</b> Сілтеме бойынша христиандықтың Қазақстанда таралу тарихын зерттеп, деректерді жинақтауды ұсынады.</p>	<p>Мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. Христиан ілімінің негіздері тақырыбы бойынша түсінігін айтады. Інжіл кітабы туралы білетіндерін ортаға салады. Протестанттықтың пайда болу себептерін атайды. Христиан дініне анықтама береді, шығу тарихымен танысады және дінің мәнін түсінеді. Шіркеудің шығуымен бірге діни қасиетті жазбалар мен қасиетті аңыздардың жасақталуы туралы түсінігі молаяды. Ұлы тұлғалардың пікірлерімен танысып, ой түйеді.</p> <p>Оқушылар топтарға бөлініп жұмыс жасайды, дәлелді мысалдармен өз пікірін білдіреді және қорытынды жасайды.</p> <p>Оқушылар тест сұрақтарын жылдам орындауға тырысады. Ойнай отырып, білімдерін толықтыра түседі.</p> <p>Оқушылар жаднаманы оқиды, білетіндері болса, қосып айтады және есте сақтайды.</p> <p>Оқушылар дереккөздерден ізденіс жұмыстарын жасайды, ақпаратты ұсынады.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;</li> <li>– христиан дініне анықтама береді;</li> <li>– христиан дінінің бағыттары талдайды.</li> <li>– протестанттықтың шығуына не түрткі болғанын түсінеді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өзіндік пікірмен дәлелдейді;</li> <li>– айғақтық мысалдар келтіріп, қарсы дәлел айтады;</li> <li>– қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал келтіреді</li> <li>– қорытынды жасайды.</li> </ul> <p>ҚБ: «Қолпаштау» әдісімен бағалау</p> <p>ҚБ: Смайликтермен бағалау</p>	<p>Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Мүсірепов Ғ., Құдайбердіұлы Ш. портреттері</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таныстырылым</p> <p>Борбасова Қ.М. Діндер тарихы</p> <p>Смайликтер</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың соңы 3 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Мұғалім оқушылардың бүгінгі сабақтан нені көкейіне тоқығанын, нені меңгергенін анықтау үшін сұрақтар арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.	Ауызша кері байланыс	
Рефлексия 2 мин	«Нені үйрендім?» Тақтаға үшбұрыш суретін іледі немесе интербелсенді тақтадан көрсетеді және осы мәліметтер туралы жазуларын ұсынады.	Оқушылар мына төмендегі мәліметтерді үшбұрыш бейнесіне толтырады: – Есте сақтау керек болған бір мәлімет: ... – Менің көбірек білгім келген екі мәселе: ... – Мен білген үш мәлімет: ... – Мен үйренген төрт мәлімет: ... Жазғандарын тақтадағы үшбұрышқа іледі		Рефлексияға арналған сурет немесе кескіндеме


## §32. Ислам. Дін ілімі негіздері. Ислам мәдениеті

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§32. Ислам. Дін ілімі негіздері. Ислам мәдениеті
Сабақтың мақсаты:	– ислам дінінің пайда болуы мен таралуы туралы түсінік алады; – ислам діни ілімімен, ислам мәдениетімен танысады.

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Шеңбер бойымен алғыс кристалын жүргізу» ойыны.	Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасады да, қасындағы сыныптасының көзіне қарап тұрып, оған өз алғысын білдіріп, кристалды (соған ұқсас зат т.б.) келесі оқушыға табыстайды.	Мейірімді сөздер арқылы кері байланыс: <i>Мен сені жақсы зат көремін, Мен сені құрметтеймін т.б.</i>	Кристал тәрізді зат

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p>	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Тапсырманы орындауда оқушыларды өз ойын дәлелді мысалдармен айтуына баулиды.</p> <p><b>Түйін сөздер</b> айдарындағы «ислам», «дін ілімі» ұғымдары тақырыпты ашатын негізгі сөздер болып табылады. Мұғалім сөздердің мағынасын қалай түсінетіндерін сұрайды.</p> <p><b>Оқу материалы</b> үшін «Ислам дінінің пайда болуы», «Ислам діні ілімінің негіздері», «Мұсылманның парыздары» «Исламның негізгі бағыттары» тақырыптарымен шағын мәтіндер берілген. Мұғалім мәтіндердің мазмұнын балалардың қалай түсінгендерін білу үшін мәтіннің мазмұндық желісі бойынша сұрақтарды балалардың назарына ұсынады.</p> <p><b>«Талда!»</b> айдарындағы сұрақтар бойынша талдауды «Парасатты диалог» әдісімен өткізеді. Оқушы мен мұғалім арасындағы диалог парасатты, рефлексивті, түсіністік білдіру мен тексеруге бағытталған, барлық оқушылар өз ойларын білдіре алатындай болуы тиіс.</p> <p><b>Оқы, қызық!</b> Бұл айдарда «Құран Кәрім» тақырыбымен берілген мәліметпен таныстырады.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз</b> бөлімінде берілген даналардың өсиеттерін оқып, ой түйіндейді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Ислам дінінің негіздеріне кластер толтырады. Тапсырманың мақсаты – сабақтағы ұғымдар мен түсініктер туралы ақпарат беріп, оларды өз беттерімен оқып, салыстырып, іздене отырып түсініп алуға жағдай жасайды.</p> <p><b>Ойлан!</b> Тест тапсырмаларын шешуді ұсынады. Ойын түрінде өткізуге болады. Дұрыс жауабы: 1 Б, 2 Б, 3 Б.</p>	<p>Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар өз пікірлерін жүйелі айтып, ойларын баяндап айта білуге үйренеді.</p> <p>Түйін сөздердің мағынасын талдап, <b>«Бұл маңызды»</b> айдарында берілген сөздердің мағынасын ажыратады.</p> <p>Негізгі мәтінмен жұмыс істейді. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Өмірмен байланыстыра әңгімелейді. Отбасында ислам дініне деген көзқарасы, ұстанымы туралы айтуы да мүмкін.</p> <p>Мұсылманның парызы туралы не білетіндерін ортаға салады. Түсініктері артып, білім-білік дағдылары дамиды.</p> <p>Қызықты мәліметтер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Исламға деген құрметі мен сенімі артады.</p> <p>Ұлағатты сөздерді оқып, ой түйіндейді. Рухани-адамгершілік құндылықтарды бойларына жинақтауға талпынады.</p> <p>Оқушылар ақпарат көздерінен мәлімет ізделіп, талқылау өткізеді. Дін туралы ғылыми тұрғыда білімдері толығады.</p> <p>Тест тапсырмаларын ауызша, тез орындайды. Ойнай отырып, оқушылардың когнитивті дағдылары дамиды, бойы мен ойы сергиді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– ислам діні туралы біледі.</li> </ul> <p>ҚБ «Қолпаштау» әдісі</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;</li> <li>– ислам діні мен ілімінің негіздері туралы түсінеді;</li> <li>– барлық оқушылар өз ойлары мен пікірлерін білдіре алады.</li> </ul> <p>ҚБ «Мадақтау сөз» әдісімен бағаланады. <i>Жарайсың!</i> <i>Жақсы! Өте жақсы!</i> <i>Тамаша! Талпын! т.б.</i></p> <p>Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шалалақтап» бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ментальді кестені жинақтайды;</li> <li>– «түртіп алу» кестесін толтырады;</li> <li>– өздігінен ізденіп, жұмыс істей алады.</li> </ul> <p>«Отшашу» әдісімен бағалау портреттері</p>	<p>Оқулық Ислам діні тараған мемлекеттердің картасы «Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.) Интербелсенді тақта Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман Әлемдік философиялық мұра. Жырыма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен ибн Сина фило-софиясы Мекке, Құран кітабының суреттері ибн Сина, әл-Фараби, әл-Бируни, Утби, Фирдоуси портреттері Ақ парак, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары.</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> Жалпы, жаңа дін неліктен пайда болуы мүмкін, ол үшін қандай алғышарттар керек екенін зерттеуге кеңес береді.	Оқушылар дереккөздеріне сүйеніп, ізденіс жұмыстарын жасайды.	Өзара кері байланыс	Баласағұн Ж. Құтты білік.
Сабақтың соңы 5 мин	<b>Білімді тексер!</b> Бүгінгі сабақта нені түсініп-түсінбегендерін білу мақсатында қысқаша сұрақтар беріп, жауап талап етеді. Түсініктері бойынша айтуларын өтінеді.	Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.	Ауызша мадақтау	
Рефлексия	«Сұрағы бар қорапша» тәсілі. Мұғалім балаларға алдын ала дайындалған қорапшаға бүгінгі сабақтан не түсінді, нені түсінбегендері туралы сұрақтарын қалдыруды өтінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақ туралы пікірлері мен сұрақтарын парақшаларға жазып, қорапшаға салады.		Қорапша, қима қағаздар

### §33. Қазақстан жеріндегі ислам. Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§33. Қазақстан жеріндегі ислам. Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі		
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар ислам дінінің қазақ жеріне таралуы туралы біледі;</li> <li>– исламның қазақ жеріне таралуының алғышарттары туралы түсініктерін жетілдіріледі;</li> <li>– қазақ даласындағы діни тұлғалардың тарихи орны мен ролі туралы білімдерін толықтырады;</li> <li>– Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі туралы түсінік алады.</li> </ul>		

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Алғыс» ойыны.	Оқушылар бір-біріне допты немесе жұмсақ ойыншық отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді.	Қолаштау	Доп немесе жұмсақ ойыншық

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p>	<p><b>Кел, ойланайық!</b> Мұғалім сабақты түрлендіру мақсатында «Миға шабуыл» т.б. тәсілдерді қолданады.</p> <p><b>Түйін сөздер.</b> Мұғалім «ислам діні», «діни ұйымдар», «Ясауи ілімі» ұғымдарын қалай түсінетіндерін сұрайды оқушылардың пікірлерін тыңдап, қорытынды жасайды.</p> <p>Мәтінмен жұмыс. «Исламның қазақ жеріне таралуы», «Қазақстандағы діни ұйымдардың қызметі» тақырыптарымен танымдық мәтіндер ұсынылған. Мәтінді оқытады және «Талда!» айдарындағы жетекші сұрақтармен талдау жұмысын жүргізеді. Исламның қазақ жеріне таралуының алғышарттары туралы және қазақ даласындағы діни тұлғалардың тарихи орны мен рөлі жөнінде ұғымдарын жетілдіреді.</p> <p>Мұғалім білім алушыларға дінді зайырлы таным аясында тануды, зайырлылық қағидатын мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауды ұғындырады. Әлемдік және дәстүрлі діндер, діни қозғалыстардың жай-күйі, теріс пиғылды ағымдар мен тыйым салынған ұйымдар туралы білімін қалыптастырады.</p> <p><b>Ойлан!</b> Тест тапсырмаларын шешуді ұсынады. Бұл кезеңді ойын түрінде, сергіту сәті тұрғысынан өткізуге болады. Дұрыс жауабы: 1 А, 2 Б, 3 Б.</p> <p><b>Жадында сақта!</b> Берілген жаднаманы оқуды ұсынып, есте сақтау керектігін ескертеді.</p> <p><b>Даналардан шыққан сөз</b> бөлімінде берілген пікірді оқып, ой түйіндеуді ескертеді.</p>	<p>Оқушылар өз ұғымдары мен түсініктерін түйіндейді. Ойлау, пайымдау қабілеттері қалыптасады. Өмірмен салыстыра отырып, өз тұжырымдарын да ортаға салады.</p> <p>Түйін сөздердің мағынасын талдап, «<b>Бұл маңызды</b>» айдарында берілген ақпаратпен танысады. Мағынасын ажыратады.</p> <p>Негізгі мәтінмен жұмыс істейді. Сұрақтарға жауап береді. Зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдау керектігін түсінеді және дінді зайырлы таным аясында тануға бейімделеді.</p> <p>Талдау барысында исламның қазақ жеріне таралу тарихын, Ағлах шайқасының маңызын, адамзат өркениетінің қалыптасуы жағдайындағы діни дәстүрлердің даму тарихын, діннің қоғамда және жеке тұлғаның ішкі ортасындағы сындарлы қатынастарды құрудағы маңызын түсінеді.</p> <p>Тест тапсырмаларын ауызша, тез-тез орындайды. Ойнай отырып, оқушылардың когнитивті дағдылары дамып, бойы мен ойы сергиді.</p> <p>Жаднаманы оқиды және діни салада болып жатқан оқиғаларға сәйкес қазақстандық заңнама және зайырлы адамның моральдық нормаларын түсінеді.</p> <p>Пікірді оқып, ой қорытындысын жасайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;</li> <li>– зайырлылық қағидаты мен мемлекет тұрақтылығы туралы түсінеді;</li> <li>– дінді зайырлы таным аясы мен ғылым ретінде тануға үйренеді.</li> </ul> <p>Ауызша бағалау</p>	<p>Оқулық Ағлах шайқасын бейнелейтін сурет Ж.Баласағұн, М.Қашқаридың портреттері Ғұламалардың кітаптары Интербелсенді тақта Таныстырылым Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық  Интербелсенді тақта Таныстырылым</p>



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<b>Жасап көр!</b> Мұғалім топтық жұмысты орындау үшін оқушыларды түрлі тәсілдермен екі топқа бөледі. Топтық жұмысты «Кейс-стади» әдісін қолдану арқылы білім алушыларға ақпаратты жүйелеуге және талдауға үйретеді, дискуссия, талқылау, өз пікірін дәлелдеу мүмкіндігін береді.	Әрбір топ берілген тақырып бойынша өз пікірлерін және өзіндік позициясын айтады, сұрақтарға жауаптар табады және мәселені шешудің нақты жолдарын табуға тырысады. Мәселені шешуде сұхбат, дискуссия, талдау жүргізеді, өз пікірін дәлелдейді.	<b>Дескриптор:</b> – «Диуани хикмет» еңбегінің тақырыпмен байланысын талқылайды; – жағдайды бағалаудың өзіндік позициясын айтады; – мәселені шешудің нақты жолдарын табады; – тақырып бойынша өз пікірлерін айтады. Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау	Ясауи К.А. Диуани Хикмет. Даналық кітабы. Жоғары сынып оқушыларына арналған
Бекіту 5 мин	<b>Зертте!</b> Қосымша ақпарат көздерінен Қожа Ахмет Ясауидің ілімі туралы ізденіп, кластерді толықтыруға жұмылдырады.	Оқушылар Қожа Ахмет Ясауидің ілімі туралы ізденіп, кластерді толықтырады.	«Бағдаршам» әдісімен бағалау	
Сабақ соңы 5 мин	<b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылау.	Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.	Ауызша малақтау	
Рефлексия	«Сықырлы айна»әдісі.	Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне қарап бүгінгі сабақ немесе көңіл күйлері туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап беруі тиіс. Орындарымен алмасып отырады.		Рефлексияға арналған материалдар.

### §34. Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлылық және дінтану негіздері		
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	§34. Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм		

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар теріс пиғылды діни ағымдарды біледі;</li> <li>– экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауды үйренеді;</li> <li>– еліміздегі және әлемдегі қазіргі діни ахуалды сараптай білуге мен тұжырым жасауға дағдыланады;</li> <li>– қоғамда, ұжымда, отбасында және жақын ортада діни сауатты болуды үйренеді.</li> </ul>
-------------------	---

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау». Оқушыларға өз көңіл күйлерін білдіретін сурет салуды ұсынады. Сабақтың аяғына дейін көңіл күйлерін көтерінкі деңгейге жеткізу тапсырылады. Табиғат құбылыстары арқылы да көңіл күйлерін көрсетуге болатынын ескертеді.	Оқушылар бір параққа өзінің көңіл күйін білдіретін сурет (не смайлик) салады: күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап т.б. Көңіл күйді табиғат құбылыстары арқылы да көрсетуге болады: жарқырап күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с. Суреттерін бір-біріне көрсетеді.	«Қолпаштау» тәсілімен бағалау	Компьютерден көңілді әуен Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық
Сабақтың ортасы 30 мин	<b>Кел, ойланайық!</b> Берілген сұрақтар бойынша мұғалім «Ойталқы» әдісін ұйымдастырады (проблемаларды табу, әр оқушының идея ұсынуы, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау). <b>Түйін сөздер.</b> «Діни ағым», «теріс пиғыл», «терроризм» ұғымдары туралы балалардың түсініктерін тыңдайды. Бұл сөздер сабақтың кілт сөздері болып табылады. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Теріс пиғылды діни ағымдар», «Терроризм ұғымы» тақырыптарымен танымдық мәтіндер берілген. Мәтіндердің мазмұнын «Блум таксономиясы» әдісімен жуан және жінішке сұрақтар арқылы талдатады.	Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, проблемаларды табады, идеясын ұсынады, сыныппен талқылайды, талдайды және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдайды. Ұғымдар туралы өз түсініктерін айтады. <b>«Бұл маңызды»</b> айдарында берілген анықтамалармен танысады. Оқушылар діни фанатизм, экстремизм және терроризм идеологиясын тануда тұлғааралық қарым-қатынас арқылы алынған ақпаратты қабылдайды, еліміздегі және әлемдегі қазіргі діни ахуалды сараптай біледі, діни мазмұндағы материалдарды өңдейді, тұжырым жасайды.	<b>Дескриптор:</b> – сұрақтарға жауап береді; – проблеманы саралайды; – дұрыс қорытынды жасайды. «Бағдаршам» әдісімен бағалау <b>Дескриптор:</b> – мәтіндердің мазмұнын түсінеді; – діни тұрғыда болып жатқан оқиғаларды саралайды; – діни адам және қоғам өміріндегі мәні мен маңызын түсінеді.	Оқулық  Интерактивті тақта  Терроризм, экстремизм тақырыбына байланысты қауіпсіздік ережелеріне жасалған бейне ролик

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Жіңішке сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Теріс пиғылды діни ағым деген не?</li> <li>2. «Терроризм» сөзінің мағынасы қандай?</li> <li>3. Қандай теріс діни ағымдарды білесің?</li> <li>4. Террористердің мақсаты не?</li> </ol> <p><b>Жуан сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Теріс пиғылды діни ағымдардың мақсаты туралы не білесің?</li> <li>2. Терроризм ұғымын қалай түсінесің, оның зияны қандай?</li> <li>3. Діни фанатизм, экстремизм және терроризм идеологиясы қандай қауіп туғызады?</li> <li>4. Зайырлы мемлекеттің рухани қауіпсіздігін нығайту үшін не істеу керек?</li> </ol> <p><b>Жадында сақта!</b> Мұғалім оқулықта берілген терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың іс-әрекеті мен ҚР заңнамалары туралы жаднама берілген. Мұғалім жаднаманы оқуды және есте сақтауды ескертеді.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Мұғалім оқушыларды үш топқа біріктіріп, берілген мәселелерді талқылап, шешім шығаруға жетелейді. Оқушыларды топтық жұмыс дағдыларын дамытатын бірлескен жұмысты ұйымдастыруға бағыттайды.</p> <p>«Даналардан шыққан сөз» бөлімінде берілген пікірлерді оқып, ой түйіндеуді ескертеді.</p>	<p>Жуан және жіңішке сұрақтардың мағынасын түсініп, жауап береді және өз тұжырымдарын айтады.</p> <p>Зайырлы мемлекеттің рухани қауіпсіздігін нығайту үшін жағ ағымнан аулақ болуға тәрбиеленеді және діни салада болып жатқан оқиғаларды саралайды.</p> <p>Зайырлық құндылықтарын, сенім мен діннің адам және қоғам өміріндегі мәні мен маңызын түсінеді.</p> <p>Оқушылар жаднаманы оқиды, есте сақтайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– теріс пиғылды діни ағымдарға тән белгілерді саралайды;</li> <li>– олардың мақсаттарын атайды;</li> <li>– олардың әрекеттерінің зардабын айтады.</li> </ul> <p>Түрлі түсті стикерлермен мадақтай отырып бағалау</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– топтық жұмысты бірлесе орындайды;</li> <li>– өз пікірлерін дәлелдейді;</li> <li>– терроризмге қарсы тұру жолдарын талқылайды.</li> <li>– бірін-бірі, өзін-өзі бағалайды.</li> </ul> <p>«Бағдаршам» әдісімен бағалау</p>	<p>Интербелсенді тақта Презентация Стикерлер</p> <p>Интербелсенді тақта Таныстырылым Бағдаршам түстері парақшалары</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416_">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416_</a></p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Интернеттен «ҚР терроризмге қарсы күрес туралы Заңын» жүктеп алып, қысқаша тезис жасауды ұсынады.</p>	<p>Берілген сілтеме арқылы дереккөздерден ҚР терроризмге қарсы күрес Заңын тауып, қысқаша тезис құрастырады.</p>		
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімінді тексер!</b> Сабақты қорытындылау. Сұрақтар арқылы бүгінгі сабақта не түсінгендерін жинақтап, қорытуға шақырады.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.</p>	<p>Ауызша мадақтау</p>	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Рефлексия	«Жетістік баспалдағы» әдісі. Оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын анықтауда жаңа мүмкіндіктер пайда болады.	Сабақ соңында оқушы бүгінгі сабақта өзін-өзі бағалайды. Балалар өздері қалаған баспалдаққа стикерді не кима қағазды орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді.		Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында)

### §35. Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет


### §36. Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты

Бөлім:	VI бөлім. Зайырлық және дінтану негіздері
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 9	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§35. Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет §36. Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар зайырлы мемлекеттің басты қағдасымен, унитарлық мемлекет бөліктерімен танысады;</li> <li>– Қазақстанның дінаралық келісін, Қазақстанның татулық аясындағы саясатын біледі;</li> <li>– зайырлы қоғамның негізгі құндылықтары мен даму тенденцияларын түсінеді, дін және оның тарихи процесітегі рөлі туралы ғылыми білімді жүйелеу қабілеттерін дамытады.</li> </ul>

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Пеихологиялық ахуал қалыптастыру. Сабақтың ұйымдастыру сәтінде балалардың көңіл күйін жақсарту мақсатында психологиялық ахуалды қалыптастыру жаттығуы орындалады. Интербелсенді тақтада түрлі бейнелер көрсетіледі.	Интербелсенді тақтада көрсетілген бейнелерді қайталап, оқушылар жағымды күйге енеді. Мысалы: оң қол, ашық алақан бейнесі – амандасу белгісі; күн шуағы – жан-жағына шуақ сыйлау; көңілді смайлик – жан-жағына күлімсіреп қарау; жүрекше суреті – бір-біріне мейірімді сөздер айту.	Жылы сөздермен қолпаштау: <i>Жарайсың!</i> <i>Тамаша!</i> <i>Керемет!</i>	Интербелсенді тақтадағы бейнелер Компьютерден көңілді әуен

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p>	<p><b>Кел, ойланайық!</b> (Жаңа сабаққа кіріспе) Мұғалім сабақты түрлендіру мақсатында «Миға шабуыл» т.б. тәсілдерді қолданады. <b>Түйін сөздер.</b> «Зайырлылық», «зайырлы мемлекет», «унитарлық мемлекет», «дінаралық келісім», «діни мейрамдар», «конфессия» ұғымдары туралы оқушылардың түсініктерін тыңдайды. «<b>Бұл маңызды</b>» айдарындағы анықтамаларға назар аудартады. <b>Мәтінмен жұмыс.</b> «Унитарлық мемлекет», «Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры», «Қазақстандағы дінаралық татулықтың түп негізі – өзара сыйластық» тақырыптарында танымдық мәтіндер берілген. Мәтіндерге шолу жасап, бөліп түсініп оқуларын өтінеді (жұптасып, бөліп оқытуға да болады). Білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға бағыттайды. Мұғалім қандай да бір діни бірлестікке кіруге немесе онда болуға мәжбүрлеуге жол бермеу жақтарын ескереді. <b>Талда!</b> Мәтінді талдауда мақсатты анықтайды, қатысушыларды өз идеяларын айтуға үндейді, идеялардың бірін-бірі қайталамай-тындай анық әрі дұрыс құрастырылуын, қайталанбауын қадағалайды, идеяларды жіктеліп, жинақтап топтастырады. <b>Жадында сақта!</b> Мұғалім жаднаманы ұсына отырып, оқушылардың діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық ұстанымы негізінде баға бере алатын дағды қалыптастыру көзделеді.</p>	<p>Сұрақтарға жауап беру арқылы өз пікірлерін жүйелі айтуға, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Зайырлы қоғамның негізгі құндылықтары мен даму тенденцияларын түсінеді. Оқушылар сөздердің мағынасын қалай түсінетінін өз сөздерімен айтып шығады және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамаларды оқиды. Оқушылар берілген мәтіндерді оқиды, өздігінен шолу жасауы да мүмкін. Білім алушылардың бойында азаматтық кемелдік пен жауапкершілік сезімі оянады және қоғамда әртүрлі теріс пиғылды ағымдарға қарсы иммунитетті қалыптастыру мен қазақ халқының тарихи дәстүрін қастерлей білу дағдылары дамиды. «Унитарлық мемлекет», «Зайырлылық – мемлекеттік жүйе» туралы білімдері толығады. Қазақстандағы дінаралық татулықты сақтауға төселеді. Мемлекет тарапынан білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қамтамасыз ету принципі жүзеге асырылады. Оқушылардың коммуникативті қарым-қатынас дағдылары, дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша диалогке қатысуы, өз позицияларын ұсыну дағдылары дамиды. Жаднаманы оқи отырып, оқушылардың бойында азаматтық кемелдік пен жауапкершілік сезімі оянады.</p>	<p>«Отшашу» әдісімен бағалау  «Мейірімді сөздер» тәсілімен бағалау  <b>Дескриптор:</b> – мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; – дінаралық түсіністіктің маңызын сезінеді; – өз идеяларын айта алады; – басқалардың идеяларын жетілдіреді; – жинақтап, қорытынды жасайды.</p> <p>Қолпаштау арқылы бағалайды</p>	<p>Кенжетасов Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық Унитарлық, федеративті мемлекеттердің карталары Интербелсенді тақта Таныстырылым Мұстафа Кемал Атаатүріктің портреті Түркияның картасы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» тұжырымдамасы.</p>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p><b>Даналардан шыққан сөз.</b> Даналардың сөзін оқу арқылы жинақталған, түйінді ой-пікірлерді оқушының ұғып алуына, күнделікті өмірінде үлгі-өнеге етуіне, іс жүзінде қолдануына бағыттайды.</p> <p><b>Жасап көр!</b> Жоба дайындауды ұсынады. Бұл білім алушылардың ізденіс кабинеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жоба арқылы әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігін түсіндіреді.</p>	<p>Даналардың нақыл сөздерін оқып, ой тұжырымдарын жасайды.</p> <p>Оқушылар әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігі туралы білімі артады.</p> <p>Оқушыларда топтық жұмыс дағдылары дамиды, бірлескен жұмысты ұйымдастыруға төселеді. Жаһандану үдерісіндегі діннің ролі туралы білімі көңейеді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясат идеясын біледі;</li> <li>– әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігін түсінеді;</li> <li>– дін туралы білімдері кеңейеді.</li> </ul> <p>«Бағдаршам» тәсілімен бағалау</p>	<p>www.akorda.kz Қазақстан Респубикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар Ақ парак, түрлі түсті маркерлер</p>
Бекіту 5 мин	<p><b>Зертте!</b> Зерттеу кезеңінде ақпаратты жинау, қойылған міндеттерді шешу алдыңғы қатарға шығады. Қолданылатын әдістер: сұхбат, сауалнама, бақылау, эксперимент, анықтама-лық әлебиеттермен жұмыс істеу және т.б. Зерттеу жұмысының бірін үй тапсырмасы ретінде ұсынуға болады.</p>	<p>Оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында өзіндік жұмыс істеу дағдылары дамиды. Зерттеу нәтижелерін жалпылау кезеңінде ақпаратты талдау, нәтижелердің құрылымын жасау сияқты жұмыстар іске асырылады.</p>	<p>«Отшашу» әдісімен бағалау</p>	<p>Ақ парак, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары</p>
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>Білімді тексер!</b> Сабақты қорытындылау. Сабақ бойы алған білімдері мен түсініктерін білу мақсатында сұрақтар қойып, жауап алады.</p>	<p>Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.</p>	<p>Ауызша мадақтау сөздері</p>	<p>Интербелсенді такта Презентация</p>
Рефлексия	<p>«Табыс ағашы» әдісі. Оқушыларға жапырақ бейнесіндегі түрлі түсті стикерлер не арнайы дайындалған қиындылар үлестіріледі. Әрбір жапырақтың өзіне тән түсі бар: жасыл – «барлығын дұрыс істедім», сары – «қиындықтар болды», қызыл – «қателер көп болды».</p>	<p>Әр оқушы өз ағашына сәйкес жапырақтармен безендіреді. Қалаулары бойынша жапырақтарға өздерін толғандырған мәселе мен қиындықтарын жазуларына да болады.</p>		<p>«Табыс ағашы» суреті және жапырақ бейнесіндегі стикерлер</p>

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
2022 жылғы 16 қыркүйектегі  
№399 бұйрығына 68-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныптарына арналған  
«Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**  
(Ескерту. 68-қосымша жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің  
21.11.2022 № 467 бұйрығымен)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Жаһандық құзыреттер» курсының оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
2. «Жаһандық құзыреттер» курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру.
4. Курстың міндеттері:
  - 1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;
  - 2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;
  - 3) білім алушыларда медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
  - 4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
  - 5) экологиялық мәдениетті дамыту;
  - 6) қоғам өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:  
9-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 35 сағат.

## 2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курстың оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген алты бөлімнен (юниттер) тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі (юнит) білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі (юнит) өзін ел азаматы ретінде сезінуге, өзінің Отанға қатыстылығын сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі (юнит) медиа кеңістіктің құралдарын талдауға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды, сондай-ақ қаржыны басқару және өзінің қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» юниті қауіпсіз мінез-құлық, саламатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі (юнит) өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» (9-сынып) бөлімі (юнит) зайырлы мемлекет, діннің қоғам өміріндегі орны, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың әсер ету қаупі туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған.

### Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыларда:

- 1) азаматтық ұстаным;
- 2) әлеуметтік жауапкершілік;
- 3) мінез-құлық мәдениеті;
- 4) басқаларға көмекке дайын және құрметпен қарайтын;
- 5) салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
- 6) сыни, креативті және шығармашылық ойлау дағдылары;
- 7) алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;
- 8) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5–11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсы әзірлеу. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022. – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Галиева З.Т. Формирование глобальной компетентности у учащихся высшей школы. Школа. Вуз. Наука: Материалы конференции аспирантов и студентов. – Бирск, 2002. – 61–63 стр.
8. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – Москва: ИИО РАО, 2010. – 140 с.
9. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Түркістан: А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 48–49-б.
10. Жұмабаев М. Педагогика, – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
11. Кобдикова Ж.У. «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» оқыту технологиясы – білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы: педагог кадрларға арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Альманах, 2021. – 183 б.
12. Көшімбетова С.А. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 232 б.
13. Көшімбетова С.А. Оқыту-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы: Білім, 2008. – 30 б.
14. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. I бөлім. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Мектеп, 2007. – 204 б.
15. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. II бөлім. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Мектеп, 2007. – 265 б.
16. Нүркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ. Өзін-өзі тану. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал. 9-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018. – 96 б.

### **Зайырлылық және дінтану негіздері бойынша**

1. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман. – Алматы, 2003.
2. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират-ул Қулуб). //Дайындаған – Кенжетай Д.Т. – Анкара, 2000.
3. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы, 2005.
4. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен ибн Сина философиясы. – Алматы, 2005.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.
6. Борбасова Қ.М. Діндер тарихы. – Алматы, 2014.
7. Кенжетаев Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық. Д.Т.Кенжетаев, Ә.Ә.Сайлыбаев, Ө.О.Тұяқбаев. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2023.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы. [https:// www.akorda.kz/](https://www.akorda.kz/)
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2007.
10. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар / Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал – Астана: МДХО, 2014.
11. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2005.
12. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993.
13. Ясауи Қ.А. Диуани Хикмет. Даналық кітабы. Жоғары сынып оқушыларына арналған. Астана: «Arman-PV baspasy», 2023.
14. Хизметли С. Дінтану. – Түркістан, 2000.

### **Электрондық ресурстар:**

1. <https://www.akorda.kz/>
2. [https://egov.kz/cms/kk/articles/religion/destructive-ideas\\_1](https://egov.kz/cms/kk/articles/religion/destructive-ideas_1)
3. <https://adilet.zan.kz>
4. [www.inform.kz/kaz/article/2518839](http://www.inform.kz/kaz/article/2518839)
5. <https://www.muftyat.kz>
6. <https://www.kaznu.kz>
7. <https://adebiportal.kz>
8. <https://amin.kz>
9. <https://www.gov.kz>

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР.....	6
КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР.....	8
I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП.....	10
§1. Еңбек мәдениеті.....	10
§2. Ел игілігіне еңбек ет.....	12
§3. Қарым-қатынас мәдениеті және этикет.....	14
§4–5. Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік.....	16
§6. Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?.....	19
II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ.....	21
§7. Өзгені өзіндей сыйла.....	21
§8. Әлеуметтік жауапкершілік.....	22
§9. Ертеңгі жастар қандай болмақ?.....	25
§10. Ынтымағы жарасқан ел.....	26
III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ.....	28
§11. Әлеуметтік желідегі блогерлер.....	28
§12. Кибербуллинг.....	30
§13. Белсенді және пассивті кірістер. Отбасылық бюджеттің түрлері.....	32
§14. Отбасы бюджетін жоспарлау. Жинақтарды қалай сақтауға болады?.....	34
§15. Қаржы пирамидасы.....	36
§16. Қаржылық байлық.....	39
IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ.....	41
§17–18. Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?.....	41
§19. Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?.....	43
§20. Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?.....	45
§21. Жаман әдеттердің алдын алу.....	47
V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ.....	48
§22. Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?.....	48
§23. Экологиялық тұрақтылық.....	50
§24. Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері.....	52
§25. Таза экологияға құқылымыз.....	55
VI БӨЛІМ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ.....	57
§26. Зайырлы мемлекет және дін.....	57
§27. Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері.....	59
§28. Діннің шығу тегі мен тарихи формалары.....	61
§29. Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер.....	64
§30. Буддизм. Дін ілімі негіздері.....	66
§31. Христиан діні. Дін ілімі негіздері.....	69
§32. Ислам. Дін ілімі негіздері. Ислам мәдениеті.....	71
§33. Қазақстан жеріндегі ислам. Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі.....	73
§34. Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм.....	75
§35. Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет.....	78
§36. Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты.....	78
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	83

Оқу-әдістемелік құрал

Бакытгуль Урынбасаровна Салыхова  
Жазира Жайлаубековна Акимбаева  
Рахиман Айтбаевна Абдраимова  
Мая Несипбековна Диханбаева

# ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып  
мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

Бас редакторы	А.Бекболатова
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бодарев
Арт-директоры	О.Подопригора
Көркемдеуші редакторы	Т.Давлетова
Бильд-редакторы	Ш.Есенкулова
Беттегендер	Н.Нержанова, Ж.Илахунова, Л.Костина, Г.Илишева

### Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

### «Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 25.10.23 берілді. Басуға 12.06.23 қол қойылды. Пішімі 60 x 90<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 11,0 . Таралымы 3000 дана.  
«Print House GERONA» типографиясында басылған.

Алматы қ., Сәтбаев көшесі 30А/3, Х.Ерғалиев жағалауы көшесінің қиылысы, 124-офис. Тел.: (727) 250 47 40.

Артикул 809-018-002к-24